

ТІГІН БҰЙЫМДАРЫН ҚҰРАСТЫРУ

ОҚУЛЫҚ

*«Білімді дамыту федералды институты»
федералдық мемлекеттік мекемесі орта кәсіптік
білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру
ұйымдарының оқу үдерісінде оқулық ретінде пайдалануға ұсынған*

*Рецензияның тіркеу номері 173
2009 ж. сәуір, ФММ «БДФИ»*

9-басылым, стереотипті



Мәскеу
«Академия» баспа орталығы
2015

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.

Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dgc.kz

Пікір беруші –

Мәскеу қ. №5 Жеңіл өнеркәсіп колледжінің оқытушысы И. Ф. Богатырева

Тігін бұйымдарын құрастыру : К60 орта кәсіптік білім студ.мекемелеріне арналған

оқулық К60 / [Э.К.Амирова, О.В.Сакулина, Б.С.Сакулин, А.Т.Труханова]. – 9-басылым,

стер. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2015. – 432 б.

ISBN 978-601-333-406-6 (каз)

ISBN978-5-4468-2501-1 (рус)

Оқулық Орта кәсіптік білімнің Федералды мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сай «Тігін бұйымдарын құрастыру, модельдеу және олардың технологиясы»;

КМ.02 «Тігін бұйымдарын құрастыру» мамандығы бойынша құрастырылды. Киім туралы, әйелдердің ерлердің және балалардың сымбаты, өлшемнің тұрпаттамасы және оны тігін саласында қолдану туралы мәліметтер келтірілген.

Белуардан келетін және йық бұйымдарының сызбаларының өлшемдері мен құрылымының қағидалары, ерлер, әйелдер және балалар киімдерін құрастырудың әдістері, стандарт және стандарт емес сымбаттардың сызбаларын құрастырудың ерекшеліктері қарастырылған.

Тігін бұйымдарын базалық құрастыру мен автоматты жобалау жүйесінің негізінде модельдерді жасаудың әдістері көрсетілген.

Шаблондарды даярлау, олардың саралануы, пішудің ерекшеліктері, шақтап көрудің реті және бұйымдарды тігу барысындағы ақауларды жою сұрақтары ашылған. Орта кәсіптік білім беретін ұйымдардың студенттеріне арналған.

ӘОЖ 687.1
КБЖ 37.24-2

© Авторлар алқасы, 2012

© Авторлар алқасы, 2014

© «Академия» білім беру-баспа орталығының өзгерістерімен, 2014

© Рәсімдеу. «Академия» баспа орталығы, 2014

ISBN 978-601-333-406-6 (каз)

ISBN 978-5-4468-2501-1 (рус)

Бұл оқулық «Тігін бұйымдарын құрастыру, модельдеу және олардың технологиясы» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік кешеннің бір бөлігі болып табылады.

Оқулық КМ.02 «Тігін бұйымдарын құрастыру» кәсіптік модулін оқуға арналған. Жаңа заманға жай оқу-әдістемелік кешендер жалпы білім беретін және жалпы кәсіптік пәндер мен кәсіптік модульдерді оқуды қамтамасыз ететін дәстүрлі және инновациялық оқу материалдарын қамтиды. Әр бөлік жұмыс берушінің талаптарына да сай жалпы және кәсіптік құзыреттерді меңгеруге қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын, оқу және бақылау құралдарын қамтиды.

Оқу басылымы электронды білім беру ресурстарымен толықтырылады. Электронды ресурстарда интерактивті жаттығулар мен тренажерлары бар теориялық және практикалық модульдер, мультимедиялық нысандар, Ғаламторлардағы қосымша мәліметтер мен ресурстарға сілтемелер бар. Оларға оқу үдерісінің негізгі өлшемдері (жұмыс уақыты, бақылау және практикалық тапсырмалардың нәтижесі) тіркелетін электронды журнал мен терминдер сөздігі кірген. Электронды ресурстар оқу үдерісіне жеңіл кірістіріледі және әртүрлі оқу бағдарламаларына бейімделеді.

КИІМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1.1

КИІМНІҢ ҚЫЗМЕТІ, ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ СҰРЫПТАМАСЫ

Күнделікті өмірде киім тамақ бұйымдары және баспана сияқты үлкен рөл атқарады. Ол ең қажетті заңдардың қатарында саналады, өйткені ол адамдарды ыстықтан, суықтан, атмосфералық жауын-шашындардан қорғайды.

Киім дегеніміз адамның денесін толықтай және ішінара жауып тұратын заттардың жиынтығы. Басты күләпарамен бүркейді, аяқ-қолды – комбинезонмен; дененің жоғарғы жағына пенжек, жакет, жейде; дененің төменгі жағына – шалбар киеді, белдемшемен орайды.

Басты жауып тұратын бас киімдер, саусақтарды қорғап тұратын қолғаптар және табанды қорғайтын аяқ киімдер киімге қосымша болып табылады және киімді қандай мақсатта қолданамыз, сондай мақсатта қолданылады. Киіммен бірге бұл заттар жиынтық, жарасымдылықты құрайды.

Киімнің қорғаныш функциясы оның жалғыз қызметі ғана емес. Киімнің тағы бір қызметі – *акпараттық*, киім бар жерде және бар уақытта адамның кәсіптік қызметі мен әлеуметтік жағдайын білдіретін ерекше белгінің рөлін атқарып келді. Сарай маңындағы әйелдің көйлегі қарапайым әйелдің көйлегінен өзгеше. Соттың мантиясы, офицердің мундирі, сол киімді киіп жүрген адамдардың кәсіптік қызметін білдіреді.

Киімнің үшінші функциясы — *эстетикалық*. Киім адамның материалдық мәдениетінің көрінісі болғандықтан, тарихи кезең, ұлттық ерекшелік және жеке шығармашылық өзгешеліктің белгілерін көрсетеді, сол себепті эстетикалық қабылдаудың пішімі болып табылады. Киім тұтыну заты ғана емес, ол – қолданбалы өнердің туындысы. Мұны әлемнің әртүрлі мұражайларында сақталған әртүрлі тарихи кезеңдерге жататын және әртүрлі халықтардың киім үлгілерінен көруге болады.

Киім бұйымдарының сыртқы түрлері сан алуан болады және әртүрлі аталады: іш көйлек, жейде, жакет, пенжек, көйлек, сарафан, халат, белдемше, шалбарлар, комбинезон, плащ, пәлте және т.б. Бұл заттардың әрбіреуінің әртүрлі модельдік ерекшеліктері бар және әртүрлі материалдардан жасалуы мүмкін. Атауы, сыртқы түрі, қолданылатын шикізаты бойынша ерекшеленетін киім заттарының түрлері өндіріс пен сауданың ыңғайлылығы үшін реттелуі керек.

Ол үшін киімдерді жіктейді. Қазіргі кезде киімдерді топтарға пайдалану мақсатына қарай жіктейді.

Өмір сүрудің бір кезеңінде адам бірнеше түрлі киім киеді. Олардың әрбіреуі белгілі бір жағдайларға арналған: үйге, жұмысқа, демалысқа спортпен айналысуға. Сол себепті барлық киімдерді тұрмыстық, өндірістік және спорттық киімдер деп бөледі.

Бұл киімдерің арасында **тұрмыстық киімдер тобы** кең таралған. Бұл киім киімнің үш қызметін бірдей атқарады: қорғаныс, акпарат және эстетикалық. Тұрмыстың киімнің қолданылатын жағдайларына байланысты үш түрі болады: күнделікті, сәнді және үйге арналған.

Өндірістік киім көбінесе қорғаныс мақсатында киіледі, себебі ол адамды сыртқы өндірістік ортаның зиянды әсерінен қорғауға арналған. Өндірістік киім арнайы киімге –

ағаш кесушілер, шахтерлер, өрт сөндірушілерге – және ведомстволық – әскери қызметкерлер, милиционерлерге арналған деп бөлінеді. Ведомстволық киімдер көбінесе ақпараттық қызмет атқарады.

Спорт киімдерінің тобы максималды спорттық нәтижеге жетуге және спортшыларды әртүрлі жарақат алудан қорғауға арналған, сол себепті қорғаныс қызметін атқарады. Спорт киімдері спорт түрлеріне байланысты бөлінеді: теннисшілер, футболшылар, көркем сырғанау шеберлеріне арналған және т.б. Спорттық киімдердің эстетикалық қызметі де бар, себебі спорттық жарыстар ойын-сауық шаралары болып табылады және есте қалатындай әдемі безендіруді талап етеді.

Қалыптасқан киімді өндіру мен сату тәжірибесіне қарай, әр топты кіші топтарға бөледі.

Тұрмыстық киімдер іш киім, көйлек немесе костюм және сырт киімге бөлінеді. Іш киімдер адамның жалаңаш денесіне киілетін киімдер: шолақ дамбал, ішкі киім. Пәлте және костюм – іш киімнің сыртынан киілетін киімдер. Мұнда пенжек, жакет, куртка, шалбар, белдемше, көйлек және жилетті жатқызуға болады. Костюм мен көйлектің сыртынан сырт киім киеді. Сырт киімге пәлте, қысқа пәлте, плащты жатқызамыз. Киімнің әр түрін әртүрлі талшықты құрамнан жасайды, сол себепті барлық киімді мақта-матадан, зығырдан, жүннен, жібектен, әртүрлі синтетикалық материалдардан жасалған бұйымдарға бөледі. Киімдердің мұндай топтарын материалы бойынша топтама деп атайды.

Киімді барлық мезгілде киеді, сондықтан оны мезгіл бойынша да топтайды: жаздық, қыстық, көктемдік-күздік, маусымдық және барлық мезгілдік. Жаздық киімге сарафан, шолақ шалбар, қыстыққа – қыстық пәлте, тон жатады. Жылы күртке - маусымаралық, ал пенжек – барлық мерзімде киілетін киімге жатады.

Әртүрлі жастағы және жыныстағы адамдардың киімі әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан киімді *жыныстық-жастық ерекшелігі бойынша жіктеу* киімді киюші, оны өндіруші және сатушылар үшін маңызды. Тұрмыстық және спорттық киімді ерлерге, әйелдерге және балаларға арналған деп бөледі. Өндірістік киімнің ерлерге және әйелдерге арналған түрлері ғана болады.

Сол сияқты киімді **ұзындығы мен өлшеміне байланысты топтау да** барлығы үшін маңызды. Әр адамның бүкіл өмірінің барысында бойы мен салмағының өлшемі өзгереді. Бір жыныстағы және бір жастағы арамдардың өлшемдері әртүрлі болуы мүмкін. Киімді ұзындығы мен өлшеміне байланысты топтау әр адамға қажетті киімді табу үшін керек.


Осылайша, киімнің жіктелуі киім заттарының тобын жалпы ұқсастықтары бойынша белгілейді. Бұйымдарды мұндай топтарға мақсаты, түрі, қолданылатын шикізаты немесе өлшемі бойынша бөлуді киімдердің түр жинағы деп атайды.

1.2.


КИІМНІҢ СЫРТҚЫ ТҮРІ, ОНЫҢ ПІШІМІ

Есте жоқ есте замандарда пайда болған киім адамзат дамуымен бірге өзгеріп отырды. Киім біресе адамның денесінің сымбатын кейде жұмсақ бүрмелермен жасырса, кейде денеге жабысып, оның ерекшеліктерін көрсетіп тұрды. Киім дененің сымбатын жиі өзгертіп тұрды: оны ұлғайтып, тарылтып, қысқартып көрсетіп.


Киімнің сыртқы түрі пішінімен және сұлбасымен ерекшеленеді.



1.1-сурет. Киімнің жұмсақ және үшкір түрлері




1.2-сурет. Үлкен және кіші көлемдегі киім



1.3-сурет. Тұлпар киім

Киімнің түрі жұмсақ, дөңгеленген немесе тік, бұрышты болуы мүмкін (1.1-сурет). Үлкен және кіші көлемде болады (1.2-сурет). Түрінің көлемі киімнің денеге жанасып тұруына байланысты. Үлкен көлемдегі киімдер денемен аз жанасады. Киімнің түрі кейде адамның дене бітімін көрсетіп тұрса, кейде жасырады. Түрінің ішінде денесі, жағасы мен жеңі сияқты элементтерді атап өтуге болады.


Денесі көкірекшеден және бел бөлігінде бөлінетін белдемшеден (шалбардан) тұруы мүмкін. Киімнің шекарасын көрсетіп тұратын сызықтарды *сұлбалы сызықтар* дейді. Бұған бұйымның иық, кеуде, бел, төменгі жақ, қырының сызықтарын жатқызуға болады. Сұлбалы сызықтар киімнің сұлбасын құрайды.



Сурет 1.4.


Сұлба дегеніміз киімнің көлемді түрінің стильдік жазықтық бейнесі. Тәжірибеде сұлбаның төрт түрі бар: тік, жартылай жанасатын, жанасатын және трапециялық. Тік сұлба (1.3-сурет) иық, кеуде, бел, жамбас және төменгі жақтағы сызықтардағы бұйымның бірдей енімен сипатталады. Мұндай сұлбадағы киім үшбұрышқа келеді. Жартылай жанасып тұратын сұлбаның (1.3-сурет б) кеуде сызығындағы көлемі үлкен емес, ал сәл ғана жанасуда (1.3-сурет в) бел мен жамбастың сызығы бойынша. Трапеция түріндегі сұлбада (1.3-сурет г) киімнің жоғары жағында көлем аз болады.

Киімнің жоғары жағы оның ұзындығының өзгеруіне байланысты біршама өзгереді. Ұзын, аяқты түгелдей жауып тұратын көйлек денені сымбатты қылып көрсетеді. Ал киім қысқа, аяқты ашып тұрса, бұйым түрінің ұзындығы мен көлемінің үйлесімді сәйкестігін табу керек болады. Өкшенің ұзындығына байланысты бұйымның ұзындығының аз ғана өзгеруінің өзі киім туралы пікірді өзгертеді. Бұйымдар ұзын, қысқа және орта ұзындықта болуы мүмкін. Орта ұзындық дегеніміз тізеден келетін ұзындық.



1.5-сурет. Тік бөліктерге бөлінген киім пішімдері:

а — ойық сызықтарынан рельефпен; б — иық сызықтарынан рельефпен; в — арқаның орта тұсындағы тігіспен



1.6-сурет. Көлденең бөліктерге бөлінген киім пішімдері:

а — жамбас сызығы бойынша кесілген; б — иінмен; в — бел сызығы бойынша кесілген



Киімнің үсті жеке бөлшектерге құрылымдық сызықтармен бөлініп тұрады. Көпжылдық тәжірибе көрсеткендей, киімнің үстінің ең қолайлы түрі келесі негізгі тетіктер: арқасы, сөресі (алды), қолы, жағасы, белдемшенің алдыңғы және артқы жақтары, шалбардың алдыңғы және артқы жақтары. Киімнің бұл бөліктері көбінесе өзгеріссіз қалады, себебі бұл бөліктер адам денесінің құрылымына сәйкес келеді.

Адамның симметриялық сымбатына арналған киімдер екі симметриялық бөліктен тұрады. Киімдегі негізгі бөлшектер бір бірімен *тігістер* арқылы байланысады, сол себепті құрылымдық сызықтар көбінесе киімнің тігісімен сәйкес келеді. Киімнің үстіндегі құрылымдық сызықтардың орналасуы негізгі бөлшектердің конфигурациясына және киімнің *пішіміне* әсер етеді. Сызықтың түріне байланысты киімнің келесідей пішімдері болады: қондырылып тігілген жең, реглан жең, тұтас пішілген жең.

Қондырылып тігілген жеңде - (1.4, а сурет) кеудеше ойысындағы қондырылып тігілген жең өзінің кескініне байланысты қолмен және кеудемен біріктірілген жеріне сәйкес келеді.

Жең ойыспен жабық үзік сызық бойынша біріктіріледі. Көкірекшенің алдын ала бөліктері – алды мен арқасы – бір-бірімен біріктірілуі керек.

Реглан пішімі (1.4-сурет, б) – жеңнің қондырылып қойылу сызығы арқаның басталатын тұсынан алдыңғы жақтың басталатын тұсына дейін. Бұйымның иық тұсы жеңмен бірігіп кетеді.

Тұтас пішімді жеңі бар бұйымда (1.4, в-сурет) қолдың қондырылып қою сызығы болмайды. Алдыңғы және артқы жаққа жеңнің қондырылып қою сызығының әртүрлі болуы құрастырылған пішімнің әртүрлі варианттарын береді. Арқаның тұтас пішімді жеңінде алдыңғы жақ жеңнің алдыңғы жағының қондырылған сызығы реглан жең болуы мүмкін. (1.4, г-сурет).

Арқа мен алдыңғы жақтың тік бөліктерге бөлінген құрастырылған сызықтары қырлы тігістері, рельефті тігістері және арқаның орта тігісі бар пішімді алуға мүмкіндік береді (1.5-сурет).

Иінмен тігілген пішімдерді арқа мен алдыңғы жақтың *көлденең құрастырылуы* арқылы алуға болады (1.6-сурет). Тік және көлденең сызықтардың бірігуі бұйымның құрастырылған пішімін алуға мүмкіндік береді (1,7-сурет).

1.3. КИІМНІҢ САПАСЫ

1.3.1. Негізгі ұғымдар

Киім тұтыну заты болып табылады. Яғни, барлық заттар сияқты оның өзіндік ерекшелігі болады. Ол ерекшелік киімді тігу және пайдалану кезінде көрінеді.

Киімнің ерекшеліктері әртүрлі, мысалы гигиеналық, эстетикалық. Айталық, су өткізбеушілік оның гигиеналық ерекшелігін көрсетеді, ал оның түрінің келісті болуы эстетикалық ерекшелікке жатады.

Кейбір көрсеткіштерді өлшеуге болса (ұзындығы, кеңдігі), кейбір көрсеткіштерді сәнді - сәнді емес, ыңғайлы – ыңғайлы емес деген сияқты көрсеткіштермен бағалауға болады.

Егер оның көрсеткіштері адамдарды қанағаттандырса, ондай киім сұранысқа ие болады. Тұтынушыларды қанағаттандыратын заттың ерекшеліктерінің жиынтығы *сапа* деп аталады, оның көрсеткіштерін *сапаның көрсеткіштері* деп атайды.

Біз киімнің сапасы туралы айтқанда, оның модада ма екендігіне, матаның модельге сәйкес келу-келмеуіне, ыңғайлылығына, жарасымдылығына қараймыз. Бұл жерде бағаны да ұмытпаймыз. Нәтижесінде, барлық балалауларды қоса отырып, бұйымның кешенді бағалауын аламыз.

Киімнің әртүрлі мақсатына байланысты оның сапа көрсеткіштері де өзгеріп отырады. Бұл киімнің неге арналғандығына байланысты. Мысалы, қыстық пәлтені бағалағанда, оның жылылығына, ал шомылу киімін қарағанда оның матасының созылмалылығына пән береміз. Сонымен, «*киімнің сапасы*» - киімді пайдалану мақсатына сәйкес тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын сипаттардың жиынтығы.

Сапа көрсеткіштері бұйымның қолданылуына байланысты, сондықтан бұйымның сапасын бағалаудың алдында сапа көрсеткіштерінің тізімін таңдап, бұйымның сапасын бағалаудағы назар аударатын шамаларын белгілеп алу керек.

1.3.2. Киімнің сапасының көрсеткіштері

Киім тұтыну заты және өндірілетін өнім болып табылады, сондықтан киімнің сапасы тұтынушылар мен өндірушілер белгілейтін ерекшеліктер тобының жиынтығынан тұрады. Тұтынушылық ерекшеліктер сапаның тұтынушылық көрсеткіштерімен, өндірістік – технико-экономикалық көрсеткіштермен сипатталады.

Бұйымның сапасы – оның өңдеу тұрғысынан алғандағы жақсы жасалуы ғана емес, модаға сай болуы, қазіргі заманғы материалдардан жасалуы, жетілдірілген құрылымы және әдемі орамы. Тігін бұйымының жоғары сапасы оның жобасы және жасалуымен анықталады, сондықтан тігін саласында бұйымның сапасын жобалау кезінде анықтап, өндірілген бұйымның сапасын бағалайды.

Жобалау кезіндегі бұйымның сапасын бақылау үшін кадамдық іс-әрекет әдісі жасалған. Ол мынаған негізделген : бұйымның сапасы – бұйымның жеке ерекшеліктеріне байланысты жалпылама сипат. Әр сипат бірнеше параметрлермен өлшенеді. Жеке сипаттардың әртүрлі маңызы болады. Осыдан келіп төмендегі әрекеттер туындайды:

- олардың маңыздылығының тәртібі бойынша бұйымның ерекшелігі мен сапа көрсеткіштері сипатының тізімін жасау;
- әр көрсеткіштің маңыздылығының сандық мәнін қою;
- сапаның барлық көрсеткіштерін жинақтау арқылы сапаның кешенді бағасын алу.

Тігін саласында сапа көрсеткіштерінің тізімі жасалған. Себебі, киімнің сапасы — тұтынушыны және өндірушіні қанағаттандыратын бұйымның сипаттарының жиынтығы, сондықтан ол ерекшеліктерді тұтынушылық, өндірістік және экономикалық деп бөледі.

Киімнің тұтынушылық сипаттары:

■ э с т е т и к а л ы қ :

композицияның тұтастығы және оның модадағы бағытқа сәйкес келуі;
модельдің функционалдылығы, яғни модельдің міндеті мен тұтынушының келбетіне сәйкес келуі;
модельдің «тауарлық түрі», орамның безендірілуі және таңбаламасы.

■ құрылымдық - э р г о н о м и к а л ы қ :

бұйымның құрылымының типтік пішіннің өлшеміне сәйкес келуі (баланс, бұйымды тігу);
бұйымның қозғалыстағы ыңғайлылығы (қолды екі жаққа, алдыға, артқа жайландағы, жүрісте, отырғанда).

Киімнің өнеркәсіптік сипаттары:

■ к о н с т р у к т о р с к о - п р о м ы ш л е н н ы е :

бұйымның негізгі бөліктері мен құрылымның түйіндерінің негізгі бөлшектерінің қарапайымдылығы мен рационалдылығы;
қосылудың прогрессивті материалдары мен әдістерін қолдану;

■ т е х н о л о г и я л ы қ :

өңдеу мен әрлеудің деңгейі;
даярлаудың өнеркәсіптік әдістерін пайдалану.

Киімнің экономикалық сипаттары:

моделді жасауға кететін шығындар;
негізгі және қосалқы материалдардың бағасы;
өңдеудің бағасы.

Көрсеткіштердің әрбіреуіне оның маңыздылығына байланысты балл береді. Сапаның кешенді бағасын алу үшін осы балдарды қосады. Сапа көрсеткіштерінің тізімі және маңыздылығы өзгеруі мүмкін. Осы әдістеме бойынша өнеркәсіпте жаңа модельдерді шығарар алдында барлық үлгі-нұсқаларды бағалайды.

Өндірілген бұйымның сапасын бағалау үшін өнімді үлгі нұсқамен салыстыру әдісі пайдаланылады. Дегенмен, тігін бұйымының дайындалу сапасы ретінде оның үлгі нұсқаға жақындығы сипатталады. Бұл жақындықты дәлдікпен бағалайды, ал ауытқушылықтың көлемін шек деп атайды. Шек неғұрлым үлкен болса, оның дәлдікке деген талабы төмен болады, бұйымды даярлау арзанға түседі. Бірақ оның сапасы төмендейді немесе керісінше.

Дайын тігін бұйымдарына арналған және әртүрлі операцияларға арналған операцияаралық шек болады.

Даяр тігін бұйымында көзге білінбейтін дәлсіздік қана ұйғарылады. Ең жоғары дәлдік талап сызықтардың орындалуына қойылады.

Өнімде сызықтардың бұрмалануынан басқа тігін бұйымының сапасына әсер ететін басқа да кемшіліктер болады. Бұл - тігудегі сырудың немесе жіптің әркелкілігі, тігістегі матаның созылуы.

Тігін бұйымының сапасын келесі көрсеткіштер арқылы бағалайды:

- бөліктер, сызықтар және жалпы бұйымның көшірмесінің дәлдігі;
- бөліктер, сызықтар және түйіншектердің орналасуының және олардың өзара орнының дәлдігі;
- бұйымның адамның (манекеннің) денесінде орналасуының дәлдігі немесе тігудің

сапасы;

- бөліктер, сызықтар және тұтас бұйымның сызықтық өлшемдерінің көшірмесінің дәлдігі.

Киім сапасын бағалаудың нұсқалары – бұйымның сыртқы түрі, оның денеге жарасуы және өңдеудің сапасы.

Үлгі нұсқа мен бұйымның сыртқы түрін салыстыру және сәйкестіктің орнауы. Солай бола тұра, нормативті құжаттамалар мен өлшеу құралдары қолданылады. Материалдар мен фурнитураларды дұрыс таңдауды да атап өтеді. Дұрыстықты бұйымды манекенге кигізіп тексереді. Өңдеудің сапасын көзбен және өлшеу бірліктерін пайдалану арқылы тексереді. Табылған ауытқулар нормативтік құжаттарда көрсетілген шектен аспау керек.

Бұйымның сапасына деген талаптар өзгеріп тұрады. Олар қоғамның әл-ауқатының өсуі және өндірістегі техникалық прогресске де байланысты, сондықтан сапа мәселесін түбегейлі шешу мүмкін емес. Осыдан келіп өнім сапасын үнемі жақсартып тұруға деген ұмтылыс туындайды. Сапа, әдетте, бұйымның жеке сипаттарының есебінен артады. Солай бола тұра, сипаттардың барлық сомаларының пропорциялық үйлесімі бұзылмау керек.

Тігін өнімінің жоғары сапасына қол жеткізу үшін үнемі нарықтағы тұтынушылардың талаптарын зерттеп, тігін саласындағы техникалық және ғылыми жетістіктермен танысып отыру керек.

Құрастырудың барлық үдерісін орындалатын жұмыстың реті деп ойлауға болады:

- бастапқы мәліметтерді жинау (өлшемдерді алу немесе адамның денесін өлшеу, үстемелерді таңдау;
- бастапқы мәліметтер негізінде құрылым негізінің сызбасын құрастыру;
- бөлшектердің сызба үлгісін жасау – қатты қағаз бен картоннан шаблон жасау;
- материалдың сызба үлгі бойынша тігілуі, бөлшектерді жинау және оны адамның денесіне шақтап көру;
- шақтап көрудің нәтижесінде сызбанұсқаларды нақтылау;
- құрылымның негізінің нақтыланған сызбасы базасында әртүрлі модельдегі бөлшектердің сызбасын жасау.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Киім дегеніміз не? Киімнің қандай керек-жарақтарын білесіздер?
2. Киімнің топтарын атаңыз. Бұл топтардағы киімдердің қызметі қандай?
3. Тұрмыстық киімді қандай топтарға бөледі?
4. Киімдердің жіктелуінің қандай түрлерін білесіз?
5. Киімнің сұлбасы дегеніміз не? Қандай сұлбаларды білесіз? Олардың ерекшеліктері қандай?
6. Қандай сызықтарды құрастырушы деп атайды? Құрастырғыш сызықтар киімді қандай бөліктерге бөледі?
7. Киімді тігу дегеніміз не? Ол немен сипатталады? Қандай тігу түрлерін білесіз?
8. «Бұйымның сипаты» дегеніміз не?
9. Киімнің сапасы дегеніміз не? Киім сапасының көрсеткіштері — олар ...
10. Тігін бұйымдарының сапасын сипаттайтын қандай екі топ бар?

11. Жобалау кезіндегі тігін бұйымының сапасын қалай бағалайды? Оларды атаңыз.
12. Даяр тігін бұйымының сапасын қалай бағалайды? Сапа көрсеткіштерін атаңыз

АДАМ ДЕНЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1. АДАМ ДЕНЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Киім адамның денесін толықтай және жартылай жауып тұрады. Ол адамның тұруы, жүруі және қозғалуы үшін ыңғайлы болу керек. Ол үшін киім адамның сымбаты мен сыртқы өлшемдеріне сәйкес келуі керек. Сол үшін адам денесінің құрылысым білу керек.


Адам денесінің негізін сүйек қаңқасы құрайды (2.1-сурет), ондағы жекелеген сүйектер бір-бірімен буын және шеміршектермен бекітіледі. Бастың сүйегі – бассүйек - омыртқамен байланысқан. Омыртқаға кеуде қуысы мен жамбас сүйегі бекітілген. Кеуде қуысының жоғары жақтарына иық белдеуі бекітілген: алдыңғы жағында – бұғана, артқы жағында – жауырын, олар жоғары жақтың сүйектерін ұстап тұрады. Жамбас сүйекке төменгі жақтың сүйектері бекітілген.

Сүйектерге бұлшық еттер бекітілген. Оның сыртында тері бар. Тері мен бұлшық еттің арасында май қабаты бар.

Сүйектердің өлшемі, бұлшық еттердің даму деңгейі адам денесінің формасы мен өлшемдеріне әсер етеді. Оларға әсер ететін белгілер: негізгі өлшемдік белгілер, дененің пропорциясы, дененің құрылысы, мүсін.

Негізгі өлшемдік белгілер - дененің ұзындығы, немесе адамның бойы, кеуде айналымы. Бұлар сантиметрмен өлшенеді.

Ұзындық сүйек қаңқасына байланысты. Адам өмірінде оның бойының ұзындығы өзгереді:



2.1.-сурет. Адамның сүйек жүйесі:

а — бассүйек; б — омыртқа; в — бұғана; г — жауырын;
д — жоғарғы бөлік; е — кеуде қуысы; ж — жамбас; з — төменгі бөлік

2.2-сурет. Ересектердің пропорцияларының түрлері:

a — долихоморфты; *б* — брахиморфты; *в* — мезоморфты



18 — 20 жасқа дейін адамның бойы максималды түрде өседі; 45 жасқа дейін тұрақты өсу байқалады; 45-тен кейін кішірейеді.

Кеуденің ы кеуде қуысының өлшеміне байланысты. Ол 20-26 жасқа дейін өседі. 40 жасқа дейін салыстырмалы түрде тұрақты болса, 40-тан кейін май қабатының артуына байланысты үлкеюі байқалады.

Дененің пропорциясы — адамның әртүрлі дене бөліктерінің арақатынасы; бастың және дененің жалпы ұзындығының, кеуде мен аяқ-қолдардың ұзындығы; мықын мен иықтың ені. Дененің пропорциясы бассүйек, омыртқа және аяқ-қолдардың өлшемдеріне байланысты. Оған бұлшық ет пен дененің май қабаты да әсер етеді.

Әртүрлі жыныстағы және жастағы адамдардың денесінің пропорциясы қатты ерекшеленеді. Әдетте, балалардың бастары үлкен болады; ол жалпы ұзындықтың $\frac{1}{4}$ бөлігін алып жатады. Үлкендерде бұл - $\frac{1}{7}$ — $\frac{1}{8}$. Баланың басының айналысы кеудесінің айналысына тең. Ал ол үлкендерде екі есе кем.

Ересек ер адамдар мен әйелдердің арасында денесі қысқа және аяқ-қолдары үлкен адамдар (пропорцияның долихоморфті түрі, 2.2 сурет, *a*) және денесі ұзын және аяқ-қолдары қысқа адамдар (пропорцияның брахиморфті түрі, 2.2-сурет, *в*); және орташа түрдегі адамдар (пропорцияның мезоморфты түрі) болады.



2.3-сурет. Ер адамдардың дене тұрқының түрлері :

a — кеуде; *б* — бұлшық ет; *в* — құрсақ

(2.2-сурет, б). Әйелдер денесінің пропорциясы ерлердікінен мықынының үлкен, иығының кіші болуымен ерекшеленеді.

Дене бітімі — адамның дене сымбатының жекеше ерекшелігі, ол бұлшық етінің дамуы мен май қабатына байланысты. Бұлшық еттің әлсіз, орташа, күшті дамуы мүмкін. Май басудың әлсіз, орташа, көп түру болады. Осыған байланысты әртүрлі дене бітімі қалыптасады. Еркектердің дене бітімінің түрлері: кеуделік түр — бұлшық еті мен май қабаты әлсіз (2.3 сурет, а); бұлшық етті түр — бұлшық еті орташа және күшті, ал май қабаты орташа (2.3-сурет, б); құрсақты түрі — бұлшық еті орташа және әлсіз, ал май қабаты көп (2.3-сурет, в).

Әйелдердің дене бітімі еркектерден өзгеше. Оларда бұлшық ет аз дамыған, ал май біркелкі бөлінбеген. Әйелдердің дене бітімі денесіндегі май басу біркелкі және біркелкі емес деп бөлінеді (2,4 сурет,а). Денесін біркелкі май басудың түрлері: жоғары жағында (белге дейін) көп болса, онда - жоғарғы түр (2.4-сурет, б) немесе төменгі жағында көп болса – төменгі түр (2.4-сурет, в). Денесі мен аяқ қолдарын көп май басқан әйелдердің түрлері де болады: май басу белгілі бір дене бөліктерінде ғана болуы да мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағы қыздар мен ұлдардың дене бітімінде онша өзгешеліктер болмайды. Оларға шығыңқы іш тән, белдері білінбейді. Олардың дене бітімі 7 жастан бастап ерекшелене бастайды. Іштің шығыңқылығы жойылып, белбері білінеді, денелері үйлесімді бола бастайды. Жасөспірімдердің дене бітімі қарқынды қалыптаса бастаса, қыздарда омырау пайда болады, мықындары байқалады, бозбалаларда иық белдеуі дамиды.

Дене бітімі ағзаның биохимиялық ерекшелігіне, еңбек іс-әрекетіне, өмір салтына, жас ерекшелігіне байланысты.


Дене мүсіні дегеніміз табиғи тік жағдайдағы адам денесінің кескіндемесі. Ол мойын және бел тұсында әртүрлі иілмелермен, денеге қатысты қолдың орны және иығының ұзындығымен ерекшеленеді. Дене мүсіні омыртқаның пішініне байланысты. Дене мүсініне бұлшық еттің дамуы мен май басу да әсер етеді. Ересектерде қалыпты, еңкіш және иілгіш дене бітімі болады.


Қалыпты дене бітімі (2.5-сурет, а) омыртқаның жауырын және бел тұсында біркелкі бүгілуімен ерекшеленеді.

Еңкіш дене бітімінде (2.5-сурет, б) бас, иық, аяқтар алдыға

2.4-сурет. Әйелдердің дене бітімінің түрлері:

а — май басу біркелкі; б, в — май басу біркелкі және біркелкі емес





2.5-сурет. Дене бітімінің түрлері:
а — қалыпты; б — еңкіш; в — шығыңқы

қарай еңкіштеніп, жауырын тұсы шығыңқы болып, бел тұсында сәл ғана иіліп тұрады. *Тұзу дене бітімі* (2.5-сурет, в) — басы артқа қарай қайырылған, иықтары арт жаққа қарай қойылған, арқасы тік, бел жағында омыртқа көбірек бүгілген дене бітімі.

Ер адамдардың дене бітімінің ерекшелігі — жауырындағы бөкседен гөрі шығыңқы. Ал әйелдерде керісінше, бөксе жауырыннан гөрі шығыңқы.

6 жасқа дейінгі балалардың дене бітімі «қоразданған» болып келеді — іш шығыңқы, арқа арт жаққа қарай қойылған, бел жағы көбірек бүгілген. Ал 7 жеті жастан кейін іштің шығыңқылығы мен арқаның ауытқуы жоғалады. Адамның дене бітімі өмір бойы өзгеріп отырады.

2.2. АДАМ ДЕНЕСІНІҢ ӨЛШЕМДЕРІ


Киімнің құрылысын кез келген есептеу тәсілі арқылы құру үшін алдымен бастапқы мәліметтер керек. Бастапқы мәліметтердің ең бастысы және біріншісі *адамның денесін өлшеу* (антропометрия). Бұл өлшемдер адам денесін формасы және мөлшері жағынан сипаттайды.

Барлық өлшемдерді денедегі белгілі бір нүктелердің аралығы немесе жұмсақ маталар мен тері қабаттары арқылы жүргізеді. Бұларды антропометрикалық нүктелер деп атайды.

Негізгі антропометрикалық нүктелер мысалар (2.6-сурет):

төбе (а нүктесі) — көз және көз ұялық ендік жағдайында бастың қойылуының ең жоғары нүктесі.

мойын (б) — жетінші мойын омыртқасының қылқанды өскінінің ең жоғары нүктесі.



2.6-сурет. Негізгі антропометриялық нүктелер

мойынның негіз нүктесі (в) — иық иілісін дәл ортаға бөлетін мойын сызығының тік жазықтықпен қиылысатын нүктесі;

бұғана (г) — бұғананың кеуде аяғына дейінгі ең жоғары нүктесі;

жоғарғы кеуде (д) — кеуденің тереңдетілген мойындырық нүктесі;

орта кеуде – кеуденің орта сызығының төртінші қабырғаның шеміршегінің жоғарғы шетінің жалғастырылған деңгейіндегі нүкте;

иықтық топшы (ж) — жауырынның топшы өскінінің қыры жағына көп шығып тұрған нүкте;

иық (з) — иық иілісін дәл ортаға бөлетін жауырынның топшылық өскінінің сртқы жоғарғы шетінің тік жазықтықпен қиылысатын нүктесі;

білек сүйегі (и) — білек сүйегінің басының сырт жағындағы жоғары нүктесі;

емізік (к) — ерлер мен ер балалардағы емізік ортасы, әйелдер мен қыздардағы алдыға қарай шығып тұратын омырау безінің нүктесі;

алдыңғы қылқан – жамбас сүйектің жалпақ беті (л) — алдыңғы қылқан – жамбас сүйектің жалпақ бетінің алдыға шығып тұратын нүктесі;


тізе (м) — тізе қақпағының орталығы;

қотық ойысының алдыңғы бұрышы (н) — қолды төмен түсірген кезде қолтық ойысының алдыңғы шетінде пайда болатын бұрыштың (доғаның) төбесі.

қотық ойысының артқы бұрышы (о) — қолды төмен түсірген кезде қолтық ойысының артқы шетінде пайда болатын бұрыштың (доғаның) төбесі.

бөксе (п) — бөксеңіз алдыға көбірек шығып тұратын нүктесі ;

бел сызығы биіктігінің нүктесі (р) — төменгі қабырға мен жамбас сүйектің жалпақ басы арасындағы дененің қырының шығыңқы нүктесі.



2.7-сурет. Мартин жүйесінің металдан жасалған антропометрі (а), қосымша қондырмасы бар (б)

Адамның денесі мен дене мүшелерінің өлшемдерін алудың үш тәсілі бар:

1-тәсіл – көлденең және тік жазықтықтағы екі кез келген нүктенің арасындағы проекцияны өлшейді;

2-тәсіл - екі нүктенің арасындағы ең қысқа аралықты өлшейді;

3-тәсіл – дененің бетінде өлшейді.


Нақтылы және салыстыруға болатын өлшемдерді алу үшін мына әдістемелерді пайдаланады:

а) өлшенетін адам қатаң белгіленген қалыпта, еркін дем алып, тік тұрады; басты ұстау ерекшелігі – көз шарасының төменгі шеті мен есту жолының жоғарғы шетінің ортасы бір көлденең жазықтықта жатады; қолдар дененің бойымен түсірілген; аяқтар тік, өкше бірге, аяқтың басы алшақ.


б) аяқ киімсіз өлшенетін еркектер мен балалар шолақ дамбалмен, әйелдер шолақ дамбал және көкірекшемен тұрады;

в) өлшемдер 1 мм дәлдікке дейін болу керек.

Антропометрияда әртүрлі құралдар қолданылады. Мартин жүйесінің портативті металдан жасалған антропометрі (2.7 а), қосымша қондырмасы бар (2,7 б) және сызықтық өлшемдерге арналған үлкен жуан циркуль (2.8-сурет)



2.8-сурет. Үлкен жуан циркуль



2.9-сурет. Сантиметрлік лента

доғалық өлшемдерге арналған сантиметрлік таспа (2.9-сурет), дене бітімін сипаттайтын белгілерді өлшеуге арналған арнайы сызғыштардың жиынтығы.

Өлшем белгілерін өлшеу түрлеріне сәйкес келетін орыс әліпбиінің бас әріптерімен белгілейді: *B* — биіктік; *G* — тереңдік; *D* — ұзындықтар, аралықтар, доғалар; *O* — дар; *П* — дененің қалпы; *P* — ұзындық; *C* — жартылай ; *Ц* — орталықтар арасындағы аралық; *Ш* — ен.

Алтынның *d* әрпімен диаметрді белгілейді.

Әріптердегі индекстер өлшеу орындарын белгілейді. 1-қосымшада антропологиялық зерттеулердің бағдарламаласымен өлшемдік бірліктерді өлшеу кестесі берілген. (қысқартылған түрде).

Үлкен көлемде өнім шығаратын тігін өндірісінің өнеркәсіптері тұрғындардың көбін қанағаттандыратын типтік дене бітіміне арналған киімдер шығарады.

Бірақ адамдардың көбі тігін кәсіпорындарында шығарылатын киімдерді ала алмайды. Себебі, олардың біреуінің дене бітімі типтік дене бітіміне сай келмесе, екіншісін түр жинақ қанағаттандырмайды, үшіншісі басқалар да киіп жүрген киімді кигісі келмейді.

Мұндай адамдар олардың талғамы мен өлшемдеріне сай киім тігіп беретін ательелердің клиенттері.

Мұндай киімдерді құрастыру Орталық тәжірибелік-техникалық тігін лабораториясы жасаған бірыңғай әдіс бойынша жүргізіледі.


Бұл әдіс есептегіш болып табылады және адамның денесін өлшеуге негізделген. Өлшемдердің типтік фигуралардың антропометриясындай жүргізеді, бірақ сәл ауытқулармен және қысқартылған түрде.

Әдетте клиенттер өздерінің бойларының ұзындықтарын біледі, және ательеде оны өлшемейді. Ал қалған өлшемдер сантиметрлік таспамен өлшенеді. Ер адамдар мен балалар тыртысып тұратын футболка немесе іш киіммен және шалбармен тұрса, әйелдер мен қыздар да тыртысып тұратын футболка немесе блузка мен белдемшемен (шалбармен) тұрады.


Сантиметрлік лента денеге жабысып тұру керек. Бел сызығы бойынша көлденең бір жағынан ілгелі бар майысқақ жиектемемен және екінші жағынан бір-бірімен 3-4 см аралықтағы ілмекпен орналастырылады. Көлденеңді, әдетте, көзбен тексереді, бірақ күмән туса, оның орналасуын еден мен оның жоғарғы нүктесін тіктеуіші бар металдан жасалған сызғышпен және үшбұрышты сызғышпен өлшейді (2.10-сурет).

Бірыңғай әдістің ерекшелігі сонда, фигурада мойын мен иықтың негіздемесін іздемейді, өлшемдер бұйымның мөлшермен алғандағы тігіс сызығына дейін жүргізіледі. Иық тігісінің орналасуын иықбаудың көмегімен анықтайды.

Ерлер мен әйелдер үшін екі иықбау қолданылады – кеуде ы 88-108 см және 112-132 см фигуралар үшін. Балаларға арналған иықбаулар екі түрлі: кішкентай бабаларға 68 см, үлкен бабаларға-92.



2.10-сурет. Көлденеңділікті тексеру



2.11-сурет. Бел сызығы иықбауының сыртқы түр

Иық тігісінің шеткі нүктесіне екіге бөлінген сантиметрлік баспаны бекітеді, оның санау иық тігісінен басталады.

Тамақ сызығына мойынның айналасына байлау үшін иілемелі жиектемені тігеді (әдетте дөңгелек формалы). 2.11-суретте иықбаудың сыртқы түрі көрсетілген. Иықбауды иыққа иықбаудың иық тігісі денеде дұрыс қалыпта тұратындай байлайды.

Денені өлшеген кезде оның ерекшелігіне назар аударады: дененің қалпы, иықтың ұзындығы, дененің ассиметриясы, мойынның, арқа мен кеуденің, іштің, мықынның формасы, май басу деңгейі, оның орналасуы, бұлшық еттің даму деңгейі, дененің пропорциясы. Барлық ерекшеліктерді тапсырыс төлқұжатында белгілейді.

Орталық тәжірибелік-техникалық тігін лабораториясының бірыңғай құрастыру әдістемесі бойынша сызбаны құрастыру үшін келесі негізгі және қосымша өлшемдерді қолданады.

Для построения чертежа конструкции в едином методе конструирования ОТТТЗ используют следующие основные и дополнительные измерения.

Негізгі өлшемдер: P - ұзындық; $C_{\text{ш}}$ - мойынның жартылай айналымы; бірінші $C_{\text{п}}$ - әйелдер мен қыздар үшін кеуденің жартылай айналымы; екінші $C_{\text{п}}$ - әйелдер, еркектер және қыздар үшін кеуденің жартылай айналымы; үшінші $C_{\text{гш}}$ - кеуденің жартылай айналымы; $C_{\text{т}}$ - белдің жартылай айналымы; C_6 - іштің шығыңқылығын ескере отырып, мықынның жартылай айналымы; $Ш_{\text{г}}$ - кеуденің жалпақтығы; $D_{\text{тсП}}$ - белдің арт жақтағы сызығынан мойын негізіндегі жобаланған иық тігісінің ең жоғарғы нүктесіне дейінгі аралық; $D_{\text{тпП}}$ - белдің алдыңғы жақтағы сызығынан мойын негізіндегі жобаланған иық тігісінің ең жоғарғы нүктесіне дейінгі аралық; $B_{\text{зП}}$ - әйелдер мен қыздарда мойын негізіндегі жобаланған иық тігісінің ең жоғарғы нүктесінен омырау бездерінің ең шығыңқы нүктесіне дейін; $B_{\text{прзП}}$ - мойын негізіндегі жобаланған иық тігісінің ең жоғарғы нүктесінен бірінші және екінші арт жақтағы кеуде айналымының деңгейіне дейін; $B_{\text{пкП}}$ - қисық иықтың ұзындығы; $Ш_{\text{с}}$ - арқаның жалпақтығы; $Ш_{\text{п}}$ - иық еңісінің жалпақтығы; $O_{\text{п}}$ - иықтың айналымы; $D_{\text{ткб}}$ - бел сызығынан бастап қырынан тізеге дейін $D_{\text{и}}$ - бұйымның ұзындығы; $D_{\text{р}}$ - жеңнің ұзындығы; $D_{\text{б}}$ - шалбардың ұзындығы; $D_{\text{ю}}$ - әйелдер мен қыздарда белдемшенің ұзындығы; $Ц_{\text{с}}$ - әйелдерде омырау нүктелері арасындағы ұзындық.

Қосымша өлшемдер:

$D_{тс\text{п}o}$ - жобаланған иық тігісінің ең жоғарғы нүктесінен тіктеуіш бойынша белдің арт жақ сызығының деңгейі бойынша аралық;

$V_{пкпП}$ –еркектерде қисық алдыңғы жақтағы иықтың ұзындығы;

$Ш_{пж}$ - іштің шығыңқы тұсындағы алдыңғы жақтың ені;

$У_{вж}$ – іштің шығыңқылығының деңгейі;

$K_{нк}$ -тізе қақпағы дейгейіндегі аяқтың қисықтығы;

$K_{нш}$ -тобықтың деңгейіндегі аяқтың қисықтығы;

$Ш_{гП}$ – әйелдерде екінші кеуденің ені.

Балаларға да арналған өлшем бірліктері бар: $D_{сб}$ – қырынан бел сызығынан еденге дейінгі аралық; $D_{сп}$ - алдынан, $D_{сз}$ -артынан; $O_{зап}$ – білектін айналымы; $O_{бед}$ – мықынның айналымы.

Жарты айналымның мөлшерін айналымдарды екіге бөлу арқылы алады.

Арқа мен кеуденің жалпақтығын сол сөздермен жазады, бірақ жарты өлшемде. $D_{тсП}$, $D_{тпП}$, $V_{прзП}$, $V_{пкП}$, $V_{пкпП}$, $Ш_{п11}$ өлшем белгілері $D_{тс1}$, $D_{тп1}$, $V_{прз}$, $V_{пк}$, $V_{пкп}$, $Ш_{п}$ өлшем белгілерінен антропометрикалық емес, жоспарланатын нүктеден өлшенеді (иықбауда).

$D_{ткб}$ и $D_{б}$ ($D_{ю}$) өлшем белгілері белдің сызығынан мықынның қырына дейінгі аралық пен киімнің қалаулы ұзындығына дейінгі аралықты бір уақытта өлшейді, сөйтіп тізеге дейінгі аралықты да анықтайды.

$D_{и}$ –бұйымның ұзындығын мойын нүктесінен қалаулы ұзындыққа дейін арқаның ортасынан бастап өлшейді, $D_{р}$ — жеңнің ұзындығын иықтың сыртқы жазықтығы бойынша жобаланған иық тігісінің соңғы нүктесінен қалаулы ұзындыққа дейін өлшейді. Жеңнің ұзындығын $Ш_{п}$ иық еңісінің жалпақтығымен бір уақытта өлшейді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қандай негізгі өлшем белгілерін білесіздер?
2. Дененің пропорциясы дегеніміз не? Пропорцияның қандай түрлерін білесіз?
3. Дене бітімі дегеніміз не? Еркектер мен әйелдердің қандай дене бітімін білесіз?
4. Мүсін дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар?
5. Антропометрияның қандай тәсілдерін білесіз?
6. Антропометриялық зерттеулерді қандай әдістеме бойынша тексереді?
7. Антропометрияда қолданатын қандай құралдарды білесіз?
8. Антропометриялық нүктелер дегеніміз не? Олардың адамның денесі бойынша орналасуы.
9. Орталық тәжірибелік-техникалық тігін лабораториясы жасаған бірыңғай әдіс бойынша тапсырыс берушінің өлшемдерін қалай жүргізеді? Қосымша өлшемдер қалай жүргізіледі?

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨЛШЕМДІК ТИПОЛОГИЯСЫ

3.1. ӨЛШЕМДІК ТИПОЛОГИЯНЫ ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Әр адамның денесінің өлшемі әртүрлі, денесінің өлшемі бірдей екі адам болмайды. Бірақ өнеркәсіп әр адамға арнап жеке киім тіге алмайды. Өнеркәсіп тігін бұйымдарын жаппай шығару типтік дене бітіміне арналған жағдайда ғана жұмыс істей алады. Мұндай типтік дене бітімінің рационалды жүйесін *өлшемдік типология* деп атайды. Рационалды жүйесін өлшемдік типологияның мақсаты – барлық типтік дене бітімдерінен тұрғындардың киім өлшемінен максималды қанағаттануын қамтамасыз ететінін таңдап ату. *Тұрғындардың қанағаттануы* дегеніміз типтік дене бітіміне арналған киімдер дәл келетін адамдардың салыстырмалы немесе абсолютті саны. Солай бола тұра, тігін өндірісі үшін типтік дене бітімі көптеген өлшем белгілерін қамтығаны қажет.

Бұл міндеттерді шешу үшін біздің елімізде белгілі бағдарлама бойынша антропологиялық зерттеулер жүргізілді. Сол зерттеулердің барысында елдің әртүрлі аймақтарынан көптеген адамдар өлшенді. Соның нәтижесінде алынған мәліметтер жүйеленіп, М.И.Ломоносов атындағы ММУ жанындағы АҒЗИ қолданбалы антропология лабораториясында өңделді. Алынған қорытындылардың нәтижесінде *өлшемдік антропологиялық стандарт* жасалды.

Өлшемдік антропологиялық стандарт дегеніміз әрбір абсолютті бірліктерде көрсетілген, арнайы кестеге енгізілген дене бітімінің түрінің өлшемдік сипаттамасы.

Өлшемдік типология және өлшемдік антропологиялық стандарттың жасалуы барысында келесі міндеттер шешілді:

- дене бітімінің түрін анықтайтын басты өлшемдік белгілерді таңдау;
- көрші типтік дене бітімінің өлшемдері арасындағы интервалды белгілеу;
- киімді өндіру үшін типтік дене бітімдерінің оңтайлы санын белгілеу;
- өзіндік белгілері арқылы ерекшеленетін типтік дене бітімдерінің өлшеміне арналған барлық өлшемдік белгілердің шамасын анықтау.

Басты өлшемдік белгілер деп негізіне дене бітімінің өлшемдік түрлері алынатын белгілерді айтады. Негізгі белгілер мынандай талаптарға жауап беру керек:

- дененің барлық өлшемдік белгілерінің ішінен ең оңтайлы немесе соған жақын абсолюттік мөлшері болуы және адам денесінің негізгі өлшемін анықтауы керек;
- әртүрлі жазықтықта орналасады, себебі әрбір өлшем белгісі бірдей немесе параллельді жазықтықта жатқан өлшем белгілерімен ғана байланысы;
- әрбір таңдалған өлшем белгісі оған бағынышты өлшем белгісімен байланысты болуы керек, ал олардың байланысының дәрежесі үлкен болмауы керек;
- киімді құрастыру жағынан алып қарағанда, басты белгілер оңай анықталып, киім

құрылымының сызбалары жасалатын базалық өлшемдерге сәйкес келуі керек.

Бұл талаптарға, көбінесе, жаппай белгілер жауап береді. Олар – кеуденің айналымы мен дененің ұзындығы (бойдың).

Кеуденің айналымы—16 өлшем белгісі, дененің жоғары жағын анықтайтын ірі белгінің бірі, онда бұйымның денеге дұрыс шақталуын талап етіледі.

Бой — 1 өлшем белгісі, дененің жалпы ұзындығын сипаттайды және бұйымның ұзындығын анықтайды.

Кеуде айналымы мен бой әртүрлі жазықтықта орналасады және олардың байланыс деңгейі үлкен емес. Бірақ олардың сол жазықтықта жатқан бағынышты белгілермен байланысы өте үлкен. Кеуде айналымы мен бой – оңай өлшенетін өлшем белгілері.

Екі басты өлшем тұрғындарды қанағаттандыра алмайды, өйткені кеуденің айналымының мәнін белгілегенде бел мен мықынның айналымы іштің шығыңқылығымен алғанда өзгермелі. Бұл белгілер тұрғындардың жас ерекшелікке қатысты өзгеруін жақсы көрсете алады, сондықтан олар да басты белгілердің қатарына жатады.

Әйелдерде іштің шығыңқылығын есептегенде, мықынның айналымы өзгермелі болса, ер адамдарда белдің айналымы өзгермелі. Бұйымның жақсы қондырылуы үшін белден қарағанда мықынның айналымы да маңызды, ал ер адамдарда, керісінше, белдің айналымы маңызды.

Осыған байланысты, әйелдердегі үшінші басты белгі - *іштің шығыңқылығын есептегендегі мықынның айналымы* (19 өлшем белгісі), ал ер адамдарда – *белдің айналымы* (18 өлшем белгісі)

Басты белгілерді тауып алғаннан кейін тұрғындар арасында жиі кездесетін дене бітімі белгіленді. Олардың саны басты белгілерге ғана емес көрші типтік дене бітімінің өлшемдері арасындағы интервалға да байланысты.

Өлшемаралық шек дегеніміз аралық өлшемдегі бұйымның айырмашылығын тұтынушы байқамайтын аралық. Типтік дене бітімдерінің лайықты жүйесі Өлшемаралық шекті анықтауға байланысты.

Егер өлшемаралық шектің шамасы нөлге жуық болса, тігін бұйымдарын өндірістік түрде даярлау мүмкін емес. Ондай жағдайда көп мөлшердегі киімдерді даярлау қажет болушы еді. Өлшемаралық шек, әдетте екі жағынан, кейде бір жағынан шектеулі. Бірінші жағдайда адамға типтік өлшемдегі киім шақ келеді және ол ыңғайсыздықты сезінбейді (барлық тігін бұйымдары, аяқ киім, бас киімдер, қолғаптар, шұлық-ұйық және тоқыма бұйымдары және т.б.)

Өлшемаралық шек бір жағынан ғана шектелген кезде бұйым белгілі бір өлшемнен аз болмауы керек, оның келесі шегі белгіленбеген ғой (мысалы, белдіктер). Өлшемаралық шекке басқа факторлар да әсер етеді, соның ішінде, өлшемдік белгінің мөлшері материалдардың қасиеттері және т.б.

Басты белгі бойынша өлшемаралық шекті эмпирикалық, яғни тәжірибе арқылы белгіледі. Кеуде мен мықынның айналымының өлшемаралық шегі см-ге тең деп қабылданды (жартылай айналым бойынша — 2 см), белдің айналымы бойынша — 6 см (жартылай айналым бойынша — 3 см). Бойы бойынша өлшемаралық шекті ең бірінші адамның сыртқы келбеті, киімінің түрі мен қолданылуын бағалау арқылы белгілейді.

Сырт киімдер мен жеңіл киімдерге бой бойынша аралық 6см-ге тең, ерлердің көйлектері үшін 10 см-ге дейін кеңейтілді, ал іш киімдер мен тоқыма бұйымдарында және арнайы киімдерге – 12 ге-дейін. Бұйымның ұзындығы бойынша өлшемаралық шектен басқа жеңнің ұзындығы бойынша да өлшемаралық шек маңызды. Ол барлық киім түрлері үшін бірдей және 2 см-ге тең.

Өлшемаралық шектің белгілерін анықтағаннан кейін киім өндіруге арналған типтік дене бітімдерінің қолайлы саны - р а ц и о н а лды өлшемдік т ипол оги я белгіленді. Типтік дене бітімдерінің санын таңдау екі қарама-қарсы талаптарға келіп саяды -

тұтынушылар мен өндірушілер. Тұтынушылар үшін көп түр талап етілсе, өндірушілер үшін олардың аз болғаны керек. Сол үшін түрлердің оңтайлы санын табу керек болды. Сөйтіп, өлшем нұсқаларының саны өскен сайын тұрғындардың киімнің өлшеміне деген қанағаттанулары басында тез артады, ал белгілі бір деңгейге жеткен соң баяулап, жаңа нұсқаларды қосудың қажеті болмай қалады.

Балаларға арналған өлшемдік типологияға келгенде, біраз қиындықтар туындады. Себебі, барлық балалар бірдей өспейді. Қыздар мен ұл балаларға басты белгі ретінде бой, кеуденің айналымы мен белдің айналымы алынды. Өлшемдік шек бойынша бой бойынша — 6 см, кеуденің айналымы бойынша — 4 см, белдің айналымы бойынша — 3 см.

Өлшемнің типологияның басты міндеті — тұрғындар мен өндірісті қанағаттандыратын, тұрғындарда жиі кездесетін дене бітіміндегі өлшем, бой және толықтық т.б.-дың үйлесімін таңдау.

Ол үшін ең алдымен аталмыш белгілердің ішінен тұрғындар арасында жиі кездесетін дене бітімдерінің түрлерін есептеп, ең жиі кездесетінін таңдады.

Басты белгілері бойынша белгіленген типтік дене бітімдері үшін барлық басқа өлшемдік белгілердің шамалары анықталды, олар бағынушылар деп аталады және олар киімді құрастыру мақсаттарына арналған. Киімнің әр түріне арналған өлшемдік белгілердің ең оңтайлы орта шамаларын бір, екі немесе одан да көп басты белгілеріне байланысты математикалық формулалардың есептегіш тәсілдері арқылы анықтайды. Соның нәтижесінде кестеге өлшемдік антропологиялық стандарттар енгізілді.

Антропологиялық өлшемдік өсім стандарттары — типтік дене бітімінің абсолютті бірлік-сантиметрлердегі өлшем белгілерінің кестелік түрі.

Барлық зерттеулер мен есептеулердің нәтижесінде типтік дене бітімдерінің мемлекеттік стандарты жасалды, онда тұрғындардың барлық ерекшеліктерін көрсететін өлшемдік белгілері бар типтік дене бітімдері келтірілген.

3.2. ӨЛШЕМДІК ТИПОЛОГИЯЛАРДЫ ТІГІН ӨНЕРКӘСІБІНДЕ ҚОЛДАНУ

Тігін өндірісіне арналған өлшемдік типологияда екі типтік дене бітімі бар: антропометрикалық стандарт және құрылымдық стандарт. Олар бір-бірімен типтік дене бітімдерінің санымен ерекшеленеді. Антропометрикалық стандартқа кездесетін жиілігі 0,1 %-дан бастап барлық типтік дене бітімдері жатады. Ал құрылымдық стандартқа қазіргі кездегі киім өндірісі мен сауда жағдайында есепке алынатын барлық дене бітімінің типтері жатады. Сонымен қатар, бұл екі стандарттарға бағынышты белгілерінің шамаларымен де ерекшеленеді. Бұл құрылымдық стандарт үшін жарамайды, себебі бұл стандартқа қойылатын талаптардың бірі барлық белгілері бойынша типтік дене бітімдерінің қатарларының бірқалыптылығы болып табылады, сол себепті антропометрикалық стандарттан құрылымдық стандартқа өткенде бағынышты белгілердің барлық шамалары әртүрлі тәсілдермен теңеледі.

Өндіріске құрылымдық стандарттың енгізілуімен антропометрикалық стандарт қалып қалмайды, олардың қызметтері әртүрлі.

С внедрением конструкторских стандартов в промышленность антропометрические стандарты не отменяются, так как их функции различаются.

Құрылымдық стандарт — типтік дене бітімінің өлшемінен тігін бұйымдарының өлшеміне өтуді қамтамасыз ететін стандарт.

Антропометрикалық стандарт — сол бұйымдарды өндіретін типтік дене бітімдерінің өлшемдік белгілерін орнататын стандарт.

Құрылымдық стандарттың негізінде **өлшемдік-өсімдік салалық стандарт** жасалды.

Тігін өндірісінің өнеркәсіптері салалық стандарттардың талаптары бойынша жұмыс істейді, себебі салыстырмалы түрде сирек кездесетін типтік дене бітімдері үшін киім даярлау экономикалық тұрғыда тиімсіз.

Салалықпен қатар антропометрикалық стандарттарды сақтау салалық стандарттардағы типтік дене бітімдерін оперативті түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Осылайша, салалық стандарттар антропонимдік стандартты алмастыра алмайды. Өлшемдік-өсімдік салалық стандарттар ел аумағындағы типтік дене бітімінің толық сипаттамасын береді. Дене бітімдерінің типтері әртүрлі ұлттар мен географиялық аудандар үшін ұқсас. Алайда әртүрлі типтік дене бітімдерінің әртүрлі территориялар бойынша таралуы бірдей емес. Типтік дене бітімдерінің қолайлы саны үшін өлшемдік тұржинақ жасалды.

$A_3 I A_4$	Горизонталь бойынша солға қарай	$Л_{31} Л_4 = A a_l - 0,5 = A_0 - 0,5 = 6,2 - 0,5$	5,7
$A_3 I A_5$	$A_3 I T_3$ сызығы бойынша төменге қарай	$A_3 I A_5 = A_{31} A_4 + 1 = 5,7 + 1$	6,7
$A_4 A \partial$	Иінді таңба	$A_4 A_9 = 2(C_{r11} - C_{r1}) + 0,2...2 = 2(35,5 - 34,7) + 0,42 \times 0,8 + 0,4 = 1,6 + 0,4$	2
$Г_4 П_4$	Тігінен жоғары қарай	$Г_4 П_4 = Г_l П_2 = 15,1$	15,1
$Г_4 П_6$	Тігінен жоғары қарай	$Г_4 П_6 = Г_4 П_4/3 - 0,5 = 15,1/3 - 0,5 = 5 - 0,5$	4
$П_6 n_{61}$	Горизонталь бойынша оңға қарай	$Я_6 П_{61} = 0,6$	0,6
$A \partial П_5$	Иінді таңба	$A \partial П_5 = Ш_u = 10,9$	10,9
$Д_3 з$	$П_5 П_6$ тігінен	$П \partial 3 = П \partial П \partial /2$	
3-4	Көлбеуден жоғары қарай	3-4 = 0,5. ...1	0,5
$Г_4 \ 2$	Бұрыштың биссектрисасына қарай	$Г_{42} = 0,2 Г_l Г_4 = 0,2 \times 12$	2,4
$T_3 H_3$	Тігінен жоғары қарай	$T_8 H_3 = TiHi + 0,5 + 0,5 + 0,5 = 37,6 + 1,5$	39,1



134-68 өлшемді қыз балаларға арналған тік сұлбалы бос маусымдық пәлте негізінің сызбасын құрастыруға арналған есеп мысалы 7.10 кестесінде және 7.9. суретінде көрсетілген.

Қондырма жең негізінің сызбасын құрастыру

Қыз балаларға арналған иық бұйымның қондырма жеңінің құрылымы әйелдерге арналған қондырма жеңге ұқсас сызба бойынша жасалады. Бастапқы деректер ретінде пайдаланады:

мүсінді «иық құлашы» Оп өлшеу;

шамалары жең ұзындығының Др және жеңнің төменгі енінің Шрук.вн үлгісі бойынша тағайындалатын жеңді өлшеу;

жиегі мен арқаның сызбасы арқылы орындалатын өлшеулер, жең ойындысының ұзындығы Дпр, жеңтүптің биіктігі Вок;

иық құлашы Поп бойынша бос қонымдылыққа үстеме.

Жең ойындысының ұзындығын (5.18-сур. қараңыз) П1 нүктесінен бастап П5 нүктесіне дейін металл сызғышпен өлшейді.

Жең ойындысының ұзындығын өлшеген кезде арқаның жең ойындысының жия үтіктеген кезде түсетінін ескермейді.

Тұйықталмаған жең ойындысының тік диаметрін анықтау үшін жоғарғы шектерді біріктіретін тік жең ойындыларын (Д және П5 нүктелері) ортасынан бөледі:

$$ДО = ДД/2.$$

О нүктесінен жең ойындысының тереңдігінің сызығына перпендикулярды түсіреді, оның жең ойындысы тереңдігінің сызығымен қиылысуы Оj білдіреді. ООj кесіндісі тұйықталмаған жең ойындысының тік диаметрі болып табылады. Жең ойындысының биіктігі О1О2 кесіндісінің ұзындығына тең.

$$Вок = ОjО2 = ООj - ОО2,$$

мұндағы, ОО2 = 2,5...3 см. ОО2 кесіндісінің үлкен мәндерін өлшемдері кішірек бұйымдар үшін таңдайды.

Жеңнің енін жең ойындысының тереңдігінің деңгейінде келесі әдістердің бірімен есептейді.

1-әдіс. Жеңнің енін жең ойындысының ұзындығына және жеңтүптің биіктігіне байланысты анықтайды:

$$Шр = 1,35[(Дпр + Ппос) - 2,1Вок]/2,$$

мұндағы, Ппос — жең қондырмасының түсі, ол мынаған тең: $Ппос = |ДпрН|$,

мұндағы, Н — 4.12-кесте бойынша тағайындалатын қондырма нормасы.

2-әдіс. Жеңнің енін иық құлашын өлшеуге және киімнің бос қонымдылығына үстеме байланысты анықтайды:

$$Шр = (Оп + ПоП)/2,$$


мұндағы, Оп — «иық құлашын» өлшеу; ПоП — 4.7-кесте бойынша иық құлашына қатысты бос қонымдылығына үстеме.

Базистік кесте. Оj нүктесінде қиылысатын екі өзара перпендикуляр сызық сызады (7.10-сур.).


Оj нүктесінен бастап жоғары қарай жеңнің жеңтүбінің биіктігін қалдырады.

Вок:

$$ОjО2 = ОjО2 \text{ (бұйымның сызбасынан)} = Вок.$$



Екі жаққа O_j нүктесінен бастап жең еңінің жартысын қалдырады:
 $O_1P_1 = O_jPA = \text{Шp}/2$.



Рп және Рл нүктелерінен перпендикуляр сызықтар қалдырады, олардың О2, нүктесінен бастап сызылған қиылысында О3 және О4 нүктелерін қояды.

$$O_3M = D_p - J \dots 1,5 \text{ см.}$$

ОЛ = ОЗМ/2 + 3 см. М және Л нүктелерінен солға қарай көлденең сызық сызады.

ММ1 = Шрук. выс.

Аз шамаларды кішкентай өлшемдер үшін, үлкен шамаларды үлкен өлшемдер үшін алады. Төменгі жақтың сызығын М және М2 нүктелері арқылы өткізеді.

Қондырма жең негізінің сызбасы. Қондырма жең негізінің сызбасын (7.11-сур.) жеңнің жеңтүбінің, алдыңғы төңкерменің және артқы төңкерменің сызығын келтіреді.

Бақылау кертiлме — жиектегi П6 нүктесiне сәйкес келетiн 1:

$1-1' = 1-1'' = 0,5 \text{ см}$ (көлденеңі бойынша оңға қарай).

Бақылау кертiлмесi — арқаның ойындысындағы ПЗ нүктесiне сәйкес келетiн РЗ нүктесi:

$R_{лПЗ} = Г1ПЗ$ (арқаның сызбасынан);

$R_{ЗРЗ} = 1-1 = 0,5$ см (көлденеңi бойынша солға қарай).

Содан кейiн О5 және О6: қосалқы нүктелерiн табады:

$O_{ЗО5} = O_{2O3/2} - 2$ см;

$O_{2O6} = O_{2O4/2}$.

1' және О5, РЗ және О6 нүктелерiн бiрiктiредi. 1О5О2 и Р3О6О2 бұрыштарының биссектрисаларында О52 және О63 кесiндiлерiн қалдырады, олар мынаған тең:

$O_{52} = 2,2,5$ см;

$O_{63} = 1,2$ см.

Жең жеңтүбiнiң жоғарғы бөлiгiн 1', 2, О2, 3 және РЗ нүктелерi арқылы өткiзедi.

Одан әрi жеңтүптiң төменгi бөлiгiн құрастыруға арналған қосалқы нүктелердi табады: 1", РЗ", Г2, 8 және 5.

$1-1' = 1-1$ — көлденеңi бойынша солға қарай;

$R_{ЗРЗ''} = R_{ЗРЗ}$ — көлденеңi бойынша оңға қарай.

Рп нүктесiнен көлденеңi бойынша солға қарай РпГ2 кесiндiсiн қалдырады:

$R_{пГ2} = 0,5Г1Г4$ (ойындының сызбасынан) + (1-1').

Рп нүктесiнен сызылған тiке бұрыштың биссектрисында Рп8 кесiндiсiн қалдырады:

$R_{п8} = Г42$ (бұйымның негiзiнiң сызбасынан) + (1-1').

7.11 -сур. Қыз балаға арналған киiмнiң қондырма жеңiнiң негiзiнiң сызбасы

Р'3 және Г2 нүктелерiн бiрiктiредi:

$R_{З''4} = R_{З''Г2/2}$;

$5 = 1...2$ см.

1", 8, Г2, 5 және РЗ" нүктелерiн басты қисық сызық бiрiктiредi және жеңнiң жеңтүбiнiң төменгi бөлiгi жасалады.

Алдыңғы төңкерменiң шынтақ сызығының бойымен бүгiлуi

$L_{Л1} = 0,7,1$ см;

$L_{2Л3} = 0,5,1,5$ см (үлгi бойынша).

М, Л1, Рп және М2, Л3 және Рл нүктелерiн бiрқалыпты қисық сызықтармен бiрiктiредi.

$R_{пЛ1М}$ — алдыңғы төңкерменiң сызығы, $R_{лЛ3М2}$ — шынтақ төңкермесiнiң сызығы.

Киiмнiң жоғарғы бөлiгiнде анағұрлым көп қолданылатын екi тiгiстi жеңнiң және жұқа киiмде көбiрек қолданылатын бiр тiгiстi жеңнiң құрылымын жеңдi алдыңғы және шынтақ төңкермелерiне қатысты жазу арқылы жасайды.

Екi тiгiстi жеңнiң сызбасын құрастыру

Қондырма жең негiзiнiң сызбасына алдыңғы және шынтақ тiгiстердiң сызықтарынсызады. Алдыңғы төңкерменiң енiн 3 см-ге тең етiп белгiлейдi. Артқы төңкерменiң енiн жоғарғы бөлiгiнде ктегi 1,5 см-ге, төменгi бөлiгiнде 0,5,2 см-ге тең етiп белгiлейдi (7.12-сур.).


Жеңдi алдыңғы төңкерме бойынша жазу.

$R_{пР5} = Л1Л5 = ММ5 = 3$ см.

Од Ов О, Ов о.

Алдыңғы тiгiстiң сызығын Р5, Л5 и М5 нүктелерiн бiрiктiре отырып, бiрқалыпты қисық сызықпен жүргiзедi.

Бұл сызық сонымен қатар жеңнiң төменгi бөлiгiнiң алдыңғы сызығы болып табылады. Оны жоғары қарай сызады. Жеңтүптiң төменгi бөлiгiмен қиылысу нүктесiн Р51 етiп белгiлейдi. Жеңнiң алдыңғы учаскесiн алдыңғы төңкермеге қатысты жазады:



7.12 -сур. Қыз балаға арналған екі тігісті жеңнің
сызбасы

Жеңнің алдыңғы бөлігінің алдыңғы сызығын бірқалыпты қисық сызықпен Р1, Л4 және М3 нүктелері арқылы өткізеді.

Алдыңғы сызықты жалғастыра отырып, жоғары қарай қалдырады

$$P1P11 = P5P51 + 0,3 \text{ cm.}$$

8' қосалқы нүктесін табады. Ол P_1P_1' бұрышының биссектрисасында жатыр: $P_28' = P_28$.

1', 8' және P11 нүктелерін бірқалыпты біріктіреді.

Жеңнің жоғарғы бөлігінің алдыңғы сызығын жалғастыра отырып, кесіндіні төмен қалдырады.

$$M3M31 = 0,2 \text{ cm.}$$

М31 нүктесін М нүктесімен бірікіреді.

Жеңді шынтақ төңкермесі бойынша жазу. Шынтақ төңкермесінің жоғарғы жақтағы ені жеңнің пішініне байланысты 1...5 см болуы мүмкін.

$$P_{\text{л}}P_4 = 3 \text{ см.}$$

Төмендегі төңкерменің ені

Көлденеңі бойынша $M2M6 = 0,5...2$ см.

Р4 және М6 нүктелерін қисық сызықпен біріктіреді, олардың шынтақ сызығымен қиылысында Л6 нүктесін қояды.

Төменгі бөліктегі шынтақ кесіндісі шынтақ сызығының бойымен шығыңқылығы 0,5...1,5 см болатын бірқалыпты сызық болып келеді.

$$Л6Л7 = 0,5... 1,5 \text{ см.}$$

Бұл сызық сонымен бірге шынтақ тігісінің сызығы болып табылады. Оны жеңтүптің төменгі бөлігімен Р41 нүктесінде қиылысқанға дейін созады.

Жеңнің артқы учаскесін шынтақ төңкермесіне қатысты жазады:

$$P_{\text{л}}P_2 = P_{\text{л}}P_{41}$$
$$\mathbb{L}3\mathbb{L}8 = \mathbb{L}3\mathbb{L}7;$$

$M_4M_2 = M_2M_6$ көлденең бойынша.

Жеңнің жоғарғы жартысының шынтақ сызығы - Р2, Л8 және М4 нүктелері арқылы бірқалыпты өтетін қисық сызық. Осы сызықтың бойымен үстіне кесіндіні қалдырады.

$$P2P21 = P4P41 + 0,5 \text{ см.}$$

Р21 нүктесін Р3-мен біріктіреді.

Бір тігісті жеңнің сызбасын құрастыру

Қондырма жең негізінің сызбасында тігістің күйін анықтайды. Ол әртүрлі болуы мүмкін: тігіс дайын күйдегі жеңнің енінің ортасында немесе ортасынан оңға қарай орналасуы мүмкін.

Бірінші жағдайда алдыңғы төңкерменің ені жоғарғы бөлігінде ойынды енінің жартысына тең, ал төменгі бөлігінде дайын күйдегі жеңнің төменгі жағындағы енінің жартысына тең. Екінші жағдайда алдыңғы төңкерменің ені үстінде және астында 4 см-ге тең. Басқа нұсқаларда болуы мүмкін.

Тігістің сызығы дайын күйдегі жең енінің ортасында орналасқан кезде (7.13-сур.):

$$P_{\Pi P} = P_{\Pi} P_{\Pi} / 2;$$

$$Л1Л21 = Л1Л3/2;$$

$$ММ11 = ММ2/2.$$

Р, Л21 және М11 нүктелері бірқалыпты етіп қисық сызықпен біріктіріледі және жең тігісінің сызығы жасалады.

Жеңді алдыңғы төңкерме бойынша жазу. Мыналар белгілі:

$$РпР1 = РпР;$$

$$Л1Л22=Л1Л21;$$

төңкермесінің сызығының жоғарғы бөлігіне қатысты Рл нүктесінен басталатын перпендикулярдың қиылысында жатыр.

Р21 нүктесін Р 3-пен 7 қосалқы нүктесі арқылы өтетін бірқалыпты қисық сызықпен біріктіреді. Оның күйін былай анықтайды:

$$P216 = P21P\ 3/2;$$

$$6-7 = 1.1,5\text{ см.}$$

Р3, 7 және Р4 нүктелерін бірқалыпты қисық сызықпен біріктіреді.

Жағалардың сызбаларын құрастыру
алардың сызбаларын құрастыру

Киімнің сыртқы түрінде жағалар маңызды рөл атқарады. Жағалардың пішіндері әртүрлі. Сызбаларды құрастыру қағидасы бойынша жағаларды негізгі үш топқа бөледі:

өңірді үстіне дейін тағатын ілгегі бар бұйымдардағы қайырма жағалар мен тіке жағалар;

лацкандары бар бұйымдарға арналған қайырма жағалар;

тегіс қайырылатын (пішілген) жағалар.

Әр топтың жағаларының сызбаларын құрастыру белгілі құрылымдық сызбаға негізделеді. Бірінші топтың жағалары екінші және үшінші топтардың мойнынан, жағаларынан бөлек жасалады – сызбада бұйымның мойны көрсетілген, бұл ретте құрылымның сызбасын құрастыру үшін жағаны қайып тігу сызығының ғана мәні болады. Құрылымның жаға енінің, тіреуіш биіктігінің, жағаның қайырмасы мен ұштарының сызықтары сияқты қалған элементтерін үлгіге сәйкес сызады.

Өңірді үстіне дейін тағатын ілгегі бар қайырма жағаны Ігорл. бұйымының негізіндегі сызбада мойыны мен арқасының жиектерін алдын ала өлшеу арқылы жасайды.

О нүктесінде жоғарғы шегі бар тіке бұрышты жасайды, одан $OB = 1,5.11\text{ см}$ кесіндісін қалдырады.


ОВ кесіндісі жағаның ортасыныңдағы көтергішке тең. Оның шамасы жағаның пішініне әсер етеді: ол неғұрлым кіші болса, жаға мойынға соғұрлым тығыз жабысып тұрады; неғұрлым үлкен болса, жаға соғұрлым тегіс жатады.

Бұрыштың көлденең жағында В нүктесінен мойынның ұзындығына тең радиустың кертілген таңбасын жасайды минус түзету коэффициенті (жағаның ортасын көтеру шамасынан 0,1):

$$BA = I\text{ горл} - 0,1OB.$$

Түзету коэффициентін мойын сызығының ұзындығын түзету үшін енгізеді. Ол жағаны қайып тігу сызығының қисаю дәрежесіне байланысты.

А және В нүктелерін біріктіреді. ВА кесіндісі арқаның ортаңғы сызығынан бастап жиектің жіңішке қапсырмасына дейін сәйкес келеді.



7.14 -сур. Қыз балаларға арналған киімнің қайырма жағалары

Ортасы аздап көтерілген жағаларды жасаған кезде (3 см-ден артық емес) АВ кесіндісі үш бірдей бөлікке бөлінеді (7.14-сур., а):

$$AA_1 = A_1B = BV = AB/3.$$

AA1 кесіндісі ортасынан бөлінеді $Aa = aA_1 = AA_1/2$.

в және а нүктелері арқылы АВ сызығына қатысты перпендикулярларды өткізеді, оларға кесінділерді қалдырады:

$$aa_1 = 0,2 \dots 0,4 \text{ см төмен; } vv_1 = 0,4, 0,5 \text{ см үсті.}$$

Жағаны қайып тігу сызығын В, в1, А1, а1 және А нүктелерін бірқалыпты қисық сызықпен байланыстыру арқылы өткізеді.

Ортасы айтарлықтай көтерілетін жағаларды жасаған кезде (3 см-ден артық) АВ кесіндісін ортасынан бөледі (7.14-сур., б):

$$BV = AV = AB/2.$$

в нүктесінен перпендикулярды АВ тіке сызығына қарай өткізеді және вв1 кесіндісін қалдырады:

$$vv_1 = OV \text{ кесіндісінің ұзындығына байланысты } 1,4, 5 \text{ см.}$$

Жағаны қайып тігу сызығын В, в1 және А бірқалыпты қисық сызығын біріктіріп өткізеді. Ұзындығын тағайындағаннан кейін жағаны қайып тігу сызығын бұйым мойнының ұзындығымен теңестіреді.

Жаға тірегінің сызығын жасайды. Бұл үшін ОВ тік сызығына үстінен В нүктесінен бастап тіректің биіктігіне сәйкес келетін ВВ1 кесіндісін қалдырады:

$$BB_1 = 2,3 \text{ см.}$$

Тіректің сызығын В1 және А нүктелерін бірқалыпты қисықпен біріктіру арқылы өткізеді.

Жағаның ені ВВ2 ортасында үлгі бойынша анықталады.

Жағаның қайырмасы мен ұштарының сызықтарын құрастыру үшін А нүктесінен ОА тіке сызығына қатысты перпендикулярды бастайды, оның үстінде АА3 кесіндісін қалдырады: $AA_3 = BB_2 + 1 \text{ см.}$

А3 нүктесінен оңға қарай көлденең сызық сызады және оның үстіне жағаның алдыңғы ұшының шығыңқысының ұзындығына тең АзА4 кесіндіні қалдырады:

$$AzA_4 = 3,0 \dots 8 \text{ см.}$$

В2 және А4 нүктелерін тіке сызықпен біріктіреді, алынған кесіндінің ортасынан перпендикулярды бастап сызады, оның үстіне 1-2 кесіндіні қалдырады.

$$1-2 = 0,5 \dots 4 \text{ см.}$$

Жағаның қайырмасы мен қшының сызығын В2, 2, А4 және А нүктелерін біріктіре отырып өткізеді. Сондай-ақ В2, 2 және А4 нүктелерін біріктіру арқылы бірқалыпты қисық сызықтың қайырмасын құрастыруға болады, ал жағаның

ұштарын А және А4 нүктелерін біріктіре отырып, тіке (немесе сәл бүгілген) сызықпен рәсімдеуге болады.

Жағалардың әртүрліліне тіректің әртүрлі биіктігінің, жаға енінің және оның ұштары мен қайырмаларын рәсімдеудің арқасында жетуге болады.

Жағаның қайырмалары мен ұштарын рәсімдеудің ықтимал нұсқалары 7.14-сур., в көрсетілген.

Тік жағаларда қайырма жағалардағыдай сияқты мойынға қайып тігудің құрылымдық мәні бар. Қайып тігу сызығын тіке сызық бойынша безендірген кезде тірек мойынға қатысты жауапты күйді қабылдайды (7.15, а). Алдыңғы ұштарды көтерген кезде және шығыңқы қисық сызықтың қайып тігу сызығын безендірген кезде тірек еңіс күйге ауысады, бұл ретте көтерілу ұлғайған кездетіректің жоғарғы жиегі мойынға жақын орналасады (7.15-сур., б). Тіректің ортасын көтерген кезде және бүгілген қисық сызықтың қайып тігу сызығын безендірген кезде тірек шұңқыр тәрізді пішінді қабылдайды, яғни жоғарғы жиегі мойыннан қалып қояды (7.15-сур., в).

Үлгіге байланысты тік жағаның сызбасы мойын әдеттегі ені мен тереңдігі бойынша, сондай-ақ иық кесінділері бойынша кеңейтілген және арқа мен алдыңғы жақтан тереңдетілген мойынға жасалуы мүмкін.

Тіке тіректің сызбасы (7.15-сур., а) тікбұрыш болып келеді.

ВА тірегінің ұзындығы бұйым мойнының ұзындығына тең:


$$BA = 4орл.$$

Тіректің биіктігі


$$BB_1 = AA_2 = 3.5 \text{ см.}$$

Тегіс жатқызылатын немесе қайырылатын жағалардың пішіні анағұрлым тегіс. Қайырылатын жағалар тірексіз немесе кішкентай тірекпен бірге болуы мүмкін (биіктігі 1...2 см).

Сызбаны арқаның мойнына және жиектерге жасайды, олардың иық кесінділерін мойынның жоғарғы шектері үйлесетіндей етіп, ал ойындының жоғарғы шектері бірінің үстіне бірі 1...3 см орналастырылатындай етіп қымтаулы тігістерді жауып үйлестіреді.



7.15 -сур. Қыз балалардың киіміне арналған тік жағалар



7.16 -сур. Қыз балалардың киіміне арналған тегіс жатқызылатын жағалар

Көбірек кіргізілген кезде тіректің биіктігі ұлғайтылады.

Жағаның қайып тігу сызығы арқаның мойын жағы мен жиектерін қайталайды. Жағаның енін, сондай-ақ қайырманың пішінін үлгіге сәйкес анықтайды.

Мойын мен қайырманы рәсімдеуге байланысты тегіс жатқызылатын жағалар пелерина типті дөңгелетілген (7.16-сур., а), ұзартылған, «матростық» (7.16-сур. б) болуы мүмкін.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Балаларға арналған киімді құрастырудың ерекшеліктері қандай?
2. Қыз балаларға арналған белдемшелердің сызбасын құрастыру үшін қандай бастапқы деректер қажет?
3. Тіке белдемшенің сызбасын құрастыру үшін негізгі құрылымдық учаскелер бойынша бос қонымды ету үшін үстемелердің шамасы қандай?
4. Қыз балаларға арналған шалбардың сызбасын құрастыру үшін қандай өлшемдерді пайдаланады?
5. Шалбардың құрылымын құрастыру жөніндегі жұмыстың құрылымы қандай?
6. Қыз балаларға арналған иық бұйымдарының сызбасын құрастыру үшін қандай бастапқы деректер қажет?
7. Қыз балаларға арналған иық бұйымдарының сызбасын құрастыру үшін қандай бастапқы деректерді пайдаланады?
8. Қыз балаларға арналған иық бұйымдарының сызбасын құрастыру үшін қандай үстемелерді пайдаланады?
9. Иық бұйымдарының сызбасын құрастыру тәртібі қандай?
10. Қондырма жеңнің сызбасын құрастырудың бірізділігін сипаттаңыз.
11. Қайырма жағалардың, тік жағалардың және тегіс жатқызылатын жағалардың сызбалары қалай жасалады?

ЕР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КИІМДІ ҚҰРАСТЫРУ

8.1. БЕЛДІК БҰЙЫМДАР

8.1.1. Шалбар негізінің сызбасын құрастыру.
Сызба құрастыруға арналған бастапқы деректер

Ер балаларға арналған құрылымдардың негізін құрастыру басқа жас топтарындағы адамдар үшін киім дайындау кезіндегі кезеңдер бойынша жүргізіледі: бастапқы деректерді алу, таңдалған құрылымдастыру әдісінің бірізділігімен 0,1 см-ге дейін есептеу, сызбаның базистік кестесін құру, бұйым құрылымының негізінің сызбасын есептеу және құрастыру, орындалған сызбаның сапасын тексеру.

Ер адамдарға сияқты, ер балаларға арналған белдік бұйымдарға шалбарлардың әртүрлі түрлері жатады.

Ер балаларға арналған шалбарлардың негізгі бөлшектері мен құрылымдық желілері әйелдер мен ер адамдарға арналған шалбарлардың құрылымына ұқсас (5.2-сур.). Ұсынылатын құрылым ОТТТЗ әдістемесі бойынша жүзеге асырылды.

Шалбар негізінің сызбасын құрастыру үшін дене бітімінің өлшемдерін және негізгі өлшемдерге қатысты үстемелерді білу қажет. 8.1-кестеде құрылымдастыру үшін қажет өлшемдер келтірілген.

Бұл ретте 8.1-кестенің соңғы бағанасында бойы 134 см, кеуде құлашы 68 см, бастауыш мектепте оқитын ер баланың дене бітімінің өлшемдеріне сәйкес келетін сандық мағынадар келтірілген.

Үстемелер 4.3-кестеден таңдалады.

Нақты мысал үшін келесі үстемелерді таңдаймыз:

Пт = 1 см; Пб = 3 см.

8.1-кесте. Шалбардың сызбасын құрастыру үшін қажет		
Өлшемнің белгіленуі	Өлшемнің атауы	Мәні, см
Ст	Жартылай бел айналымы	30
Сб	Жамбастық жартылай айналымы	36,9
Дтк (Дткб)	Жамбастық сызығынан бастап тізелердің сызығына дейінгі арақашықтық	45,8
Дб	Шалбардың	80

Сызбаның базистік кестесін құрастыру. Сызбаның базистік кестесі – бұл өзара перпендикуляр, тік және көлденең сызықтардың жүйесі (8.1-сур.).

Тік түзу сызықты өткізіп, оған Т0 нүктесін қояды. Т0 нүктесінен бастап төмен қарай Т0Я1 отырғыштың; Т0К0 тізелердің; Т0Н0 төменгі жақтың биіктігінің сызығының күйін анықтайтын кесінділерді қалдырады. Бұл ретте:

$T0Я1 = 0,5C6 + 2$ см балабақшаға және мектепке даярлық тобына баратын балалар үшін;

$T0Я1 = 0,5C6 + 1$ см бастауыш және орта буынды мектепке баратын балалар үшін;

$T0Я1 = 0,5C6$ жасөспірім тобына баратын балалар үшін;

$T0K0 = |Дтк САтк6|$;

$T0H0 = Д6$,

мұндағы, Д6 — шалбардың ұзындығы.

Я1 нүктесінен бастапқы жоғары қарай Я1Б1, кесіндісі қалдырылады, ол жамбас сызығының күйін анықтайды:

$Я1Б1 = 1/3T0Я1$.

Т0, Я1, Б1, К0 және Н0 нүктелері арқылы базистік көлденең сызықтарды өткізеді.

Жамбас сызығының бойымен шалбардың алдыңғы жартысының енін Б1Б2 кесіндісі анықтайды, ол Б1 нүктесінен бастап оңға қалдырылады:

$Б1Б2 = 0,5(C6 + П6) - 1... 1,5$ см,

(балабақша, мектепке даярлық тобына және бастауыш мектепке баратын балалар үшін 1 см; ересек мектеп және жасөспірім топтарының балалары үшін 1,5 см).

Б2 нүктесі арқылы тік сызықты өткізеді, оның Т0 көлденең сызығымен қиылысуы Т2 нүктесімен, ал Я1 нүктесінен көлденең сызықпен қиылысуы Я2 нүктесімен қиылысуды білдіреді.

Алдыңғы жартының қадамының енін және қадам сызығының бағытын Б2Б3 кесіндісі анықтайды:

$Б2Б3 = 0,1 C6 + 0,5$ см.

Шалбардың бүгілу сызығы Б1Б3 кесіндісінің ортасында орналасқан:

$Б1Б = ББ3 = 0,5Б1Б3$.

Б нүктесі арқылы тік сызық жүргізеді, оның базистік көлденең сызықтармен қиылысуы Т, Я, К, Н білдіреді.

Төменгі жақтың Шн дайын түріндегі сызығы бойынша шалбардың енін тапсырыс берушінің ниетіне байланысты немесе сән бағытына сәйкес анықтайды. Ер адамдардың шалбарында сияқты, алдыңғы жартының төменгі жағының ені артқы жартысынан 4 см-ге кем:

$Н1Н2 = Шн - 2$ см.

8.1-сур. Ер балаларға арналған шалбар құрылымының базистік кестесін құрастыру.

Алдыңғы жақтың төменгі жағының сызығының бойымен шалбардың ені $НН1 = НН2 = 0,5НН2$ сызбасында көрсетілген.


Шалбардың енін тізелер сызығының бойымен алдыңғы жартысы арқылы немесе үлгісі бойынша анықтайды, немесе Н1 және Б1 нүктелерін біріктіреді және К көлденеңі бар алынған тіке сызыққа К01 нүктесін қояды. Осы нүктеден бастап көлденеңі бойынша оңға қарай ұзындығы 1...1,5 см кесіндіні қалдырады және К1 нүктесін алады, бұл ретте бұл кесіндінің ұзындығына қарағанда шалбардың ені азырақ.

Алдыңғы жартының ені тізелердің деңгейінде:

$КК2 = КК1$.

Б3 және К3 нүктелерін біріктіреді және алынған тік сызық пен көлденең сызықтың қиылысында Я нүктесінен Я3 нүктесін — шалбардың алдыңғы жартысының қадамдық желісінің жоғарғы шегін алады.

Шалбардың алдыңғы жартысын құрастыру (8.2-сур.). Балабақшаға және мектепке даярлық тобына баратын балаларға арналған шалбардың алдыңғы



жартысының ортаңғы сызығының жоғарғы шегінің күйін (іші шығыңқы дене бітімі болған кезде) T2T3 кесіндісі анықтайды, оны тікесінен T2 нүктесінен бастап жоғары қалдырады (8.2-сур. көрсетілгендей етіп). $T2T3 = 0,5$ см.

Қалған топтардағы балалар үшін шалбардың алдыңғы жартысының ортаңғы сызығының жоғарғы шегінің күйін T2T21 кесіндісі анықтайды, ол T2 нүктесінен өткізілген көлденеңі бойынша солға қарай қалдырылады:

$$T2T21 = 0,5 \text{ см.}$$

Ортаңғы сызықты құрастыру үшін 1 қосалқы нүктені табады. Я2 нүктесінен бастап Б2Я2Я3 бұрышының бисектрисасында Я21: $Я21 = 0,4Я2Б2$ кесіндісін қалдырады.

Ортаңғы сызықты T21, Б2, 1 және Я3 нүктелері арқылы өткізеді.

Шалбардың алдыңғы жартысының енін бел сызығы бойынша есептейді:

$T21T4 (T3T4) = 0,5 (Cт + Пт) + в + с$, мұндағы: в — қымтаулы тігістің ерітіндісі, ол 2.2,5 см тең; с — қыртыстың тереңдігі, ол 3.5 см-ге тең.

Суретте T3 нүктесі көрсетілмеген.

8.2-сур. Ер балаларға арналған шалбардың алдыңғы және артқы жартыларын құрастыру

Ер балаларға арналған шалбарларда қымтаулы тігіс пен қыртысты бірге сирек жобалайды, әдетте біреуін ғана пайдаланады. Екі шағын қыртыстарды өте жиі жасайды. Балабақшаға және мектепке даярлық топқа баратын балалар үшін бел бойынша қымтаулы тігісті мүлдем жобаламайды. T21T4 кесіндісін T0 нүктесінен бастап өткізілген көлденең бойынша қалдырады.

Балабақшаға және мектепке даярлық тобына баратын балалар үшін Т4 нүктесін Т0 нүктесінен және Т3Т4 кесіндісінен өткізілген көлденең сызықтардың қиылысында алады, бұл ретте Т4 — бүйіржақ сызықтың жоғарғы шегі. Қалған топтардағы балаларға арналған бұйымдарда бүйіржақ сызығының жоғарғы шегі Т41 нүктесі болады, оны Т4 нүктесінен жоғары қарай тікесінен Т4Т41 кесіндісін қалдыру арқылы жасайды:

$$Т4Т41 = 0,5 \dots 0,7 \text{ см.}$$

Т41 (Т4) нүктесін Т21 (Т3) нүктесімен бірқалыпты қисық сызықпен біріктіреді және алдыңғы жартының белінің сызығын алады.

Қымтаулы тігісті әдетте осьтік желінің бойымен орналастырады, бұл үшін одан оңға және солға қарай ерітіндінің жартысын қалдырады (суретте көрсетілгендей).

Қымтаулы тігістің ұзындығы 7,5 см-ге тең (үлгісіне байланысты). Қыртыстың тереңдігін әдетте осьтік желіден солға қарай қалдырады. Екі қыртысты жобалаған жағдайда біріншісінің тереңдігі ортақ ерітіндінің шамасынан 0,6 с тең, екіншісі сәйкесінше 0,4 с тең, бұл ретте қыртыстар арасындағы арақашықтық 4.6 см құрайды.

Бүйіржақ жиектің сызығын Т41 (Т4), Б1, К1 нүктесінің бірқалыпты қисық сызығын біріктіру арқылы және Н1 нүктесіне дейін тіке сызықты өткізу арқылы рәсімдейді.

Алдыңғы жиектің сызығын Я3, К2 нүктесінің ірқалыпты қисық сызығын біріктіру арқылы және Н2 нүктесіне дейін тіке сызықты өткізу арқылы рәсімдейді.

Төменгі жақтың сызығы Н1 және Н2 нүктелері арқылы өтеді.

Шалбардың артқы жартысын құрастыру. Шалбардың ені Н3Н4 төменгі жағының сызығы бойынша (8.2-сур. қараңыз):

$$НН3 = НН4 = 0,5(Шн + 2 \text{ см}).$$

Шалбардың енін тізелердің сызығы бойынша К1 нүктесінен бастап солға қарай, К2 нүктесінен оңға қарай қалдырып, кесінділермен $К1К3 = К2К4 = 2,2,5 \text{ см}$ деп анықтайды.

Б нүктесінен көлденеңі бойынша солға қарай өткізілген ББ4 кесіндісін қалдырып, Б4 нүктесінің күйін анықтайды:

$$ББ4 = 0,5(Б4Б5 + Б5Б6).$$

Б4 нүктесінен бастап оңға қарай жамбас сызығы бойымен артқы жартының енін Б4Б5 кесіндісін қалдырады және Б5 нүктесін алады. Б5 нүктесінен бастап оңға қарай жамбас сызығы бойынша қадамның енін Б5Б6 кесіндісін қалдырады және Б6 нүктесін алады.

Жамбас сызығы бойынша Б4Б5 артқы жартының ені:

$Б4Б5 = 0,5(Сб + Пб) + 1 \text{ см}$ балабақшаға, мектепке даярлық тобына және бастауыш мектепке баратын балаларға арналған бұйымдарда;

$Б4Б5 = 0,5(Сб + Пб) + 1,5 \text{ см}$ ересек мектеп және жасөспірімдік топтарға баратын балаларға арналған бұйымдарда.

Жамбас сызығы бойынша Б5Б6: артқы жартының қадамының ені:

$$Б5Б6 = 0,2Сб + 1,5 \text{ см.}$$

Ортаңғы сызықтың бағытын анықтау үшін Т21Т5 (Т3Т5) кесіндіні көлденеңі бойынша солға қарай Т21 (Т3) нүктесінен бастап қалдырады.

$Т3Т5 = 2 \text{ см}$ балабақшаға, мектепке даярлық тобына баратын балаларға арналған бұйымдарда;

$Т21 Т5 = 3 \text{ см}$ бастауыш және ересек буынды мектепке баратын балаларға арналған бұйымдарда;

$Т21 Т5 = 4 \text{ см}$ кеуде құлашы 84 — 92 см болатын, жасөспірімдік топқа баратын балаларға арналған бұйымдарда;

$Т21 Т5 = 5 \text{ см}$; дәл сол сияқты кеуде құлашы 96—104 см болатын балаларға арналған.

T5 және B5 нүктелері арқылы тіке сызықты өткізеді, онымен Я1 нүктесінен басталатын көлденең қисық қиылысқан кезде Я4 нүктесі алынады; Я4 нүктесі Я2 нүктесінен оңға қарай да, солға қарай да орналасуы мүмкін.

T5T6 бел сызығының ені:

$$T^{\wedge}T6 = 0,5(Ст + Пт) + Вi,$$

мұндағы, v_1 — қымтаулы тігістің ерітіндісі, ол 1,5...2,5 см-ге тең.

T5T6 кесіндісі T0 нүктесі арқылы өткізілген көлденеңді T5 нүктесінен бастап қалдырады.

Бүйіржақ жиектің сызығын T6, B4 және K3 нүктелерін бірқалыпты біріктіру арқылы, содан кейін H3 нүктесіне дейін тік сызықты өткізу арқылы рәсімдейді.

Алдыңғы және артқы жартыларының бүйіржақ сызықтарын теңестіреді. Бұл ретте K3B4T6 сызығындағы K3 нүктесінен бастап K1B1T41 тең кесіндіні қалдырады және T61 нүктесін алады.

Ортаңғы сызықтың жоғарғы шегін — T7 нүктесін K нүктесінен радиусы KT61 болатын B5T5 тік сызықтың ұзына бойына кертілген таңба қою ақылы рәсімдейді. T7 және T61 нүктелерін біріктіреді және артқы жартының белінің сызығын жасайды. Бел сызығының бойымен қымтаулы тігісті T61T7 кесіндісінің ортасында орналастырады. Қымтаулы тігістің ұзындығы 6.7,5 см.

K4 және B6 нүктелерін біріктіреді және алынған тік сызықта K4 нүктесінен бастап K4 Я5 кесіндісін қалдырады:

$$K4Я5 = K2Я3 - 0,5 \text{ см};$$

Я5 — қадамдық желінің жоғарғы шегі.

Я5, K4 нүктелерін бірқалыпты біріктіре отырып, содан кейін H4 нүктесіне дейін өткізу арқылы қадамдық желіні рәсімдейді.

Ортаңғы желіні рәсімдеу үшін 2 қосалқы нүктені табады:

$$Я42 = 1,5.2,5 \text{ см}.$$

Я42 кесіндісін B5Я4Я5 бұрышының биссектрисасына қалдырады.

Орташа сызықты Я5, 2, B5 нүктелерін бірқалыпты біріктіре отырып, содан кейін T7 нүктесіне дейін тіке сызықты өткізу арқылы рәсімдейді.

Төменгі жағының сызығы H3 және H4 нүктелері арқылы өтеді.

Қалталар ер адамдарға арналған шалбардағыдай орналастырылған (4.1-тармақшаны қараңыз). Орындалған сызбаның сапасын тексеру. Шалбар құрылымының сызбасын жасағаннан кейін мынадай жұмыстар жүргізіледі:

шалбардағы бел, жамбас, тізелер, балағы, ұзындығы сызықтары бойынша алдыңғы және артқы жартыларын өлшейді. Отыру сызығының биіктігін дұрыс есептегенін тексереді;

алдыңғы және артқы жарыларының қадамдық және бүйіржақ сызықтарының бірібіріне қатысты ұзындықтарының сәйкес келетініне көз жеткізеді;

бел мен балақтардың деңгейінде бүйіржақ сызық бойынша, отырғыш пен балақтың биіктік сызығының деңгейінде қадамдық жиек бойынша алдыңғы және артқы жартылардың түйіндесуін тексереді;

белдің сызығы мен қадамдық сызықтың деңгейінде екі алдыңғы жартының түйіндесетінін тексереді;

жабық қымтаулы тігістер және қыртыстар болған кезде бел сызықтарының рәсімделгенін тексереді.

Бастауыш бойы 134 см және кеуде құлашы 68 см болатын, мектеп тобына баратын ер балаларға арналған шалбар негізінің сызбасын құрастыру үшін есептеудің мысалы 8.2-кестеде келтірілген.

8.2-кесте. Бастауыш бойы 134 см және кеуде құлашы 68 см болатын, мектеп тобына баратын ер балаларға арналған шалбар негізінің сызбасын құрастыру үшін есептеудің мысалы, см

Кесінді	Орын ауыстыру бағыты	Есептік формула және есептеу	Кесіндінің ұзындығы
Сызбаның базистік кестесін құру			
T_0Y_0	Тікесінен төмен қарай	$T_0Y_1 = 0,5C_5 + 1 = 0,5 \times 36,9 + 1 = 18,5 + 1$	19,5
T_0K_0	Тікесінен төмен қарай	$T_0K_0 = A_{TK}$	45,8
T_0H_0	Тікесінен төмен қарай	$T_0H_0 = A_{TB}$	80
Y_1B_1	Тікесінен жоғары қарай	$Y_1B_1 = 1/3T_0Y_1 = 1/3 \times 19,5$	6,5
B_1B_2	Көлденеңнен оңға қарай	$B_1B_2 = 0,5(C_5 + H_5) - 1 = 0,5(36,9 + 3) - 1 = 0,5 \times 39,9 - 1 = 20 - 1$	19
B_2B_3	Көлденеңнен оңға қарай	$B_2B_3 = 0,1C_5 + 0,5 = 0,1 \times 36,9 + 0,5 = 3,7 + 0,5$	4,2
B_1B	Көлденеңнен оңға қарай	$B_1B = 0,5B_1B_3 = 0,5 \times 23,2$	11,6
$HH_1 = HH_2$	Көлденеңнен солға және оңға қарай	$HH_1 = HH_2 = 0,5H_1H_2 = 0,5(H_5 - 2) = 0,5(16 - 2) = 0,5 \times 14$	7
$K_{01}K_1$	Көлденеңнен оңға қарай	$K_{01}K_1 = 1 \dots 1,5$	1
KK_2	Көлденеңнен оңға қарай	$KK_2 = KK_1$	
Шалбардың алдыңғы жартысын құрастыру			
T_2T_{21}	Көлденеңнен солға қарай	$T_2T_{21} = 0,5$	0,5
Y_{21}	Б2Я2Я3 бұрышының биссектрисасы бойынша оңға	$Y_{21} = 0,5T_{21} = 0,5 \times 0,5$	2,6
$T_{21}T_4$	Көлденеңнен солға қарай	$T_{21}T_4 = 0,5(C_2 + H_1) + c = 0,5(36 - 1) + 3$	18,5
T_4T_{41}	Тікесінен жоғары қарай	$T_4T_{41} = 0,5 \times 4,3$	0,5

8.2-кестенің соңы

Кесінді	Орын ауыстыру бағыты	Есептік формула және есептеу	Кесіндіні ң
Шалбардың артқы жартысын құрастыру			
$HH_3 = HH_4$	Көлденеңнен солға және оңға қарай	$HH_3 = HH_4 = 0,5(MH_0 + 2) = 0,5(16 + 2) = 0,5 \times 18$	9
$K_1K_3 = K_2K_4$	Көлденеңнен солға және оңға қарай	$K_1K_3 = K_2K_4 = 2 \dots 2,5$	2
B_4B_5	—	$B_4B_5 = 0,5(C_6 + H_6) + 1 = 0,5(36,9 + 3) + 1 = 0,5 \times 39,9 + 1$	21
	—	$B_3B_6 = 0,2C_6 + 1,5 = 0,2 \times 36,9 + 1,5$	8,9
BB_4	Көлденеңнен солға қарай	$BB_4 = 0,5(B_4B_5 + B_3B_6) = 0,5(21 + 8,9) = 0,5 \times 29,9$	15
B_4B_5	Көлденеңнен оңға қарай	B_4B_5	21
$EsEe$	Көлденеңнен оңға қарай	B_3B_6	8,9
$T_{21}T_5$	Көлденеңнен солға қарай	$T_{21}T_5 = 3$	3
T_5T_6	Көлденеңнен солға қарай	$T_5T_6 = 0,5(C_7 + H_7) + 1 = 0,5(30 + 1) + 2$	17,5
$K_4Я_5$	К ₄ Б ₆ тіке сызығы бойынша жоғары қарай	$K_4Я_5 = K_2Я_3^* - 0,5 = 26,4 - 0,5$	25,9
$Я_{42}$	Б ₅ Я ₄ Д ₅ бұрышының биссектрисасы бойымен жоғары және оңға қарай	$Я_{42} = 2,5$	2,5

8.2. ИЫҚ БҰЙЫМДАРЫ


8.2.1. Қондырылған жеңі бар бұйым негізінің сызбасын құрастыру (маусымдық пәлтенің мысалында)

Ер балаларға, сондай-ақ ер адамдарға арналған тұрмыстық сырт киімнің иық бұйымдарына жейделе, желеткелер, пенжектер, күрткелер, плащтар, пәлте жатады. Көбінесе бұлар ұқаусырма киімдер. Ер балаларға арналған киімдегі құрылымдық сызықтардың ер адамдар мен әйелдерге арналған киімдегі сияқты атаулары бар (5.10 және 6.3 суреттерді қараңыз).

Иық бұйымының сызбасын базистік кестеден бастайды, онда арқа мен жиекті (және егер болса бүйіржақты) салады; жең мен жағаның сызбасын бөлек жасайды.

Құрастыруға арналған бастапқы деректер. Құрылым негізінің сызбасын құрастыруға қажет өлшемдер 8.3-кестеде келтірілген. Кестенің соңғы бағанасында бойы 134 см, кеуде құлашы 68 см болатын бастауыш мектеп жасындағы ер баланың типтік дене мүсінінің өлшемдерінің сандық мәндері берілген, олар мысал ретінде есептеу үшін пайдаланылады.

8.3-кесте. Иық бұйымының сызбасын құрастыру үшін қажет өлшем мәндері		
Өлшемнің белгіленуі	Өлшемнің атауы	Мәні, см
$C_{\text{ш}}$	Мойынның жартылай айналымы	15,7
$C_{\text{гш}}$	Кеуденің үшінші жартылай айналымы	34
$C_{\text{г}}$	Белдің жартылай айналымы	30
$C_{\text{б}}$	Іштің шығыңқылығын ескере отырып, жамбастың жартылай айналымы	36,9
$Ш_{\text{г}}$	Кеуденің ені	13,2
$A_{\text{гел}}$	Белдің артқы сызығынан бастап мойын негіздемесінен бастап жобаланатын иық тігісінің жоғарғы нүктесіне дейінгі арақашықтық	34,7
$A_{\text{тшл}}$	Мойын негіздемесінен бастап жобаланатын иық тігісінің жоғарғы нүктесінен бастап мойынның алдыңғы сызығына дейінгі арақашықтық	31,5
$B_{\text{прш}}$	Мойын негіздемесінен бастап жобаланатын иық тігісінің жоғарғы нүктесінен бастап қолтық асты шұқырдың артқы бұрышының деңгейіне дейінгі арақашықтық	15
$Ш_{\text{с}}$	Иықтың қисық биіктігі	34,8
$A_{\text{н}}$	Арқаның ені	15,1
$Ш_{\text{н}}$	Бұйымның ұзындығы	70
$A_{\text{р}}$	Иық құламасының ені	11,2
$O_{\text{н}}$	Жең ұзындығы	45
	Иық құлашы	21,6



8.3.-сурет. Ұл балаларға арналған иықтық бұйым құрастыру сызбасының базистік кестесін жасау

Құрастыру сызбасына қажет үстемені кестеден таңдайды (4.2 — 4.7 кестелерді қараңыз), см:

$$\begin{array}{lll} \Pi_{\text{шс}} = 10; & \Pi_{\text{б}} = 8,5; & \Pi_{\text{шгс}} = 1,7; \\ \Pi_{\text{шс}} = 1,7; & \Pi_{\text{атс}} = 1; & \Pi_{\text{оп}} = 9,6; \\ \Pi_{\text{шш}} = 1,8; & \Pi_{\text{сшр}} = 3,5; & \end{array}$$

Базистік кестені құрастыру. Негіз сызбасының базистік кестесі өзара перпендикулярлы төрт тік және төрт көлденең сызықтардың жүйесін білдіреді (8.3-сур.).

Сызбаның сол жақ жоғарғы бұрышына A_0 нүктесін қояды және төмен қарай тік сызықты жүргізеді, оған мыналарды анықтайтын кесінділерді қалдырады:

ойынды тереңдігінің сызығының деңгейін

$$A_0F = B_{\text{прзш}} + \Pi_{\text{сшр}} + 0,5\Pi_{\text{атс}};$$

жауырындардың деңгейін

$$A_0y = 0,4A_{\text{тсш}};$$

бел сызығының деңгейін

$$A_0T = A_{\text{тсш}} + \Pi_{\text{атс}} \quad (\text{қынама және жатылай қынама сұлбалар үшін});$$

$$A_0T = A_{\text{тсш}} - 0,5 \dots 1 \text{ см} + \Pi_{\text{атс}} \quad (\text{тік сұлба үшін}).$$

0,5.1 см үстемесінің мәні мүсінге байланысты анықталады. Еңкіш дене бітімі үшін ол 0,5 см, қалыпты дене бітімі үшін 0,7 см, бүгілген дене бітімі үшін 1 см тең;

жамбас сызығының деңгейін

$$ТБ = 0,5Д_{тсп} - 2...5 \text{ см.}$$

2.5 см үстемесінің мәні балабақшаға және мектепке даярлық тобына баратын балаларға арналған бұйымдарда 2 см, бастауыш және ересек буынды мектепке баратын балалар үшін 3 см, жасөспірім топтарындағы балалар үшін 5 см болып алынады.

А0, Г, Т және Б нүктелерінен көлденең сызықтар жүргізеді.

Т нүктесінен көлденеңі бойынша оңға қарай арқаның ортаңғы сызығын сызу шамасын - ТТ1 кесіндісін қалдырады. Бұл шама сұлбаға, ортасында тігістің болуына немесе болмауына, мүсіннің ерекшеліктеріне байланысты. 8.4-кестеде осы шамалардың типтік дене бітіміне (мүсіні қалыпты) арналған мәндері келтірілген.

Бүгілген дене бітімі үшін 8.4-кестесінде келтірілген шаманы азайтады, еңкіш дене дене бітімі үшін 0,5 см-ге ұлғайтады.

Арқасы тілік бұйымдар үшін у және Т1 нүктелерін, арқасы тілік емес бұйымдар үшін А0 және Т1 нүктелерін біріктіреді. Г нүктесінен сызылатын көлденең сызығы бар уТj және А0Т1 кесінділерінің қиылысында г нүктесі алынады.

Базистік кестенің ені бойынша негізгі учаскелердің шамасын есептейді.

$$A_0a_1 = C_{гш} + П_{г} + Г_{г}.$$

А0а1 көлденеңі бойынша оңға қарай А0 нүктесі арқылы қалдырады.

Арқаның ені

$$A_0a = Ш_{с} + П_{шс}.$$

Жиектің ені

$$a_1a_2 = Ш_{г} + П_{шг}.$$

Ойындының ені аа2

$$aa_2 = A_0a_1 - A_0a - a_1a_2.$$

аа2 кесіндісінің ұзындығын (ойындының енін) 8.5 және 8.6 кестелерде келтірілген ойындының орташа енімен салыстырады.

Егер аа2 ені орташа мәннен айтарлықтай ауытқыса, онда Пшс, Пшп немесе барлық Пг. үстемесін өзгерту арқылы оны түзетеді.

а, а1, а2 нүктелерінен тік сызықтарды сызады. Олар Г нүктесінен сызылған көлденең сызықпен қиылысатын жерлерге Г1, Г3, Г4 қояды. Бұл тік сызықтарды Т нүктесінен сызылатын көлденең сызықпен қиылысқанға дейін сыза отырып, Т3 және Т7 нүктелерін алады. Тік сызықты а1 нүктесінен бастап Б көлденеңімен қиылысқанша сызу арқылы Б3 нүктесін алады.

8.4-кесте. Мүсіні қалыпты дене бітімі үшін бел сызығының деңгейінде арқаның орташа сызығын қалдыру шамасы

Сұлба	Арқасы бар бұйымдарда қалдыру шамасы, см			
	тілігі (орташа тігісі) бар балаларға арналған		тілігі (орташа тігісі) жоқ балаларға арналған	
	балабақша, мектепке даярлық топ, мектеп	ересек мектеп, жасөспірім топтары	балабақша, мектепке даярлық топ, мектеп	ересек мектеп, жасөспірім топтары
Тіке	0,5	1	1	1,5
Жартылай қынама және қынамалы	1	1,5	1,5	2

8.5-кесте. Балабақшаға, мектепке даярлық тобына және бастауыш мектепке баратын ер балалаға арналған қондырма жеңі бар бұйымдар ойындысының орташа ені

Бұйым	Балаларға арналған бұйымдар ойындысының орташа ені										
	балабақшаға баратын, кеуде құлашы, см			мектепке жаярлық тобына кеуде құлашы, см			бастауыш мектеп, кеуде құлашы, см				
	52	56	52	56	60	56	60	64	68	72	
Пенжек, күртке	7,7	8,3	8,9	9,8	10,3	10,8	10,5	11	11,5	12	12,5
Маусымдық, жазғы пәлте	8,3	8,9	9,5	10,4	10,9	11,4	11,1	11,6	12,1	12,6	13,1
Қалыңдығы 0,4 см жылытқыш төсемі бар қысқы пәлте	9,1	9,7	10,3	11,2	11,7	12,2	11,9	12,4	12,9	13,4	13,9
Қалыңдығы 0,8 см жылытқыш төсемі бар	9,9	10,5	11,1	12	12,5	13	12,7	13,2	13,7	14,2	14,7

8.6-кесте. Ересек буынды мектепке баратын және жасөспірімде тобындағы ер балаларға арналған қондырма жеңі бар бұйымдардағы ойындының орташа ені

Бұйым	Балаларға арналған бұйымдар ойындысының орташа ені, см,										
	ересек мектеп тобы, кеуде құлашы, см				жасөспірімдер тобы, кеуде құлашы, см						
	68	72	76	80	84	88	92	96	100	104	108
Пенжек, күртке	12,3	12,8	13,3	13,8	14,2	14,7	15,2	15,7	16,2	16,7	17,2
Маусымдық, жазғы	12,9	13,4	13,9	14,4	14,8	15,3	15,8	16,3	16,8	17,3	17,8
Қалыңдығы 0,4 см жылытқыш төсемі бар	13,7	14,2	14,7	15,2	15,6	16,1	16,6	17,1	17,6	18,1	18,6

Қа	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
лыңд	4	5	5	6	6	6	7	7	8	8	9
ығы	,		,		,	,	,	,	,	,	,
0,8	5		5		4	9	4	9	4	9	4

Мойын сызығын және арқаның иық сызығын құрастыру. Арқаның үстіңгі ортаңғы сызығын $A_0A_{01} = 0,5$ см шамасына ұлғайтады.

Арқасы тілік бұйымдарда жоғарғы бөліктегі арқаның орташа сызығын (жауырынның деңгейіне дейін) 0,5 см-ге оңға бұрады.

$$A_0A_{01} = 0,5 \text{ см.}$$

Егер дене біті өте еңкіш болса, онда $A_{01}A_{02}$ кесіндісін 1 см-ге дейін ұлғайтады.

$A_{01}(A_{02})$ нүктесінен $A_{01}U$ ($A_{02}U$) тіке, перпендикуляр сызықта арқадағы мойынның еніне тең кесіндіні қалдырады:

$$A_{01}(A_{02})A_2 = C_{\text{ш}}/3 + \Pi_{\text{шгс}}.$$

Мойынның биіктігін (тереңдігін) A_2 :

$$A_2A_1 = A_{01}(A_{02})A_2/3.$$

. нүктесінен бастап тікесінен төмен қарай қалдырады.

A_1 нүктесі арқылы $A_{01}(A_{02})A_2$ тіке, параллель сызық өткізеді және ол A_{01} (A_{02}) тік сызығымен қиылысқан жерде A нүктесін қояды.

Арқаның иық нүктесінің күйін (иық сызығының ұшын) екі доғалардың қиылысымен анықтайды, біріншісі - $A_2\Pi$ кесіндісінің радиусына тең A_2 нүктесінен сызылған, екіншісі радиусы $T_1\Pi$ болатын T_1 нүктесінен сызылған:

$$A_2\Pi = \Pi_{\text{п}};$$

$T_1\Pi = B_{\text{пкп}} - 0,5 \dots 1 + \Pi_{\text{впк}}$ қынама және жартылай қынама сұлбаларға арналған;

$T_1\Pi = B_{\text{пкп}} - 0,5 \dots 1 + \Pi_{\text{впк}}$ тік сұлбаға арналған (коэффициентті A_{0T} кесіндісінің ұзындығын анықтаған кездегідей таңдайды);

$$\Pi_{\text{впк}} = \Pi_{\text{дтс}} + K,$$

мұндағы, K — $\text{Впк}\Pi$ өлшем сызығының ауытқуын жауырынның ортасынан өтейтін және 0,3.0,7 см тең шама.

Π нүктесінен перпендикулярды a нүктесінен сызылған тік сызыққа өткізеді және Π_2 нүктесін алады.

Π нүктесінің күйін осылай анықтау 0,5.1 см-ге тең ойындының сызығы бойынша жия жия үтіктеуді (немесе қымтаулы тігісті) қарастырады.

Жиектің иық сызығын құрастыру. Γ_3 нүктесінен бастап көлденеңі бойынша солға қарай $\Gamma_3\Gamma_6$ кесіндісін қалдырады:

$$\Gamma_3\Gamma_6 = 0,5\Gamma_3\Gamma_4 + 1 \text{ см.}$$

Γ_6 нүктесінен бастап перпендикуляр бойынша Пспр тең кесіндіні қалдырады:

$$\Gamma_6\Gamma_7 = \text{Пспр.}$$

Γ_7 нүктесі арқылы оңға қарай көлденең сызықты өткізеді, ол тік сызықпен қиылысқан жерде a_1 нүктесінен Γ_8 нүктесін алады.

Γ_8 нүктесінен жоғары қарай жия үтіктеу шамасын қалдырады:

$$\Gamma_8\Gamma_{81} = 0,05\Pi_{\text{г}}.$$

Бүйірлері кесілген бұйымдар үшін $\Gamma_8\Gamma_{81} = 0,025\Pi_{\text{г}}.$

Г7 және Г81 нүктелерін біріктіреді және Г81 нүктесінен алынған тіке сызыққа қатысты перпендикулярды А0 нүктесі арқылы өткізілген көлденең сызықпен қиылысқанға дейін жүргізеді. Алынған нүктені А3 деп белгілейді.

Жіңішке қапсырма сызығының жоғарғы бөлігін А3Г81 бастап А3А31 шамасына қалдырады:

А3А31 - 1 см.

А3А31 белдігі жазулы бүгілмелі дене бітімдері үшін - 1,5.2 см.

Алға қарай иық белдігі бар еңкіш дене бітімдері үшін А3А31 - 0,5 см.

А3А31 кесіндісін А3 нүктесінен бастап көлденеңі бойынша солға қарай сызады.

А3Г81 — жиектің жоғарғы бөлігіндегі жіңішке қапсырманың сызығы.

А31 нүктесінен бастап көлденеңі бойынша солға қарай А31А4 жиегінің мойнының енін анықтайтын кесіндіні қалдырады:

А31А4 - А01(А02)А2.

А4 нүктесі арқылы тік сызықты сызады, ол Т нүктесінен сызылған көлденең сызықпен қиылысқан жерде Т60 нүктесі алынады. Т60 нүктесінен бастап төмен қарай Т60Т6 бел желісі түсеті шаманы қалдырады:

Т60Т6 = 1,5.2,5 см балабақшаға және мектепке даярлық тобына баратын балалар үшін (типтік дене бітімдері үшін 1,5... 1,7 см, іші шығыңқы дене бітімдері үшін 2...2,5 см);

Т60Т6 = 1... 1,5 см бастауыш және ересек мектеп топтарына баратын балалар үшін (бұл ретте типтік дене бітімдері үшін 1... 1,5 см және іші шығыңқы дене бітімдері үшін Т60Т6 = 1,5.2 см);

Т60Т6 = 1 см жасөспірімдер тобындағы балаларға арналған бұйымдарда.

Т6 нүктесі арқылы оңға қарай көлденең сызықты сызады және ол а1 нүктесінен басталатын тік сызықпен қиылысқан жерде Т8 нүктесін алады.

Жиек мойнының жоғарғы шегін Т6А41 кесіндісін тік сызық бойынша жоғары өткізу арқылы анықтайды:

Т6А41 = |4тп11 + 0,5Т60Т6 + Лдтс + Лур,

мұндағы, Лур — матаны ширатуға, қалыңдығына және қабаттылығына үстеме:

Лур = 0,3...0,7 пенжектер мен күрткелер үшін;

Лур = 1... 1,3 жазғы, маусымдық пәлте үшін;

Лур = 1,5... 2 қысқы пәлте үшін.

А41 нүктесінен бастап төмен қарай жиек мойнының тереңдігін қалдырады:

А41А5 = 0,45Сш.

А5 нүктесінен Г81А31 сызығына перпендикуляр сызықты түсіреді және А51 нүктесін алады

Иық сызығының кесімді нүктесінің күйін екі әдіспен анықтауға болады.

1 – ә д і с. Егер Впкп11 өлшемін пайдаланса, онла П5 кесімді нүктесінің күйін А41 және Т8 нүктелерінен өткізілген доғалардың қиылысымен анықтайды, олардың радиустары

А41П5 = Шп;

Т8П5 = Впкп11 + °,5Т6Т60 + Пдтп.

Л5 нүктесінен а2 нүктесінен сызылған тік сызықпен қиылысқанға дейін сызады және Л4 нүктесін алады.

2 – ә д і с. Осы әдіс кезінде алдымен Л4 және Л6 қосалқы нүктелерін табады.

Г4 нүктесінен бастап тікесінен жоғары қарай Г4Л4 және Г4Л6 кесінділерін қалдырады:

Г4Л4 = Л2Г1 — ^ мұндағы, с — арқа ойындысындағы жия үтіктеу немest қымтаулы тігістің 0,5.1 см тең шамасы.

Г4Л6 = 0,25Г4Л4 + 0,5 см.

Л6 нүктесінен Л6Л4 радиусымен Л4 нүктесінен солға қарай доғаны өткізеді және онда Шп тең А41Л5 радиусы бар кертiлген таңбаны жасайды.


A41Л5 = Шп.

A41 және Л5 нүктелерін біріктіреді және жиектің иық сызығын алады.

Арқаны құрастыру және рәсімдеу. Арқаның ортаңғы сызығын сұлбаға байланысты және ортаңғы тігісінің болуына немесе болмауына байланысты рәсімдеуді.

8.4-суретте қынама және жартылай қынаа сұлбаларына арналған бұйымдардағы орташа тігісі бар арқаның (тілігі бар арқаның) (8.4-сур.), тік сұлбасы бар (8.4-сур., б) және тік сұлбаның орташа тігісі жоқ (арқасында тілік жоқ) (8.4-сур., в) орташа сызығымен рәсімдейді.

Арқаның иық жиегінің құрылымын сипаттаған кезде арқаны бел желісінің деңгейінде (8.4-кестені қараңыз) және оның жоғарғы бөлігінде қалдыру туралы айтылған болатын.



8.4-сур. Арқаның ортаңғы сызығын құрастыру

Арқасы тілік емес бұйымдарда A01 және T1 нүктелерін біріктіреді, алынған сызықты B1 нүктесіндегі B нүктесінен сызылатын көлденең сызықпен қиылысқанға дейін сызады.

Бұйымның ұзындығын осы сызық бойынша A нүктесінен бастап қалдырады:

$$AH1 = D_{и} + P_{дтс}$$

AH1 — тігісі жоқ (тілігі жоқ) арқаның орташа сызығы.

Арқасында тілік бар бұйымдарда уT(қисық сызығын B1 нүктесіндегі B нүктесінен сызылатын көлденең сызықпен қиылысқанға дейін сызады. Қынама және жартылай қынама сұлбасы бар бұйымдарда (8.4-сур., а қараңыз) T1 нүктесінен көлденеңі бойынша оңға қарай T1T11 қынамалығының шамасына тең кескінді (орташа тігістегі қымтаулы тігіс) қалдырады:

$$T1T11 = 0,7... 1,3 \text{ см.}$$

T1T11 кесіндісін ортасынан бөледі және оның ортасын B1 нүктесімен біріктіреді. Алынған сызықты төмен қарай созады.


Орташа сызықты A, у, T11, B1 нүктелері арқылы өткізеді, одан әрі осы жалғанған сызықта AH1 бұйымының ұзындығын қалдырады.

Н1 нүктесі арқылы А0 нүктесінен тік, перпендикуляр сызықтарды өткізеді және Н нүктесін алады.

Белдің сызығын мына сызықтарға перпендикулярлы T11(T1) нүктесі арқылы өткізеді:

A01T ортаңғы тігісі жоқ бұйымдарда.

Мойынның сызығын (8.5-сур.) арқаның ортаңғы сызығына перпендикулярлы өтетін бірқалыпты қисық сызықпен А және А2 нүктелерін біріктіру арқылы рәсімдейді (кем дегенде 2,5 см арақашықтығында).



8.5-сур. Ер балаларға арналған маусымдық пәлте құрылымы негізінің сызбасын құрастыру

Арқа ойындысының сызығын рәсімдеу алдында технологиялық өңдеуді ескере отырып, арқаның иық нүктесінің күйін анықтайды. Жауырындардың қонымдылығы үшін қажет арқаның жығыңқылығы матаны иық жиегі және ойындының жиегінің

бойымен қонымдығы және жия үтіктеу арқылы қамтамасыз етеді. Жоғарыда аталғандай, П нүктесінің құрылымы ойындының сызығы бойынша жия үтіктеудің болуын ескереді.

Иық сызығының ұзына бойынша $ПП1 = 0,3... 1,2$ см кесіндісін қалдыру арқылы иық жиегі бойынша қонымдығын (немесе қымтаулы тігісті) қамтамасыз етеді. $ПП1$ кесіндісінің ұзындығы жауырындардың шыңғықлық дәрежесіне тәуелденеді. Қымтаулы тігіс мата нашар жия үтіктелген кезде немесе $ПП1$ кесіндісінің ұзындығы айтарлықтай үлкен болса жасайды. Егер бұйымда иық тіреуіш қарастырылса, онда радиусы $A2П1$ тең $A2$ нүктесінен жоғары қарай доғаны өткізеді және оның үстіне иық тіреуіштің үстіне арқа ойындысының ұзындығына тең $П1П11$ кесіндісін орнатады. Ойындының иық тіреуіштің әр сантиметріне шаққанда $2,5$ см-ге ұзартылады.

$П1П11 = 0,5Ппл$,

мұндағы, $Ппл$ — иық тіреуішіне шаққанда ойындыны ұзарту үстемесі; $A2П11$

— арқаның иық сызығы.

Ойындының сызығын рәсімдеу үшін $П3$, 1 , $Г2$ қосалқы нүктелерін табады.

$П3$ — ойындының сызығы $а$ нүктесінен өткізілген тіке сызыққа жанасады:

$Г1П3 = 0,5ВД$.

1 нүктесі $П2Г1Г4$ бұрышының биссектриасасында жатыр:

$Г11 = 0,25Г1Г4 - 0,0,5$ см.

$Г2$ — ойындының сызығы $Г$ нүктесінен өткізілген көлденеңге жанасатын нүкте:

$Г1Г2 = 0,5Шпр = 0,5ГЛ$.

Арқа ойындысының сызығын $П11$, $П3$, 1 және $Г2$ бірқалыпты қисық сызығын біріктіру арқылы өткізеді.

$Г2$ нүктесінен төмен қарай тік сызықты өткізеді, оның $Т$ нүктесінен сызылған көлденең сызықпен қиылысында $Т2$ нүктесін қояды, ал арқаның бел сызығымен қиылысында $Т21$ нүктесін қояды.

Жиекті құрастыру және рәсімдеу. Жиек мойнының сызығын $A41$ және $A51$ нүктелері арқылы өткізеді. Бұл үшін $A51A31$ тең радиусы бар $A41$ және $A51$ нүктелерінен екі жоғаны өткізеді.

Олардың қиылысу нүктесінен дәл осындай радиуспен мойынның $A41$ бастап $A51$ дейін сызығын өткізеді.

Мойынның үстіңгі жағына дейін қапсырған кезде жиекерді тереңдетеді:

Қымтаулы тігістерді жылжыту. Қымтаулы тігістерді бедерлі тігістерге өзгерту

Үлгідегі қымтаулы тігістер кез келген күйді ала алады: иықтық, бүйірлік тігістерден, жең ойындысынан немесе қылтадан, бел сызығынан немесе бөлшектің орта тігісінен бағытталуға тиіс. үлгілік ерекшеліктер сызықтарын түсіру кезінде базалық негіз сызбасында қымтаулы тігісті үлгі берген екі тәсілдің бірімен кез келген жағдайға ауыстырады: графикалық немесе қимаулігі тәсілімен. Графикалық тәсіл доғалар мен керткен таңбалар әдісімен орындалады. Ол нақты, бірақ біршама көп еңбекті қажет етеді.

Қимаулігілер тәсілі қарапайым, жақсы нәтижелер береді және сондықтан да техникалық үлгілеуде кеңінен қолданылады. Бұл тәсілді пайдалану кезінде қалың қағаздан үлгі – базалық негіз негізгі бөлшегінің тура көшірмесін қиып алады. Үлгіге сәйкес қымтаулы тігістің жаңа жағдайына сәйкес қимаулігі кесіндісіне нүктемен төстің біршама шығып тұратын нүктесін біріктіріп, қимаулігіге қымтаулы тігістің жаңа қалпын түсіреді. Қимаулігіні қымтаулы тігістің жаңа қалпы сызығы бойынша кеседі. Бастапқы қымтаулы тігісті бүйірлерін біріктіріп, жабады. Бұл ретте жаңа қымтаулы тігістің бүйірлері жаңа бағытта қымтаулы тігістің айырығын қалыптастырып, қиық орнында ашылады. Өзгертілген қимаулігі сұлбасы қалың қағазға салып сызылады (9.2 сурет).

Қымтаулы тігістерді ауыстыру кезінде мынадай міндетті талаптарды сақтау керек:

қымтаулы тігістер айырығы өзгеріссіз қалуға тиіс;

жаңа қымтаулы тігіс басы төстің шығыңқы жеріне бағытталуға тиіс.

9.5.

БҰЙЫМДАРДЫ ӨРТҮРЛІ МАТЕРИАЛДАРМЕН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Киімді жасау үшін маталарды ғана емес, сондай-ақ басқа материалдарды пайдаланады. Осындай бұйымдарды құрылымдастыру жалпы матадан жасалған бұйымдарды құрылымдастыруға ұқсас. Соынмен қатар, оңтайлы құрылымдық шешімді таңдауға материалдардың қалыңдық, қаттылық, кесінділердің сетінегіштігін, ЫЖӨ үдерісіне төзімділік қабілеті сияқты оңтайлы құрылымдық шешімдерді таңдауға үлкен әсер етеді.

9.5.1. Табиғи былғарыдан, жұмсақ теріден жасалған бұйымдарды құрастыру ерекшеліктері

Сыртқы иық киімін дайындаған кезде дәстүрлі материалдармен қатар табиғи былғарыны, жұмсақ теріні, кесінділерді пайдаланады. Осы материалдардан жасалған киімді сән бағыттарына сәйкес жобалайды. Осы материалдардың ерекшеліктері мынаған негізделеді:

олар ылғалды-жылулық өңдеуге (ЫЖӨ) мүлдем ұшырамайды;


олардың құрылымы өлшеп көру барысында құрылымдық желілергі ұлғайтуға немесе орын ауыстыруға жол бермейді, себебі бұйымның бөлшектерін иненің көмегімен байланыстыру беткі қабатта тесілуден кейін іздерді қалдырады;

жекелеп алынған былғарының шектелуі.

Барлық осы ерекшеліктер бұйымның құрылымына тікелей әсер етеді. Бұйымның көлемді пішінін құрылымдық құралдардың: тігістермен жіне қымтаулы тігіспен ғана келтіреді. Жалпы үстеме Пг маталарға қарағанда үлкенірек болуы тиіс. Құрылымы және сәйкесінше бұйымды пішуге арналған сызбаүлгі типтік пішінге немесе нақты тапсырыс берушінің пішініне сәйкес келуі тиіс. Үлгіні және құрылымды жасаған кезде осы бұйымды жасап шығару үшін іріктеп алынған былғары өлшемдерінің арақатынасын ескеру қажет.

Осы жағдайларды ескере отырып, табиғи былғарыдан жасалған бұйымдар үшін жалпыландырылған ұсыныстарды беруге болады. Осыған ұқсас материалдардан тура немесе жартылай қонымды сұлбаны жасау оңтайлы болып табылады. Арқаны және жиекті құрылымдық және сәндік бөлімдерге бөлудің үлкен санымен үлгілейді, өңірлердің астына тұтастай пішінделген жиектермен (немесе оның бөліктерімен) үлгіленеді. Жеңдердің пішімі әртүрлі болады: қондырма, тұтастай пішінделген реглан, құрамдастырылған. Қондырма жеңдер екі тігісті және үш тігісті болуы мүмкін, бұл ретте шынтақ және алдыңғы тігістері пішім үйлесімі бойынша алдыңғы және шынтақ қайырмаларының сызығына айтарлықтай жақын болуы мүмкін. Осындай жеңдерде қондырма барынша мүмкін болғанша қысқартылады немесе жеңнің жеңтүбінің сызығы бойынша қымтаулы тігіспен жасырылады. Жаға кесілген және кесілмеген тірегі бар, қайырмасы бойынша қисықтығы әртүрлі болуы мүмкін.


Жағалардың, қақпақшалардың, манжеталардың, иніштердің, паттардың, белдікшелердің және т.с.с құрылымдық желілерін рәсімдеген кезде үшкір бұрыштарға жанаспаған жөн. Ерлерге арналған пенжектердің негізгі бөлшектерін бөлу мысалы 9.15-суретте, пәлте 9.16-суретте келтірілді. Былғарыдан және жұмсақ теріден жасалған бұйымдар үшін құрылымның негізгі бөлшектер құрастыруды




9.15-сур. Ерлерге арналған табиғи былғарыдан жасалған пенжектің негізгі бөлшектерін бөлу мысалы

матадан жасалған бұйымларға арналған әдіспен жүргізеді, бұл ретте жия үтіктеуге деген барлық үстемелер қымтаулы тігістер мен кесінділерге «айналады». Мысалы, ерлерге арналған былғарыдан жасалған пенжектің жағасын қарастырайық.

6.2.5-тармақшада ерлер пенжегінің төменгі жағасын құрастырудың әдісі келтірілді. Осы әдіске ұқсас етіп былғарыдан осы бөлшекті жасаймыз,



9.16-сур. Ерлерге арналған жұмсақ теріден жасалған пенжектің негізгі бөлшектерін бөлу мысалы




9.17 -сур. Былғарының топографиясы (а) және созылудың өзгеру бағыты (б)

бірақ төменгі жағаны емес, қосалқы үлгіні аламыз. Былғарыдан, жұмсақ етріден, кесіндіден жасалған бұйымдарда жоғарғы және төменгі жағалардың пішім үйлесімі бірдей және қайырма мен тіректің қосылу желісінің күйімен ғана өзгешеленеді (бірігетін тігістер ұштаспауы үшін және артық қалыңдықты жасамауы үшін). Жоғарғы жағаның сызбаүлгісін алудың 3-қосымшада келтірілген әдісі бойынша қосалқы үлгінің көмегімен былғарыдан жасалған бұйымдар үшін жоғарғы және төменгі жағаларды жасайды.


Былғарыдан жасалған бұйымдар үшін сызбаүлгіні дайындаған кезде түсірулерді байланыстырғыш тігістің түріне байланыс (қайырма, жолақты) қандай да бір шамасы болады. Бұйымды пішкен кезде былғарының топографиясына, яғни қалыңдық, беріктік және созылғыштық сияқты әртүрлі қасиеттері бар жекелеген учаскелерде орналасуына ерекше назар аударылады. 9.17, а суретте, былғарының топографиясы, ал 9.17, б суретте оның учаскелерінің созылу бағыты келтірілген.

9.5.2. Жасанды былғарыдан және үлдірлі материалдардан бұйымды құрылымдастыру ерекшеліктері

Жасанды былғары мен үлдірлі материалдар өз қасиеттері бойынша табиғи былғарыға ұқсас, бірақ бу және ауа сіңіргіштігі жеткіліксіз, гигроскопиялығы болмашы. Бірақ бұл материалдардың бірқатар артықшылықтары бар. Олар әдемі, жеңіл, су сіңірмейді, желден жақсы қорғайды, үзілу мен мүжілуге берік; олардан бұйымды жасау үшін оңтайлы алаңнан дайындалуы мүмкін.



9.18 -сур. Жерасты коммуникацияларының құрылысшыларына арналған костюмнің құрылымдық шешімінің сыртқы түрі мен сызбасы



9.19 -сур. Кемелердің танкерін мұнайдың, бензиннің, сілтінің қалдықтарынан тазартуға арналған костюмнің жоғарғы бөлігін тазартуға арналған құрылымдық шешімнің сыртқы түрі мен сызбасы

Соңғы кезде керемет қасиеттері бар көптеген жаңа жасанды және синтетикалық материалдар пайда болды. Мысалы, «Горитекс» және «Экшен» мембраналық-кеуекті маталар (Финляндия) ауданның қалыңдығы мен беткі қабаты минималды болған кезде судан, желден қорғайды, ауа өткізгіш қасиеті мен механикалық тозуға деген төзімділігі жоғары.

Басқа түрі — жаңа ұрпақтың бірегей қабатты металлдандырылған иілімді материалы, жылу шағылыстыратын қасиеті бар (жылуды сәулелендіру коэффициенті 90%-дан артық), жоғары жылуға, аязға, агрессиялық заттарға төзімділігі жоғары, мұның барлығы металлургия, өрт сөндірушілер сияқты кәсіптердің қызметкерлерін қорғау үшін аса қажет заттар.

Алауды өздігінен өшіретін сипаты, перманенттік қорғаныс қасиеттері, берік жоғары көрсеткіштері бар термиялық төзімді талшықтардан жасалған материалдарды майды және суды итеретіндей етіп өңделуді қамтамасыз ететін препараттармен өңдейді, және бұл оларды қолдану саласын айтарлықтай кеңейтеді және олардың эксплуатациялық қасиеттерін жақсартады. ЗМ фирмасының (АҚШ) материалдарының жарықты шағылыстыратын және жарықты қайтаратын қасиеттері бар, бұл оларды киімдегі дабылдық элементтерді дайындау үшін таптырмас болып табылады.

Осыған ұқсас материалдардан дайындалған бұйымның көлемді пішініне табиғи былғарыдан жасалған бұйымдардағыдай сияқты құрылымдық әдістермен жетуге болады. Бірақ бұл жерде бұйымның негізгі бөлшектерін ұсақтамау қажет. Керісінше, осындай материалдардан жасалған бұйымдардың көбінесе бүйіржақ тігістері болмайды, қапсырма тігістері қыртыстармен алмастырылады, барлық құрылымдық желілір мүмкіндігінше тегістеледі. Су өткізбейтін бұйымдардың құрылымына ерекше назар аударылады. Негізінен бұлар - арнаулы киім. Дәл осындай киімді оның бөлшектері жиілігі жоғары тоқпен дәнекерлеу арқылы дайындайды. Осындай бұйымдарды құрылымдастырған кезде

9.20-сур. Кәсіби балықшыларға арналған костюмнің жоғарғы бөлігінің сыртқы үрі мен құрылымдық шешімінің сызбасы тігістер санының барынша аз болуына ұмтылады, бұл ретте иық тігістері, жеңнің қапсырма тігісі, бүйіржақ тігіс, белдік бұйымдарында — бүйіржақ тігісі алынып тасталады. Осындай киімнің бөлшектерінің пішім үйлесімі ерекше келбеттері бар.

9.18 — 9.20 суреттерде жасанды былғарыдан және үлдірлі материалдардан жасалған бұйымның сыртқы түрінің үлгілері мен осы бұйымдардың сызбұлгісінің пішім үйлесімінің мысалдары келтірілді.

9.5.3. Аң терісінен жасалған бұйымды құрылымдастыру ерекшеліктері

Аң терісінен жасалған бұйымдарды шығаратын өнеркәсіптердегі бұйымдардың сұрыпталымы айтарлықтай кең. Әдетте оларды жеті топқа бөледі, олар: әйелдерге, балаларға, ерлерге арналғанаң терісінен жасалған киім, мата жамылған киім (аң терісінің жасалған астары бар), аң терісінен жасалған бас киімдер, әйелдерге арналған аң терісінен жасалған жағалар мен бас киімдер.

Аң терісінен жасалған киімнің құрылымдық шешімі аң терісінің физикалық-механикалық қасиеттеріне байланысты анықталады. Оның қасиеттері әртүрлі және жануарлардың табиғи және биологиялық ерекшеліктеріне тәуелденеді. Бірінші кезекте құрылымға түк жамылғысының биіктігі әсер етеді, ол аң терісінің түріне байланысты 10 мм бастап 200 мм аралығында ауытқиды. Түк жамылғысы қалың аң терісінен жасалған бұйымдарды тіке және дартылай қонымды сұлба үшін, сәндік элементтерін қолданбай жобалайды. Ұзындығы орташа және қысқа түк жамылғысы бар аң терісінен кез-келген сұлбадағы қалыптарды жобалауға болады, бұл ретте

калталар, қақпақшалар, иық белгілер сияқты сәндік элементтерін пайдалануға болады. Түк басуы неғұнұрлым жоғары болса, Пг, шамасы соғұнұрлым кем, және керісінше. Матадан тігілген қысқы пәлтеге сияқты учаскелер бойынша Пг бөледі.


Былғары матасының қалыңдығы мен тығыздығы құрылымға әсер етеді. Қалыңдығы 0,1 мм бастап 3 мм дейінгі аралықта ауытқиды. Былғары қабаты қалың тері нашар драпталады. Олардан спорттық типтегі киімді (күртке) дайындаған дұрысырақ. Қалыңдығы орташа және жіңішке былғары қабаты бар күрткелер жақсы драпталады, және кез-келген сұлбаға арналған бұйымдар үшін пайдаланылады.

Бұйымның көлемді пішінін құрылымдық әдістермен алады. Жеңтүптегі қондырманы қапсырма тігіспен ауыстырады. Аң терісінен жасалған бұйымдарды кесілмеген өңірлермен құрылымдастырады, қапсырма тігістерді терілердің орналасуына және түк жамылғысының бағытына байланысты жобалайды.

Аң терісінің жылудан қорғау қасиеті жоғары, бірақ осыған қарамастан, олардың кейбір түрлері өз бетінше киімді қалыпты жылудан оқшаулаумен қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан аң терісі салынған пакетке жылытқыш төсеіме кіруі де мүмкін.

Қазір аң терісінен жасалған бұйымдарды көбінесе бөлшектерді жазуға ұқсас әдіспен құрылымдастырады. Жалпы жағдайда аң терісінен жасалған иық бұйымдары мүсіннен (арқаның және бүйіржақ тігісі жоқ жиектің құрылымы), жеңдерден, жоғарғы және төменгі жағалардан тұрады. Арқаның ортаңғы сызығы мүсінге симметриялы сызық болып табылады. 9.21-суретте әйелдерге арналып табиғи аң терісінен жасалған пәлтенің жұмыс сызбаұлгісінің сыртқы түрі көрсетілген.

Жануарлардың аң терілерінің пішіндері мен өлшемдері әртүрлі. Оларды сызықтық өлшемдермен (ұзындығы және ені) және ауданымен сипаттайды. Барлығы



9.21-сур. Әйелдерге арнап табиғи аң терісінен тігілген пәлтенің жұмыс сызбаұлгісінің сыртқы түрі

аң терісінен киімді бірнеше терілерді біріктіру арқылы жасайды. Мысалы, әйелдердің пәлтелері үшін 5 теріден бастап 200 теріге дейін қажет болады. Бұйымдағы терілер аң терісінің түрі мен сапасына, түк жамылғысының жылтырына және реңкіне, топографиялық учаскелердің өлшемдері мен ерекшеліктеріне байланысты орналастырылады. Әдетте аң терілерін орналастыру бұйымның үлгісін әзірлеген кезде қарастырылады. Сызбаұлгіге терілердің орналасу сызбаларын және түк жамылғасының бағытын ескере отырып, орналастырылады. Мүсін үшін терілерді төсеуді бірінші қатардың ортасынан бастайды. Терінің арқасын бұйымның ортасымен ұштастырады, арқаға, оң жақ және сол жақ жиектерге арналған терілерді бірізді орналастырады. Жеңге, арқаға үздік терілерді көрінетін орталық бөлікке орналастырады, сапасы нашарлау терілерді жеңнің тігісіне жақынырақ орналасатырады. Үздік терілерді жағалар, қайырмалар, манжеталар үшін іріктейді.

Егер жиынтыққа реңкі әртүрлі терілер кірсе, онда қошқылдау терілерді мүсіннің төменірек қатарына орналастырады және жоғарғы қатарлардағы ақшылдауларына біртіндеп ауысады. Төсеу аяқталғаннан кейін әр терінің бұйымда орналасқан орнын белгілейді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Базалық құрылым дегеніміз не? Ол не үшін пайдаланылады?
2. Техникалық үлгілеу дегеніміз не? Техникалық үлгілеу кезінде қандай қиындықтар туындайды? Техникалық үлгілеу үдерісінің бірізділігі қандай?
3. Үлгіні талдау мен зерделеуді неден бастайды? Үлгіні талдаған кездегі қосалқы сызықтар мен бағдарларды атаңыз.
4. Үлгінің бейнесіне қандай сызықтар сызылады? Олар не үшін қызмет етеді?
5. Бөлшектердің өлшемдерін және олардың өзара орналасуын нақтылау үшін суреттің масштабын қалай пайдаланады?
6. Базалық негізді қалай таңдайды?
7. Үлгілердің әдісі туралы айтып беріңіз. Қапсырма тігістерді орналастырған кезде қандай шарттар орындалуы тиіс?
8. Базалық негіздердің бөлшектерінің параллельді және конустың кеңейтулерін не үшін және қалай туындатады?
9. Үлгілік ерекшеліктердің сызықтарын сызғаннан кейін құрылымның сызбасында қандай элементтерді пайдаланады?
10. Матадан басқа тағы қандай материалдардан киім жасайды?
11. Табиғи былғарының, жұмсақ терінің, кесіндінің қандай қасиеттері бар? Олар бұйымның құрылымына қалай әсер етеді?
12. Үлдірлі материалдардың қасиеттері бұйымның құрылымына қалай әсер етеді?
13. Аң терісінің қандай қасиеттеріне бұйымның құрылымы тәуелденеді?
14. Бұйымда аң терісінің орналасуы туралы не білесіз?

ЖЕКЕ ПІШІНДЕРГЕ ТІГІН БҰЙЫМДАРЫ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН ЖАСАУ


10.1.

ТИПТІК ПІШІННЕН ӨРТҮРЛІ АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ БАР ПІШІНДЕР ТИПТЕРІН АНЫҚТАУ

Киімнің жаппай өндірісі дене бітімі өнімді типтік немесе типтікке жақын пішіндерге ғана әзірлеуге есептелген. Мұндай пішіндер мыналармен сипатталады:

орта дамыған бұлшық етпен;
бүкіл денеге бірдей таралған әлсіз, орта немесе мол май басулармен;
әдеттегі арқаны айқындайтын орта майысулар арқылы артқы бойдың сұлбасымен;
әдеттегі бітімді анықтайтын бел сұлбасының орта иілулерімен;
иықтардың әдеттегі биіктігімен.

Тұтынушылардың әртүрлі пішіндерінің дене бітімі типтік дене бітімнен айтарлықтай айырмашылығы болуы мүмкін. Бұл киімнің сәйкессіздігіне, оның балансының бұзылуына және т.б. нақты пішінде жаппай өндіріс бұйымдарының ақаулықтарына әкеледі.




10.2. сурет


Иық биіктігіне нұсқалар: а — әдеттегі; б — төмен; в — биік.

Типтік дене бітімінде әртүрлі ауытқушылықтарымен келесі пішін типтерін ажыратады:


әртүрлі бітімдегі, атап айтқанда, еңкіштеу, түзу, биік иықты, төмен иықты пішіндер; дененің жекелеген бөліктерінде, атап айтқанда көкіректердегі (жоғарғы тип), жамбастардағы (төменгі тип), қарын төңірегіндегі артық май басулары бар пішіндер. Аяқ-қолдың төменгі өзгертілген пішіндері, атап айтқанда: Х-бейнелі, О-бейнелі.

10.3 сурет. Әртүрлі май басулары бар әйелдер пішінінің типтері: а — әдеттегі; б — жоғарғы; в — төменгі; г — қарын төңірегіндегі артық май басу





10.4 сурет. Аяқ пішінінің нұсқалары: а — әдеттегі; б — Х-бейнелі; в — О-бейнелі



10.5 сурет. ЦОТШЛ әдісі бойынша адам пішінінің қосымша өлшемдері

10.1. кесте. Пішіндердің қосымша өлшемдері

Өлшем атаулары	Өлшемнің шартты	Өлшем әдісі	Ескертпе
Артқы бел ұзындығы өлшем бойынша екінші	ДтсПо	Жауырындардың омыртқаға барынша параллель нүктелеріне қойылған сызғыштар арқылы мойынның негізінен иық тігісін жобалайтын жоғарғы нүктелерден арақашықтықты, одан әрі бел деңгейіне дейін тікелей төменге өлшейді	Түзетілген пішіндердің артқы бел деңгейін анықтау үшін пайдаланылады
Иықтың алдынан қиғаш ұзындықты	ВпкпП	Ерлерде адыңғы жағынан иық тігісін жобалайтын төменгі иық нүктесіне дейін орта сызықпен бел сызығының қиылысу нүктесімен өлшейді	Алдыңғы жақ иықтың төменгі нүктесінің орналасқан жерін анықтау үшін пайдаланады
Көкірек ұзындығы екінші	ШгП	Әйелдерде қолтық ойыстарының алдыңғы бұрыштарынан түскен тіктер арасындағы сүт бездері нүктелері арқылы көлденеңінен өлшенеді. Өлшемді жартылай көлемде жазады	Жекелеген бөліктердегі артық бай басулар бар пішіндерге көкірек және жамбас деңгейінде алдыңғы жағының қырнаулар ерітіндісінің көлемін және алдыңғы жақтың ұзындығын анықтау үшін пайдаланады
Алдыңғы жағынан жамбас ұзындығы	Шбп	Әйелдерде қолтық ойыстарының алдыңғы бұрыштарынан түскен тіктер арасындағы анағұрлым сәйкес келетін қарын нүктесі арқылы көлденеңінен өлшенеді. Өлшемді жартылай көлемде жазады	Сөренің орташа сызығының, сөренің бүйір кесінділерінің, сөре қырнауларының және олардың ерітінділерінің көлемінің нақты орналасқан орнын анықтау үшін пайдаланады.
Жамбастың артқы ұзындығы	Шбс	Әйелдерде қолтық ойыстарының алдыңғы бұрыштарынан түскен тіктер арасындағы анағұрлым сәйкес келетін сандарының нүктесі арқылы көлденеңінен өлшенеді. Өлшемді жартылай көлемде жазады	Артқы белдің орташа сызығының, артқы белдің бүйір кесінділерінің, артқы белдің қырнауларының және олардың ерітінділерінің көлемінің нақты орналасқан орнын анықтау үшін пайдаланады.
Сүт бездерінің шығыңқы жері	В _г	$B_1 = Ш_{гп} - Ш_{оп}$	Жоғары типтегі пішіндер үшін жамбас деңгейінде алдыңғы жақтың еденнен келетін ұзын тік қырнауы ерітіндісінің көлемін анықтау үшін пайдаланады

10.1 кестесінің аяқталуы

Өлшем атаулары	Өлшемнің шартты	Өлшем әдісі	Ескертпе
Жауырындардың шығыңқы жері	B_L	$B_L = Ш_c - Ш_{6c}$	Жоғары типтегі пішіндер үшін артқы бел деңгейінде алдыңғы жақтың еденнен
Қарынның шығыңқы жері	$B_{ж}$	$B_{ж} = Ш_{6п} - Ш_{тп}$	Төменгі типтегі пішіндер үшін артқы бел деңгейінде алдыңғы жақтың еденнен келетін алдыңғы жақтың ұзын тік қырнауы ерітіндісінің көлемін анықтау үшін
Сандардың шығыңқы	$B_{я}$	$B_{я} = Ш_{6c} - Ш_c$	Төменгі типтегі пішіндер үшін көкірек деңгейінде алдыңғы жақтың еденнен
Қарынның шығыңқы жері көлеміндегі алдыңғы жақ	$Ш_{пж}$	Ерлерде қолтық ойыстарының алдыңғы бұрыштарынан түскен тіктері арасындағы анағұрлым сәйкес келетін қарын нүктесі арқылы көлденеңінен өлшенеді. Өлшемді жартылай көлемде жазады	Сөренің орта сызығының орналасқан жерін нақты анықтау үшін қолданады
Белдің алдыңғы ұзындығы	$Г_{тп}$	Әйелдерде көкірек бездерінен бел сызығына дейінгі нүктелерге қатысты тік жазықтықтан көлденең өлшенеді	Құрылымның баланстық бөліктерін нақты анықтау үшін $Г_{т1}$ бірінші бел ұзындығын стандартты өлшемімен бірге пайдаланады
Қарын шығыңқы жерінің деңгейі	$У_{вж}$	Ерлерде бел сызығынан қарынның анағұрлым шығатын нүктесіне дейінгі арақашықтық тігінен өлшенеді. «қосу» және «алу» белгілері қарынның анағұрлым шығатын нүктесі орналасқан бел сызығының төмендігі (-) немесе жоғарылығы (+)	Сөренің шеткі қырнау ерітіндісінің мөлшерін нақты анықтау үшін пайдаланылады
Тізе көлеміндегі аяқ қисықтығы	$K_{нк}$	Ерлерде тізе тостағаны деңгейінде аяқтар арасындағы арақашықтық өлшенеді	Шалбарлардың иілу жағдайларын анықтау үшін, аяқтың О-бейнелі нысаны пайдаланылады
Тобық көлеміндегі аяқ қисықтығы	$K_{нщ}$	Ерлерде арақашықтық тобық деңгейіндегі аяқтар арасында өлшенеді	Шалбарлардың иілу жағдайларын анықтау үшін, аяқтың О-бейнелі нысаны пайдаланылады

10.1 суретте бітім типтері көрсетілген, олар стандартты өлшемдер көлемдерімен сипатталады: Пк — корпус жағдайы, Гт1 — бел ұзындығы бірінші, Гт11 — бел ұзындығы екінші.

Пішін иығы табиғи немесе әдеттегі биіктікпен болуы мүмкін. Олар төмен немесе дөңгелек, сондай-ақ ұзын болуы мүмкін. Иық ұзындығын стандартты өлшеммен анықтайды Вп (10.2 сурет).

Жекелеген бөліктерінде артық май басқан әйел пішіндерінің типтері 10,3 суретте көрсетілген, аяқ пішінінің өзгерімі – 10,4 суретте.

Типтік дене бітімнен ауытқушылықтары бар пішінге киім құрылымының сызбасын жасау үшін, типтік пішінге өнімдерді құрастыру кезіндегі сол өлшемдер пайдаланылады (5.1 және 5.7 кест. көр). Оған қоса, дене бітімінің ерекшеліктері мен нақты пішіннің артық май басуын сипаттайтын қосымша өлшемдер де қолданылады. Оларды құрылым бөліктерінің ұзындығы мен кеңдігін, құрылымдық нүкте ережелерін, қырнау ерітіндісі есебін жәе т.б. нақтылау үшін пайдаланады. Әртүрлі есептік әдістемелерде әртүрлі қосымша өлшемдер қолданылады. Олардың саны да түрлендіріледі. 10.1 кестеде ОТТТЗ әдістемесінде құрылым сызбаларын жасау үшін пайдаланылатын қосымша өлшемдер ұсынылған. 10.5 суретте шын адамның пішінінің қосымша өлшемдерінің сұлбасы көрсетілген.

10.2. ӘРТҮРЛІ ДЕНЕЛІ ПІШІНДЕРГЕ КИІМДЕРДІ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Типтік пішіндерге жақын немесе типтік пішіндерге сызбалар бойынша әзірленген киім типтік пішіннің көлемі мен пішімінен өз пішіні пішімінің және өлшемінің қандай да бір ауытқушылығы бар адамдарға сәйкес келмейді. Осы ауытқушылықтар арасында ең қиыны еңкіштік және түзетілген дене бітімі болып табылады.

Құрылым негіздері сызбаларын жасауға арналған бастапқы мәліметтер нақты пішін өлшемінің нәтижелерін, сондай-ақ дене бітім ерекшеліктерін сипаттайтын қосымша өлшемдерді қамтиды. Мұндай қосымша өлшемдерге мыналар жатады:

Шг11 — көкірек ұзындығы екінші;

Дтсио — тіктеуіш бойынша бел сызығының деңгейіне дейін мойын негізіндегі иық тігісін жобалайтын жоғары нүктеден арақашықтығы;

Вдкпи — иықтың ұзындығы қисық алдыңғы жағынан.

Бұл өлшемдердің техникасы 10.1 кестесінде берілген. Сызбаның есебі мен жасалуы, әртүрлі дене бітіміндегі пішіндерге өнім құрылымының негіздерін 5 бөлімде мазмұндалған кезектілікпен орындайды. Мұнда есептерге дененің ерекшеліктерімен шартты түрдегі нақтылауларды енгізеді.

Сызба жасау кезінде еңкіш пішінге өнімдерді құру негізінің сызбасын құру кезінде, сызба кестесін типтік пішінге өнім сызбасын жасау кезіндегідей жасайды. Пг қосымшасын келесі қатынаста бөледі: арқа жаққа — 35 %, кішкене сөреге — 10 %, арқанға — 55 %, немесе Пшс = 0,35Пг; Пшп = 0,1 Пг.

Арқа бойдың орта сызығын жасау кезінде (5.12 және 5.13 сур. қар.) үстіңгі бөлігіндегі бұрылыс 1 см-ге дейін үлкейеді.

$$A0A0 = 1 \text{ см.}$$

Арқа бойдың иық сызығын жасау кезінде қырнау ерітіндісі типтік пішінге арналған өнім сызбасында осы көлеммен салыстырғанда 0,5... 1 см-ге дейін үлкейеді.

Одан басқа, арқа бой арқанының жобалаған үтіктелу көлемін 0,5 см-ге дейін үлкейтеді, оның нәтижесінде қырнау ерітіндісі иық тігісінде пішіннің иілген пішіні 2,5.3,5 см-ді құрайды. Егер қырнау ерітіндісі 3.3,5 см-ге тең болса, екі қырнауды жобалайды: оның біреуін арқа бойдың қылтасына, екіншісін біріншісінен 4.5 см арақашықтықта иық сызығымен орналастырады.

Нақты түймесі бар бұйымдарда сөренің орта сызығын жасау кезінде А3 нүктесін орнында қалдырады.

Иық сызығының төменгі нүктесінің жағдайын анықтау үшін арқан сөресін жасау кезінде —П5 нүктелері — Впкп11 қосымша өлшемін пайдаланады. Мұндай жағдайда Г7 нүктесінен Впкп өлшеміне тең радиуспен доғаны жүргізеді, оған Ад нүктесінен иық сырғымасының ұзындығына тең радиуспен жасайды:

$$Г7А5 = Впкп11;$$

$$А9А5 = Шп.$$


Мұндағы П6 бақылау нүктесінің жағдайын мынадай есеп бойынша анықтайды:

$$ГП = П2Г1/3.$$

Әдеттегі пішінге өнім құрылымы негізінің арқан сызбасының кескіні 10.6, а, ал иілгіш пішінге – 10.6, б. сур. көрсетілген.

Иілгіш пішінге өнім бөлшектерінің қажетті пішімін типтік пішінге өнім сызбасын жөндеу жолымен де алуға болады. Ол үшін арқа сызбасында (10.7, а сур. қар.) жауырын нүктесіне түсетін анағұрлым сәйкес Л, нүктесін табады. Бұл нүкте иық қырнаудың өстік жалғасынан және у, нүктесінен жүргізілген көлденең қиылыста жатады. Табылған нүктені Г5 нүктесімен жалғастырады (арқаның шеткі сызығының кеуде жолымен қиылысу нүктесімен) және арқаның орта жолымен қиылысқанға дейін алынған тікті жоғары және солға қарай жалғастырады.

Арқа сызбасын Г5Л, жолы бойынша, одан соң ЛЛ1 жолы бойынша кесіп өтеді. Арқаның оң жақ жоғарғы бөлігін Л нүктесінің айналасына сағаттық тілмен иық қырнауының ерітіндісі 2,5.3,5 см-ге жеткенге дейін айналдырады..



10.7. сурет. Иілгіш пішінге арналған иық өнімі құрылымы негізінің сызбасын түзеу

Мұнда арқаның шеткі жолы 1 (10.7, б сур. қар.) көлеміне қысқартылады. шеткі жолдың ұзындығын өзгертусіз сақтау үшін, 1 (10.7, в сур.) көлеміне арқаның барлық жоғарғы бөлігін тексереді. Нәтижесінде арқаның шеткі жолының ұзындығы қажетінше қалпына келтіріледі, өйткені ДтсП иілгіш пішін типтік пішіннің ұқсас өлшеуіне ұзынырақ болады. Арқаның ұзартылып алынуын сызбада ДтсП иілгіш пішінінің өлшемі бойынша тексереді.

Сөреде бөліктің жолын Г5 және Г7 (10.7, г сур.) нүктелері арқылы сөренің ортасымен қиылысқанға дейін жүргізеді. Ол бойынша сөре сызбасы кесіп өткізіледі. Қиылыстың екінші сызығы қырнаудың екінші сол жағымен сәйкес келеді. Сызбаны түзеу кеуде қырнауының ерітіндісі 1... 1,5 см-ге дейін кішіреюіне әкеледі. Ол үшін сөренің жоғарғы сол жақ бөлігін Г7 (10.7, д сурет) түктесінің айналасына сағаттық тілмен айналдырады. Нәтижесінде сөренің шеткі жолы 11 көлеміне ұзартылады.

Оны алдыңғы көлемдеріне қайта келтіру үшін, сөренің барлық жоғарғы бөлігін сол 11 (10.7, е сур.) үлкендігіне жібереді. Мұндай түзету сөре ұзындығының кішіреюіне алып келеді, ол иілгіш пішін үшін қажет. Түзетудің дұрыстығын ДтпП иілгіш пішінін өлшеумен сызбаның сөре ұзындығын салыстыру арқылы тексереді.

Арқа мен сөре сызбаларын түзету арқан жолының кескінінің өзгеруіне әкеледі, сондықтан сырғымалы ұзындықты сақтау кезінде жеңдер сырғымасының пішімін нақтылап алу қажет.

Иілгіш пішінге арналған қондырылған жеңдердің сызбасын нақтылау сағат көрсеткіші бойынша жеңдердің жоғарғы бөлігінің 01 нүктесінің айналасына айналдыруды білдіреді. Жеңдердің басын 01 нүктесімен (10.8, а сур.) локтевую

надсечки оката және алдын далғастыратын жолдар бойынша кеседі. Окатаның ортаңғы бөлігін оңға, сөре сызбасында П5 нүктесінен төмен көлеміне тең етіп айналдырады (10.8, б сур.)

Өнім құрылымы негізінің сызбасын салу кезінде сызба кестесінің түзетілген пішініне кішкене өзгеріспен салады.

Пг үстемесін арқа, арқан, сөре бөліктері бойынша келесі қатынасты бөледі: арқа — 30 %, арқан — 50 %, сөре — 20 %, немесе

$$Пшс = 0,3Пг;$$

$$Пшп = 0,2Пг.$$

Сөре ұзындығын есептеу кезінде a_1a_2 (5.12 және 5.13 сур.) бөлігін «кеуде ұзындығы екінші» өлшемі көмегімен анықтайды:

$$a_1a_2 = \sqrt{tП} + Пшп.$$

Түзетілген пішіндер үшін құрылым сызбасында бел жолының деңгейін анықтау кезінде А0Т кескінін Дтс11о өлшемін пайдалану арқылы анықтайды:

$$А0Т = ДтсПо + Пдтс.$$


Түзетілген пішіндер үшін арқаның орта жолдарын салу кезінде арқаның орта жолын жоғарыға мүлдем жеткізбейді:

$$АсА0 = 0.$$

Арқада иық жолының соңғы жағдайын тапқан кезде — П1 нүктесін — ТП1 бөлігі бел жолы бойынша пішіндер үшін үлкен майысуымен еркін және тік сұлбаны бұйымдарда (Т1П1) Дтс11 - Дтс11о үлкендігін қысқартады):

$$ТП1 (Т1П1) = Впк11 + Пдтс + иық жапсырмасына үдету - (Дтс11 - Дтс11о).$$

Қырнау ерітіндісін арқадағы қырнау ерітіндісімен салған кезде типтік пішінге арналған ерітіндіге қарағанда 0,5 см-ге кішірейеді және ол 1 ...2 см-ді құрайды.



10.8. сурет. Иілгіш пішінге арналған қондырылған жеңтүп негіздерінің сызбасын түзету

Нақты түймесі бар бұйымдарда сөрелердің орта жолдарын салу кезінде АЗ сөресінің ортасының жоғарғы нүктесін сол жаққа А3А31 көлеміне тік орналастырады:

$$А3А31 = 1... 1,5 \text{ см.}$$

Алдыңғы жақтың орта жолы немесе жіңішке қапсырма жолы кезінде, А31, Г3 и Т8. Нүктелері арқылы өтеді.

Түзетілген пішіндерге арналған кеуде выточкасы ерітіндісін есептеу кезінде «кеуде ұзындығы екінші» үлгісі пайдаланылады:

$$А4А9 = 2(ШГ11 - ШГ) + 2 \text{ см.}$$


Нүктенің иық жолының төменгі нүктесінің жағдайын анықтау кезінде —П5 нүктесін — Впк11 өлшемі пайдаланылады:

$$Г7А5 = Впк11;$$

$$А9А5 = Шп.$$


Арқанның П6 бақылау нүктесінің жағдайын былай анықтайды:

$$Г4П = П2Г1/3.$$



10.9. сурет. Түзетілген пішінге арналған иық құрылымы негізінің сызбасын түзету

10.10. сурет. Түзетілген пішінге арналған қондырылған жеңтүп негіздерінің сызбаларын түзету



Дене бітімінің үстіңгі жағының артық май басқан пішініне иық бұйымдарын құру кезінде бұл титегі пішінге қатты дамыған кеуде бездері, ұзын кең иықтар мен әлсіз дамыған сандар тән екенін есепке алу қажет. Мұнда «жамбастардың құлашы» үлгісінен «кеуде құлашы үшінші» үлгісі үлкен.

Бұл жағдайлар құрылым негізі сызбаларын есептеу кезінде бірқатар нақтылауларды енгізуді талап етеді. Сөре ұзындығының бөліктері есептерінде сызбаның базистік кестеын құру (5.11 сур. қар.) кезінде қосымша өлшемдер қолданылады: : ШГ11, Впкп11, ШБс.

$$a1a2 = -ШГП + Пшп$$

Жоғары бөліктерінде артық май басқан пішіндер үшін арқаның орта жолын құру (5.12 сур. қар.) кезінде арқаның орта жолын бұруды жоғарғы бөлігі мынаны құрайды:

АА0 = 0 әдеттегі бітім пішіндері үшін;

АА0 = 0,3...0,5 см түзетілген пішіндер үшін (арқаның орта жолынан солға қарай қалдырылады);

АоА0 = 0,5 см иілген пішіндер үшін (арқаның орта жолынан оңға қарай қалдырылады).

Арқа бойдың қылтасын құрау кезінде қылта ұзындығын 0,5 . 1 см үлкейтеді:

$$A0 = (A0A2) = Cш/3 + Пшг + 0,5 ... 1 \text{ см.}$$

Сөренің бел жолын құру кезінде жол қосындысы типтік пішіндер үшін қосындымен салыстырғанда 1 см-ге үйлейеді және ол:

$$T3T8 = T60T6 = 1,5 \text{ см құрайды.}$$

Т8А3, бөліндісімен анықталған қылта төбесінің жағдайы пішіндер үшін кеуде бездерінің шығуымен 1 . 1,5 см-ге үлкейеді.

$$T8A3 = Дтп11 + Пдтс + жұмыс істеу + 1 . 1,5 \text{ см.}$$

Алдыңғы жақтың бөліндісімен бұйымдарда сөре жолының орта жолын құру кезінде жоғары бөлігіндегі тіктеуіштен орта жолдың ауытқуы үлкейеді:

$$A3A31 = 1 \text{ см.}$$

Кеуде бездерінің шамадан тыс шығуы пішіндер үшін сөренің жоғары қырнауын құру кезінде қырнау ерітіндісі «кеуде ұзындығы екінші» қосымша үлгісін анықтайды:

$$A4A9 = 2(ШГ11 - ШГ) + 2 \text{ см.}$$

Сөренің иық жолының төменгі нүктесінің жағдайын анықтау үшін, сөрелер — П5 нүктелері — «иық ұзындығы алдынан қиғаш» қосымша өлшемін пайдаланады:

$$A9П5 = Шп;$$

$$Г7П5 = Впкп11.$$

Арқа және сөре шеткі жолдарын салу кезінде СГШ және СБ өлшемдерінде арқа мен сөренің шеткі жолдары арасында, сондай-ақ мұндай жағдайларда мақсатқа бағыттап жобалау сипаттарымен біркелкі бөлінеді. Алдыңғы жағындағы бел деңгейінде шеткі жолдың ауытқуы мен сипаттарының сомалық ерітіндісі Вг, ал арқада Вл үлкендігіне тең (10.1 кест. қар.).

Жоғарғы қырнауларды иық жолынан келетін тік жолдарда орныластырады. Кеуденің қатты шығуы кезінде арқан жолының қатты қисаюынан сақтану үшін жоғары қырнауың ерітіндісінің бөлігін қырнауға ауыстырады, ол арқаннан, шет жолдан немесе бөлінген жерінің жолынан жобаланады. Дене бітімінің жоғары бөлігінің атрық байбасқан пішініне иық киімінің сызбасы үлгісі 10.11 суретте көрсетілген.


Дене бітімінің жоғары бөлігінің атрық байбасқан пішініне (10.11 сур.) иық бұйымдарын құрастыру кезінде мұндай пішіндерде кеуде бездерінің әлсіз

дамығанын, иықтың тар және көлбеу болуын, бел және сан аймақтары айтарлықтай көлеммен ерекшеленетінін ескеру қажет. Дене бітімінің мұндай ерекшеліктері жамбас жолдары бойынша өнім ұзындығын үлкен көлемде үлкейтуді қажет етеді.

Иық өнімі құрылым негіздерінің сызбасын есептеу кезінде (5.13 сур. қар.) үстемені жартылай бөксе айналымына барынша, ал белдің жартылай айналымына – сұлбаның әрбірінен барынша алады.

Орта арқа жолын құру үшін, бел бойынша арқаның орта жолдарын бұру үлкендігін типтік пішіндерге қарағанда екі есе аз алады.

Бөксе жолдары ойынша өнімді біркелкі кеңейту үшін арқа мен сөреде тік сипаттар жобаланады, олар өнімді кеңейтудің қосымша үлкендігін қамтиды.



10.11. сурет. Дене бітімінің артық май басқан пішініне иық киімін құру сызбасы

Кеуде жолының алдыңғы бөлігі бойынша сипаттар мен қырнаулардың сомалық ерітіндісі Вж, арқада Вя тең (10.1 кестесін қар.).

Кеуделер мен жауырындар орталарынан жоғары сипаттық жолдарына тік емес, арқанға ауытқитын бағыт беру қажет. Иық төсеніштері көмегімен жүзеге асырлатын жеңдердің сырғымасында және иық тұстарында көлемді кішігірім үлкейту мүмкін.


Бөксе мен кіші кеуделердің анағұрлым көлемінде бөкселер жолына дейін жобаланған сөреде шеткі қырнау дәлел.

Қарынның артық шығуы пішінге өнім негізі сызбасын құру (10.13 сур.) қарынның айтарлықтай шығуы кеуде бездерінің шығуына қарағанда мұндай пішіндерге өзіне есеп бере отырып жүргізеді. Дененің мұндай ерекшелігі алдыңғы жақ қарынның ортасына қарай жоғары нүктесінен бұйымның төменгі жағына дейін сөренің ұзындығын қосымша үлкейтуді талап етеді. Бұл қарынның Пж ілгері шығуына үдету, ол мынаған тең:

$Pж = 1 \dots 2,5 \text{ см} = T8T8$.

Кеуде жолындағы бұл үдеу айтарлықтай таяу келеді.

Сөренің бел жолын қосымша 1.1,5 см-ге жібереді. Осылайша, кесінді $T3T8 = T60T6 = 2,5 \dots 3,5 \text{ см}$ болады.



10.12. сурет. Дене бітімінің артық май басқан пішініне иық киімін құру сызбасы

Кесілген жердің ұзындығын сөренің орта жолын салу кезінде Т8А3 үлкейтеді:

$ТА = Д_{тпц} + П_{дтс} + \text{жұмыс істеу} + 1 \dots 1,5 \text{ см.}$


Сөренің орта жолының ауытқуы тіктеуіштен 0,5.1 см үлкейеді және нәтижесінде: $АзА31 = 1 \dots 1,5 \text{ см}$ алады.

Сөренің төменгі жолы бөксе жолының қысқартылуына сәйкес 2,5... 3,5 см төмендейді:


$БЗБ4 = 2,5 \dots 3,5 \text{ см.}$

Сөре немесе арқаның шеткі жолын немесе сипаттардың жолын қарынның дөңестігі деңгейіне түзету үшін егер қырнау шеткі жолдан кететін болса, және 1... 1,5 см болса, сөреде сипат жолынан кететін болса, көлденең қырнауды 2.3 см ерітіндімен жобалайды. Бұл қырнауды жасыру үшін, оны үлгісі бар жолға, шеткі қалтаға және т.б. ауыстырады.

10.14 Суреттегі жалпы көріністе ұсынылған әртүрлі артық май басқан дене бітімі пішіні бойынша иық өнімінің базалық құрылымы көрсетілген. БК жоғары типінің пішіндері үшін бұйымның төменгі жағынан жабылған ұзын қырнаулар сипатталады (10.14, а сур.).



10.13. сурет. Қарынның шығыңқы пішініне иық киімінің (сөресінің) негізгі құрылымдарының сызбасы



10.14. сурет. Артық май басқан пішінге иық өнімінің базалық құрылымы сызбасы:

а — жоғары типтегі пішіндер үшін; б — төменгі типтегі пішіндер үшін.

Бөкселер деңгейінде қырнау ерітінділерінің үлкендіні арқада Вл үлкендігіне, сөреде - Вг тең. Төменгі типтегі пішіндер үшін БК ұзын қырнаулар иық кескіндерінен кетеді (10.14, б сур.). бұл қырнаулар ерітіндісі кеуде көлемінде арқада — Вя және алдыңғы жағында — Вж ұзындықтарына тең.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Типтік пішіндерге жобаланған киімдер неліктен дене бітімінде ауытқуы бар адамдарға келмейді?
2. Киімнің сыртқы көрінісіне әсер ететін адамдардың дене бітіміндегі ауытқушылықтардың қандай түрлерін білесіз?
3. Денедің ауытқушылық бар пішіндегі негізгі өнімдер сызбасын жасау үшін, қандай қосымша өлшем болуы қажет?
4. Еңкіш пішінге иық бұйымдарының негізгі сызбасын жасаудың қандай ерекшеліктері бар?
5. Бұғатталған пішінге иық бұйымдарының негізгі сызбасын жасаудың қандай ерекшеліктері бар?
6. Еңкіш пішінге иық бұйымдарының негізгі құрылымының типтік сызбасын қалай түзетуге болады?
7. Бұғатталған пішінге иық киімдері құрылымының негізгі сызбасын қалай түзетуге болады?
8. Еңкіш және бұғатталған пішінге иық өнімі арқаны қалай көрінеді?
9. Еңкіш және бұғатталған пішінге қондырылған жеңдер негізін қалай түзетуге болады?
10. Еңкіш және бұғатталған пішінге қондырылған жеңдердің жеңтүбі қалай көрінеді?
11. Дене бітімінің жоғарғы бөлігінде артық май басқан пішінге иық киімінің негізгі құрылымын жасаудың ерекшелігі неде?
12. Дене бітімінің төменгі жағындағы артық май басқан пішінге иық киімінің негізгі құрылымын жасаудың ерекшелігі неде?
13. Қарының үлкен болып шығып тұратын пішінге сөренің негізгі сызбасын жасау ерекшеліктері неде?

**11.1. ТІГІН БҰЙЫМДАРЫН ЖОБАЛАУ ӘДІСТЕРІН
ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Егер сіз киімді құрастырудың ұсынылған әдісін мұқият зерделеген болсаңыз және оны әзірлеуге дайындауды және өнім құрылымын құру үшін өз біліміңізді қолдануға тырыссаңыз, сіз киімді жобалау – өте еңбекқорлықты, уақыттың көп мөлшерін жұмсауды талап ететінін байқауыңыз тиіс. Өнімді әзірлеудің ұзақтығын қысқартуға болады ма?

Уақытты қысқарту үшін, мамандар алдымен құрылымның бөлшектерімен – қалталарымен, белбеулерімен, белдікшелерімен, түйме бөлшектерімен және төсеніштерімен айналысқан. Бір бағыттың әртүрлі бөлшектерінің көптеген санын бұрында әрбір өнім үшін жекелей жасайтын болған, типтердің белгілі бір санына мәлім болған, бұйымның тұтас қатарына, бір түріне және бағытталуына жәнет.б. бөлшектердің типтеуін жүргізетін болған.

Одан әрі бөлшектерді біріздендіруді де жүргізетін болған. Бір функционалдық бағыттың бөлшектері біркелкілікке келтірілді. Бұл кәсіпорындарға үлгілер санын қысқартты және белгілі бір үнемді нәтиже әкелді, өйткені бөлшектерді әзірлеуге уақыт қысқартылды.

Біріздендіру процесінде біріздендіру нұсқаға бөлуге кері әскерін тигізбейді ме? деген сұрық туындады. Жауабы қарапайым – өнеркәсіптік нұсқаға бөлуді суретші-сәнгердің қияли ұшуымен шатастырудың қажеті жоқ, өйткені жекелеген нұсқаны жаппай өндіріспен шатастыруға етуге болмайды.

Бір не бірнеше операциялар жасау үшін тағайындалған жартылай автоматтар мен автоматтарды (мысалы, ерлер күртесінде клапанмен шеткі кесілген қалталарын әзірлеу) әзірленетін өнімдердің сапасын көтеруге мүмкіндік берді және өнімді одан әрі біріздендіруге – біріздендіру қиындыларына және ұсақ бөлшектеріне және т.б. оларды кәсіпорын стандарттарына – стандарттауға серпін берді. Стандарттау бір ғана емес, бірнеше біркелкі өнім түрлерін жасайтын кәсіпорынға жиі тарады. Стандарттау әсіресе ведомстволық және арнайы киімде көрсетілген.

Бұйымның тек ұсақ бөлшектері ғана өзгеріске ұшыраған жоқ. Кәсіпорындар әзірлейтін өнімдердің базалық құрылымдарын әзірлей бастады, құрылымдық және технологиялық үстемелердің сәйкес сұлбаларын әзірледі.

Бұл құрылымдарды нұсқалардың үлкен топтарын құру үшін пайдалануға мүмкін болды. Ведомстволық және арнайы киімде одан әрі өрістелді. Базалық құрылымдар аталған киімді әзірлейтін барлық кәсіпорындар үшін жасалды.

Киімді жобалау процесін жетілдірудің жолы одан әрі қандай болды? Адам қызметінің басқа алаңдарына назар аудара отырып, өнеркәсіпте электр есептеуіш машиналардың кең қолданылатынын көруге болады. Қазір ЭВМ-сіз басқару мәселелері де, жобалау мәселелері де шешілмейді. Тігін бұйымдарын жобалауды автоматтандыру өндіріске шығындарды, жобалау мерзімін қысқартады және нақты нұсқамен жұмыс жасайтын мамандар санына шығындалуды қысқартады, нұсқаларды тез арада ауыстыруға мүмкіндік береді және кәсіпорынның бәсекеге

қабілеттілігін арттырады. Адайда ЭВМ пайдалану жобалау мен өндіріс процестерін қайта қарауды талап етті.

11-тарау Қазіргі таңда жобалаудың автоматтандырылған мәселесінде екі сан алуан, алайда бірыңғай маңызды бағыттар орын алды. Біріншісі – автоматтандырылған жобалау жүйесін құру (АЖҚ), екіншісі – ЭВМ зердесіне типтік инженерлік шешімдер енгізу (есеп алгоритмдері мен бағдарламалары). Бұл екі бағыт бірін-бірі толықтыруда.

Киімді машиналық жобалау ақпараттық-есептеу орталығының құрылымдық кестесі ұсынылуы мүмкін (11.1 сур.), ол үш бөлімнен тұрады: нормативтік анықтамалық ақпарат бөлімі (НААБ), есептеу орталығы (ЕО) және нұсқалық-құрылымдық бөлім (НҚБ).

ЕО құрылымдарды есептейді, үлгілер жиынын сызады, техникалық көбеюді орындайды және т.б.

НҚБ нұсқаға бір реттік ақпаратты әзірлейді. Нұсқаларды көре алу үшін, графикалық дисплей пайдаланып, оның көмегімен қажетінше жарық батырмасы арқылы нұсқаға өзгеріс енгізеді.

Автоматтандырылған жобалауды жасау – күрделі процесс, өйткені киімді жобалауды нақты математикалық және логикалық операциялар қатарында елестету өте қиын. Сондықтан да автоматтандыруға ұйымдастыру және әдістемелік даярлық ғылыми, инженерлік және ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын қамтыды.

Автоматтандырылған жобалауды жасау – қымбат процесс, өйткені оған әртүрлі білім облыстарынан жоғары білікті мамандардың көп саны тартылады және қымбат құрылғылардың кешендері сатып алынады. Сондықтан да барлық жүйелерді енгізуге тек ірі кәсіпорындардың ғана ахуалы жетеді.

Ұсақ материалдық шығындар арқылы тез өңдейтін және кіріс әкелетін бірқатар жүйелерді енгізе бастады (мысалы, үлгілердің сатылануы, үлгілердің орналасуы, үлгілердің негізгі матадан жасалу бөлшектері, төсеуіштер мен жамаулар). Мұның барлығы, ең алдымен, тігін өнеркәсібі үшін әділ шешім. Жекелеген пішінге өнімдер әзірлеу кезінде мақсатқа бағытталған осындай әдістер қолданылған.

Қазіргі таңда жобалаудың автоматтандырылған мәселесінде екі сан алуан, алайда бірыңғай маңызды бағыттар орын алды. Біріншісі – автоматтандырылған жобалау жүйесін құру (АЖҚ), екіншісі – ЭВМ зердесіне типтік инженерлік шешімдер енгізу (есеп алгоритмдері мен бағдарламалары). Бұл екі бағыт бірін-бірі толықтыруда.

Киімді машиналық жобалау ақпараттық-есептеу орталығының құрылымдық кестесі ұсынылуы мүмкін (11.1 сур.), ол үш бөлімнен тұрады: нормативтік анықтамалық ақпарат бөлімі (НААБ), есептеу орталығы (ЕО) және нұсқалық-құрылымдық бөлім (НҚБ).

ЕО құрылымдарды есептейді, үлгілер жиынын сызады, техникалық көбеюді орындайды және т.б.


НҚБ нұсқаға бір реттік ақпаратты әзірлейді. Нұсқаларды көре алу үшін, графикалық дисплей пайдаланып, оның көмегімен қажетінше жарық батырмасы арқылы нұсқаға өзгеріс енгізеді.

Автоматтандырылған жобалауды жасау – күрделі процесс, өйткені киімді жобалауды нақты математикалық және логикалық операциялар қатарында елестету өте қиын. Сондықтан да автоматтандыруға ұйымдастыру және әдістемелік даярлық ғылыми, инженерлік және ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын қамтыды.

Автоматтандырылған жобалауды жасау – қымбат процесс, өйткені оған әртүрлі білім облыстарынан жоғары білікті мамандардың көп саны тартылады және қымбат құрылғылардың кешендері сатып алынады. Сондықтан да барлық жүйелерді енгізуге тек ірі кәсіпорындардың ғана ахуалы жетеді.


Ұсақ материалдық шығындар арқылы тез өңдейтін және кіріс әкелетін бірқатар жүйелерді енгізе бастады (мысалы, үлгілердің сатылануы, үлгілердің орналасуы,

үлгілердің негізгі матадан жасалу бөлшектері, төсеуіштер мен жамаулар). Мұның барлығы, ең алдымен, тігін өнеркәсібі үшін әділ шешім. Жекелеген пішінге өнімдер әзірлеу кезінде мақсатқа бағытталған осындай әдістер қолданылған.



11.1 сурет. АЖЖ ақпараттық-есептеу орталығының құрылымдық сызбасы

Нет перевода схемы



11.2 сурет. Әмбебап өлшеуіш желетке конструкциясы

Қазіргі таңда бұл салада бұйымды әзірлеу процесін қысқартуға мүмкіндік беретін жаңа дайындамалар баршылық. Осындай дайындамалардың бірі украиналық мамандар М.Л. Воронин және В.У. Несмиян ұсынған әдіс болып табылады. Әдіс пішіндік-желеткелік деп аталды. Аталмыш әдісті пайдаланған кезде дәстүрлі киіп өлшеуді орындау қажет болмай қалды, сондықтан да оның екінші атауы «өлшеусіз әдіс» болып шықты.

Қосымша киіп көруді алып тастауға мына жолмен қол жеткізілді:

арнайы әмбебап өлшеу құрылғылары пайдаланылды — тапсырыс берушінің дене бітімі ерекшеліктері және нақты тапсырыс берушінің дене бітімінде жақсы тұруды қамтамасыз ету үшін қолда бар конструкцияларға өзгерістер жайлы ақпарат алуға мүмкіндік берген пішіндер (желеткелер);

тапсырыстың арнайы төлқұжаты жасалды, онда бұйымның негізгі бөлшектерінің сызбаулігі сұлбаларында өлшеулердің нақты мөлшерлері көрсетілген;

тапсырысты әзірлеу кезінде бұйымды технологиялық өндеудің бірыңғайланған әдістері және еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті әдістері қолданылды;

мүқият әзірленген бақылау жүйесі ерте сатыларда технологиялық ақауды анықтауға және уақытында жөндеуге мүмкіндік берді.

Әмбебап өлшеу желеткесінің конструкциясы 11.2 суретте көрсетілген. Бұл бірыңғайланған технологияны ескерумен және аталмыш сұрыпталым бұйымдары үшін жарамды материалдардан әзірленген жеңсіз әрі жағасыз бұйым.

Кез келген дене бітіміне жақсы қонуға қол жеткізу үшін желеткенің беті көлденең және тігінен бөлініп мүшеленген. Суреттен көріп тұрғанымыздай, мүшелеу сызықтары жауырын мен төстің ең шығыңқы нүктелерімен, иініш пен арқаның артқы бөлігі симметриясы сызығымен, бүйір тігістерімен және арқа мен өршені бүйірмен жалғайтын (белден төменге дейін) сызықпен өтеді.

Жоғарғы тірек телімдері және өреше мен арқаның төменгі бөліктері өзара өлшеуіш таспалары бар арнайы ілгектер көмегімен жалғанған. Конструкцияның жекелеген телімдері арасындағы саңылау өзгерісі және өзгерістің нақты мөлшерін анықтау мүмкіндігі (өлшеуіш таспа көмегімен) бұйымның алдыңғы-артқы, бүйір және тірек теңгерімін, оның телімдері ұзындығы мен енін, бел сызығының жатысын, жауырындар мен төс аумағындағы дөңесті реттеуге мүмкіндік береді.

Автоматтандырылған жобалау жүйелерінің (АЖЖ) мәні бойынша өнеркәсіптің барлық салалары үшін тағайындалуы және құрылымы бірдей. АЖЖ тағайындалуы – бұл бұйымды жобалау және оны өндіріске енгізу процессін тездету.

АЖЖ жобалауды автоматтандыру құралдарының кешенінен тұратын ұйымдастырушылық-техникалық жүйені білдіреді. АЖЖ-ның негізгі құрылымдық буындары кіші жүйелер болып табылады.

АЖЖ кіші жүйесі деп аяқталған жобалау шешімдерін және тиісті жобалау құжаттарын алуды қамтамасыз ететін, кейбір белгілері бойынша бөлініп алынған АЖЖ-ның бір бөлігі аталады. Әрбір кіші жүйе ортақ нысаналы функциялармен біріктірілген және осы кіші жүйенің жұмыс қабілетін қамтамасыз ететін функционалдық бөліктерден тұрады.

Тігін бұйымдарының АЖЖ әзірлеу кезінде өнеркәсіптің басқа салаларында АЖЖ-ге тән барлық құрылу қағидаттары сақталады.

Құрылымдаулық жұмыстардың әртүрлілігі АЖЖ-ның барлық әзірленетін кіші жүйелерінің құрылымын және өзара байланыстарын айқындайды:

- ақпаратты кіргізу-шығару, қалыптастыру және енгізу;
- есептеу процессін басқару;
- ақпараттық-ізвестірушілік;
- құрылымдардың базалық негіздерін жобалау
- киімнің жаңа модельдерін жобалау;
- негізгі үлгі құрылғыларды және туынды бөлшектердің үлгі құрылғыларын жобалау;
- үлгі құрылғылар градациясы;
- сапаны басқару;
- жайып салулар сызбасын жобалау;
- материалдың шығын нормасын жобалау.

Алғашқы үш кіші жүйе қызмет көрсетуші болып табылады және барлық қалған кіші жүйелердің жұмысын қамтамасыз етулері тиіс – бұл әдістемелік, бағдарламалық, ақпараттық, техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету. Барлық қалған кіші жүйелер басқа кіші жүйелердің жұмысын жалғастыруға қатысуы мүмкін, бірақ жеке сұраныс тудыруы да мүмкін өзінің нақты өнімін беруге бағдарланған (мысалы, үлгі құрылғылар градациясы).

Жобалау міндеттерінің көпшілігі есептеулердің орындалуын және графикалық сипаттағы рәсімдерді үйлестіреді. Тігін өнеркәсібінде графика жобалау жұмыстарының жалпы көлемінің 50-60% құрайды (кейде 80% жетеді). Пайдаланушы мен ЭЕМ арасында ақпарат ағымын алмасу үшін жартылай автоматты қондырғылар қызмет көрсетеді: кіргізу – графикалық ақпаратты кодтаушы, ол сондай-ақ кестелегіш немесе цифрлаушы деп те аталады; шығару – сызу автоматы деп аталатын графа құрушы графикалық дисплей.

Отандық кәсіпорындарда үлгі құрылғыларын және үлгі құрылғыларының жайып салуларын автоматтандырылған жобалаудың алғашқы жүйелері 1980 жылдардың ортасында пайда болды. Бұл осы саладағы жетекші орын алатын шетелдік фирмалардың – «Гербер» (АҚШ), «Лектра» (Франция) және «Инвестроника» (Испания) қымбат бағалы жүйелері болатын. Кейіннен отандық және шетелдік өндірушілердің басқа да жүйелері пайда болды. Киімдердің әртүрлі АЖЖ-інде процесстің әртүрлі кезеңдері автоматтандырылады, оның үстіне жиі жағдайда әртүрлі жолдармен.

Мысалы, суреттер мен сызбаларды алудың екі тәсілі бар (жобалау объектілері туралы графикалық ақпаратты жасау) – графикалық құралдардың көмегімен нүктелерді және сызықтарды тікелей жасаумен және графикалық қрылымдарды

аналитикалық сипаттаумен. Сондай-ақ, жобалаудың әртүрлі кезеңдерінде графикалық және аналитикалық тәсілдердің қиыстырылулары ықтимал.

Сызбаларды есептеу мен құру процесстерінің бір мағыналылығына және қажетті нақтылыққа тек олардың аналитикалық жазбалары кезінде қол жеткізуге болады (сондай-ақ, құрылымдау әдістемелері де аналитикалық сипаттау болып табылады).

Процесстердің аналитикалық жазбасын пайдаланатын киім АЖЖ-індегі негізгі айырмашылық жабық немесе ашық схема бойынша жұмыс болып табылады.

Ж а б ы қ с х е м а сызбаларды есептеу және құру процесстерінің сипатталуы (алгоритмдер) АЖЖ бағдарламалық қамтамасыздығында әзірлеушімен жазылатынын және пайдаланушылар тек экранға шығарылған өлшемдерді ғана өзгерте алатындықтарын білдіреді.

А ш ы қ с х е м а пайдаланушылар құрылымның сызбаларын есептеу және құру үшін қажетті графикалық және басқа да іс-қимылдарды сипаттау үшін АЖЖ-да ұсынылатын арнайы тілде, программистердің көмегінсіз, алгоритмдерді өздері жаза алатындықтарын білдіреді. Ашық схема бойынша жұмыс істейтін сапалы бағдарламалық қамтамасыздық бар жүйеде модель суретінің, құрылымының және оның бөлшектерінің үлгі құрылғыларының түзілуі бір алгоритмде сипатталатын жаңа бұйымдарды толассыз жобалау технологиясын қолдануға болады. Бұл ретте суреттегі моделдің сыртқы түріне өзгерістер енгізу бұйымдардың құрылымындағы және үлгі құрылғыларындағы автоматты өзгерістерді тудырады. ММСУ сән және дизайн факультетінің базасында жасалған, Киімді жобалаудың компьютерлік технологиялары орталығы әзірлеген «Грация» автоматтандырылған жобалау жүйесі осындай мүмкіндіктерге ие.

Киімді жобалау процесстеріндегі қазіргі заманғы жетістіктер машиналардың қолынан барлығы келетіндігі туралы сендіруге тиіс емес және сендіре алмайды. АЖЖ қандай мүмкіндіктерге ие болса да, ол тек адамның салғанын ғана береді. Дисплей экранындағы шағын масштабта модельдер мен құрылымдардың сызықтарын дұрыс бағалау мүмкін емес. Оларды жүргізе білу керек және тіпті 1 мм ауытқушылықтың өзі сызықты бұрмалап қана қоймай, сондай-ақ бұйымның фигураға отыруын өзгертіп жіберетінін ұмытуға болмайды.

БАҚЫЛАУ сұрақтары

Неліктен бөлшектерді типтендіру және бірегейлендіру қажеттілігі туындады? Бұл дегеніміз не?

Стандарттау туралы не білесіз?

АЖЖ ақпараттық-есептеу орталығының құрылымдық сызбасы туралы айтып беріңіз.

М.Л.Воронин мен В.У.Несмиянның «өлшеп көрусіз әдісі» туралы айтып беріңіз.

АЖЖ дегеніміз не?

АЖЖ-ның қандай кіші жүйелерін білесіз?

Ақпаратр ағымын кіргізу-шығару үшін арналған қандай жартылай автоматты қондырғыларды білесіз?

АЖЖ-да суреттер мен сызбаларды алудың қандай тәсілдерін білесіз?

Ашық және жабық схема бойынша жұмыс дегеніміз не?

Сіздің АЖЖ туралы пікіріңіз.

ЖЕКЕ ТАПСЫРЫСТАР БОЙЫНША БҰЙЫМ ӘЗІРЛЕУ

12.1. КИІМ ПІШУШІНІҢ ТАПСЫРЫС БЕРУШІМЕН ЖҰМЫСЫНЫҢ РЕТТІЛІГІ

Жеке тапсырыстар бойынша бұйымдар әзірлеу – бұл нақты бір фигураға бұйымдар әзірлеу. Нақты бір фигураға бұйымдар әзірлеу кезінде тапсырыс берушінің денебітімінің ерекшеліктерін – фигураның жекелеген өлшемдері арасындағы қатынастарды, оның пропорцияларын және шартты-пропорциялы денебітімі фигурасынан ауытқушылықтарын мұқият зерделеу талап етіледі.

Тапсырыс берушімен кездесу кезінде киім пішуші оны мұқият зерделейді, модельдік және құрылымдық сызықтарға қатысты ұсыныстарын тыңдайды, модельдің жекелеген элементтерін немесе толық модельді таңдауға көмектеседі. Сұлбаны, модельдік және құрылымдық сызықтарды таңдай отырып, киім пішуші тапсырыс берушінің жасына, оның қызметі түріне, бойына, шашының, көздерінің түсіне, денебітімінің ерекшеліктеріне, бұйымның не мақсатта болатынына (күнделікті, сәнді, спортқа және демалуға арналған), пайдалану маусымына және матаға (оның беткі қабатына және құрылымына) мән береді және пішімі төменде көрсетілген тапсырыс паспортын толтырады.

Жұмысты сұлба мен пропорцияларды таңдаудан бастайды. Тік және жартылай денеге тиіп тұратын тік белдемшесі бар, бел сызығы табиғи және шамалы төмен деңгейлі классикалық сұлбалы барлық фигуралар үшін ұсынылуы мүмкін.

Төмен және жоғары бел сызығы бар авангардтық сәнді силуэттер бұйымдары (редингот, «принцесс» пішімі, сарафандық, спорттық және т.б.) жиі жағдайда сымбатты және жас адамдарға ұсынылуы мүмкін.

Сұлба мен нысанды таңдағаннан кейін көлденең және тік құрылымдық сызықтардың жағдайын нақтылауға кіріседі. Бұл ретте тік сызықтар көзбен қарағанда сымбаттылық пікірін тудыра отырып, бойды және фигураның жекелеген бөліктерін ұзартып көрсететінін есте сақтау керек.

Көлденең сызықтар еркіндік пікірін тудыра отырып, фигураны кеңейтеді, оларды жиі жағдайда спорттық типтегі киімдерде, демалуға арналған киімдерде және көлемі шағын фигураларға арнап фигураны көзбен қарағанда түзететіндей етіп, көлемі жеткіліксіз орындарда орналастыра отырып, қандай да бір бөліктерде пайдаланады. Толық фигуралар үшін көлденең құрылымдық сызықтарға жоламау немесе олардың санын шектеу ұсынылады. Егер денебітімінде кемшіліктер бар болса және егер фигураның шартты-пропорциялардан ауытқуы бар болса, киім пішуші осы кемшіліктерді көзбен қарағанда азайтып көрсететін элементтер мен құрылымдық сызықтарды ұсынуы тиіс. Сауатты киім пішушілер бір өлшеп көрумен жұмыс істейді, сондықтан тапсырысты қабылдау және ресімдеу бұйымның пішімі мен моделін айқындау жұмыстың қажетті талабы болып табылады.

Киім пішушінің бір рет өлшеп көрумен жұмыс істеуі кезінде фигураның құрылысын айқындауға, оның ерекшеліктерін анықтауға, фигураның шартты-пропорциядан ауытқу дәрежесін белгілеуге мүмкіндік беретін өлшемдерді нақты алудың үлкен маңызы бар. Өлшемдерді алғаннан кейін, киім пішуші өлшеулердің нәтижелеріне және денебітімінің барлық ерекшеліктеріне (еңкіштік, бүгілгіштік, иық белдеуін қою ерекшелігі, елеулі май шөгінділерінің бар болуы немесе жоқ болуы) талдау жүргізеді, бұл дәл құрылымды алуға көмектеседі және жеке

тапсырыстар бойынша киімді жемісті әзірлеудің қажетті талабы болып табылады. Киім пішушінің бір рет өлшеп көрумен жұмыс істеуі кезінде пішімнің дәлдігіне және тігістерге арналған кеңдіктің ұтымдылығына айрықша көңіл бөлінуі тиіс. Кеңдіктердің артық болуы бұйымның сыртқы түрін нашарлатады, қайта өлшеп көру қажеттілігін тудырады.

12.2. БҰЙЫМДЫ ӘЗІРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА

Тапсырыс берушімен жұмыс процессінде киім пішуші тапсырыс паспортын – жеке тапсырыс бойынша бұйым әзірлеу кезіндегі міндетті техникалық құжатты ресімдейді. Паспорттың үлгісі төменде келтірілген.

Тапсырыс паспорты

Тапсырыс берушінің тегі _____			
Бұйым _____		Мөлшері _____	Ұзындығы _____
Фигураның өлшемдері		Денебітімінің ерекшеліктері	
С _ш	Дтс		Мойын
С _{гп}	Вг		Иықтар
С _{гп}	Дтп		Жауырындар
С _{гш}	Ди		Арқасы
С _б	Впк		Жамбас
Ш _г	Шс		Кеуде
Ш _п	Дб		Қарын
Д _р	Келбеті		Басқа да ерекшеліктер
О _п			
Журналдың, альбомның, модельдің нөмірі			
Таңдап алынған фасонның сипатталуы			
Күрделілігі			
Мата шығыны нормасы, м:			
өңі (тысы)		ені, см	
астар		ені, см	
Киім пішуші		(қолы және күні)	
Фасонмен және мата қажеттіліктерінің есебімен келісемін			
(тапсырыс берушінің қолы)			
Өлшеп көргеннен кейінгі өзгертулер			
Ұсыныстар (шебер немесе бригада үшін)			

Тапсырыс паспортына киімді пішу үшін қажетті мәліметтер енгізіледі (тапсырыс берушінің мөлшерлік сипаты, оның денебітімінің ерекшеліктері), сондай-ақ фасонның суреті салынады.

Тапсырыс паспортында бұйым сұлбасының сызбасы келтіріледі, оған құрылымдық сызықтар және фасонның басқа да элементтері басылады.

Тапсырыс паспортының дұрыс ресімделуі тапсырыстың дәл орындалмауы салдарынан киім пішуші мен тапсырыс берушінің арасындағы даулардың алдын алуға ықпал етеді.

12.3. БҰЙЫМДЫ ӨЛШЕП КӨРУ ДАЙЫНДЫҚ ДӨРЕЖЕСІ

Жеке тапсырыстар бойынша пәлте-костюмдік және көйлектік ассортименттің бұйымдарын әзірлеу реттілігі, бәрінен бұрын, бұйымның құрылымына және тапсырыс берушінің фигурасына тәуелді. Құрылымы бойынша күрделі бұйымдар мен шартты-пропорциялықтан ауытқушылығы үлкен фигуралар үшін арналған бұйымдар екі рет өлшеп көрумен дайындалады.

Бұйымды әзірлеу реттілігін шартты түрде мынадай сатыларға бөлуге болады:

бұйымды өлшеп көруге дайындау;

өлшеп көруді жүргізу және бұйымның бөлшектерін нақтылау;

бұйым бөлшектерін өңдеу және монтаждау;

соңғы өңдеу және дайын бұйымды тапсырыс берушіге.

Бұйымды өлшеп көруге дайындау мынадай реттілікпен жүргізіледі:

пішімді тексеру және модельмен танысу;

тігістердің сызықтары мен құрылымдық сызықтар бойынша бұйымның бөлшектерінде көшірме тігістерді (қабылған жерлерді) салу;

кеуде тұсындағы қымтаулы тігістерді, тігістерді, алдыңғы жиектердегі, артқы бойындағы және жеңдегі бүрмелерді көктеу;

өлшеп көру кезінде өзгермейтін қымтаулы тігістерді, тігістерді, бүрмелерді қайып тігу;

бұйымның пішімін жасайтын бөлшектерді және оның жекелеген элементтерін ылғалды-жылулық өңдеу;

бұл ретте кеуденің жобаланатын пішімі, жауырындар төңірегіндегі шығыңқы тұстар, сондай-ақ ылғалды-жылулық өңдеу жолымен жасалатын басқа да учаскелердегі көлемді нысандар түпкілікті болуы тиіс;

астар бөліктерін дайындау, өңірлік және жылытушы астарларды өңдеу (қысқы пәлте үшін);

өңірлік астарды ылғалды-жылулық өңдеу; алдыңғы жиектерді өңірлік астарлармен біріктіру; қайырмаларды қабу;

төменгі жағаны астармен біріктіру (қабу немесе қайталау).

Бұйымның уақытша монтажі мынадай операцияларды қамтиды:

артқы бойындағы, жеңдердегі алдыңғы жиектердің бөліктерін көктеу және тігістерді бір тарапқа тепшіп алу;

бұйымның бүйірдегі және иықтағы кесілген жерлерін көктеу;

бұйымның төменгі тұстарын және жеңдерін тепшіп алу (әйелдер киімінде оң жақ, ерлер киімінде сол жақ);

төменгі жағаны мойын тұсына көктеп тігу;

жеңдерді ойыққа көктеп тігу.

Бүгіліңкі фигураларға, иық деңгейлері әртүрлі фигураларға өлшеп көруге екі жеңді де көктеп тігу керек.

Бұйымды уақытша монтаждау кезінде бұйымның фасонның айқындайтын барлық декоративтік-әрлеу бөлшектері тепшіп тігілген болуы тиіс; жапсырма

калталар, манжеттер, еңсіз жұқа тігістер көктеп тігілген болуы тиіс; қыстық және барлық маусымдық бұйымдарда жылытушы астар тепшіп тігілген болуы тиіс; бұйым мұқият үтіктелуі тиіс.

12.4. ӨЛШЕП КӨРУДІ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Бұйымды өлшеп көрудің негізгі кезеңдері мыналар болып табылады:

оның фигураға отыруын нақтылау;

тапсырыс берушінің фигурасының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бұйымның пішімі мен пропорцияларын нақтылау;

бұйымның декоративтік-эрлеу бөлшектерінің нысандарын, мөлшерлерін және жағдайларын нақтылау;

өлшеп көруге дайындалған бұйымның технологиялық ақауларын анықтау.

Бұйымның фигураға отыруын нақтылау. Киім пішуші өлшеп көруге дайындалған бұйымды қарап шығады және өлшеп көрулер қоймасына береді, ол жөнінде тапсырыстарды есепке алу журналына жазба жасалады. Өлшеп көру кабинасында бұйымды тапсырыс берушіге кигізеді, қыртыстарын жазады, алдыңғы бөліктің орта тұсының (жартылай күртік) сызықтарын оң жақ және сол жақ алдыңғы жиектерде біріктіреді және кеуде, бел мен ілмек сызықтарын түйреуіштермен түйрейді.

Әйелдер бұйымдарын өлшеп көруді оң жақ тарап бойынша орындайды, еркек бұйымдарын – сол жақ бойынша.

Егер бұйым фигураға дұрыс отырса, алдыңғы жиектердің орта тұстарының, артқы бойындарының және бүйір тігістерінің сызықтары тік жағдайда болады. Бұл ретте ешқандай бүгілген жерлер мен қиғаштықтар болмауы тиіс. Негізгі жіптер мен бөлшектердегі бастыра тігілген тұстар моделмен тапсырылған бағытты ұстануы тиіс. Өлшеп көру кезінде бәрінен бұрын бұйымның алдыңғы-артқы және бүйір балансын, жеңнің пішімі мен ұзындығын нақтылайды. Баланс дәл болмаған жағдайда иық тігістерін және иық тігістері мен мойынның жоғарғы нүктесі жағдайын нақтылау талап етіледі.

Бұйымның фигурада дұрыс отырмауы алдыңғы жиек бүйірлерінің дұрыс отырмауымен (олар бір-бірінен алшақ кетуі немесе бір-бірінің үстінен түсуі мүмкін); иық бөлігінде, ойық тұсында, бел, жамбас және төменгі тұстарда алдыңғы жиектер мен артқы бойының тарылуымен немесе кеңеюімен; иық және бүйір тігістерінің учаскелерінде матаның қисық түсуімен; мойын, кеуде, жауырын тұстарында, алдыңғы және артқы ойықтар учаскелерінде бөлшектердің фигураға дұрыс іргелеспеуімен қорытындыланады.

Бастапқыда киім пішуші ақаудың туындауының себебін анықтайды, содан кейін қайта түйреуге кіріседі. Жеңнің ұзындығын, оның пішімін және жоғарғы мен астыңғы енін нақтылағаннан кейін, ол жеңді ойықтан бөліп алады. Тепе-теңдікке қол жеткізу үшін иық тігісін сөгеді, иық тігісі мен мойынның жоғарғы нүктесінде запастарды шығарады немесе алып тастайды. Бұл ретте алдыңғы жиектің иық учаскесінде, мойын, кеуде және ойық тұсында фигураға қонуына, ал артқы бойының – мойын, жауырындар және ойықтар тұсында қонуына көңіл аудару керек. Артқы бойының мойын тұсының ені мен алдыңғы жиектің мойын тұсының енінің арақатынасының дұрыстығын, иық тігісінің орналасуы мен бағытының дұрыстығын, әйелдер пәлтесы мен жакеттерінде – кеуденің қымтаулы тұстарының ұзындығы мен айрықтарын, артқы бойындағы қымтаулы тұстардың ұзындығы мен айрықтарын (иық тігістерінен) және артқы бойының иық тігісінің отыру өлшемін тексеру керек.

Иық тігістерінің қисық кеткен тұстарын артқы бойы мен алдыңғы жиекті бір-біріне қатысты жылжытумен жояды. Бұл ретте матаның запасын шығарып (немесе алып тастап), алдыңғы жиектегі иық тігісі мен мойынның жоғарғы нүктесін жоғары (төмен) ауыстырады, артқы бойының кесігін іштен бүріп және артқы бойының тиісті

отыруын жасап, иық тігісінің бағытын ауыстырады және иық тігістерінің жаңа сызықтарын салады.

Түйреу кезінде түйрегіштерді иық тігісіне кесе-көлденең орналастырады. Иық тігістерінің сызықтарын нақтылағаннан кейін, артқы бойының кесігін бүгіп және тігіс сызығына көлденең түйрегіш түйреп, бүйір тігістерінің бағыттарын нақтылайды. Белге түйісетін және жартылай түйісетін бұйымдарда фигура белінің сызығы мен бұйым белінің сызығы бір-біріне сәйкес келуін тексереді; бұл ретте белгіленген бел сызықтарының деңгейінде қымтаулы тігіс пен рельефтердің айырықтары ең көп болуы тиіс. Кейбір жағдайларда Впк (иықтың қиғаш биіктігі) өлшемі дәл алынбаған кезде ойықтың жоғарғы нүктесі дұрыс орналасқан немесе орналаспағанын нақтылау талап етіледі. Қажет болған кезде ойықтан мойынға дейінгі тігістің бағытын сақтай отырып, иық тігісін бүкіл ұзындығы бойына сөгу, запасты шығару (немесе алып тастау) керек. Бір иық тігісін тексеріп, бұйымды фигурада теңестіру және запастың артығын алып тастап немесе шығарып, екінші иық тігісін түйреу керек.

Шартты-пропорциялықтан ауытқуы бар фигурада және тараптары симметриялы емес фигурада бұйымның екі тарапын да нақтылайды.

Бұйымның пішімін тексеру және декоративтік-әрлеу бөлшектерін орналастыру.

Бұйымның пішімі мен пропорциясын тапсырыс паспортында келтірілген модельдің суретімен салыстырады. Бұйымның пішімін нақтылау үшін бүйір тігістері, қымтаулы тігістер, рельефтер және басқа да құрылымдық сызықтар өзгертілуі мүмкін. Бұйымның ақтық пішімі бүйір тігістерін өзгерту жолымен жасалады, бұл ретте алдыңғы жиектің және артқы бойының ендерінің арақатынастарын өзгертумен фигураның кемшіліктерін көзбен қарағанда жасыруға болады.

Бұйымның пішімін түпкілікті нақтылау үшін жеңнің қайрап тігу сызығын және жеңнің ойықтағы жағдайын белгілей отырып, жеңді окаттың жоғарғы бөлігінде қайтадан түйрейді, содан кейін жеңнің ұзындығы мен бұйымның ұзындығын тексереді. Өлшеп көрудің қорытындылаушы кезеңі (сондай-ақ аса маңызды кезеңі) жағаның пішімін нақтылау болып табылады, ал егер иық тігістері сөгілген болса – онда жағаның мойынмен қосылған сызығын да нақтылау. Жағаны бұйымға қайтадан белгіленген сызықпен түйрейді, артқы бойының орта тұсынан, иық тігістері мен аяқталатын тұстардағы деңгейде жағаның тұруының биіктігін және енін өлшейді, мойынға түйісу дәрежесін тексереді.

Әрлеу бөлшектерінің пішімі мен өлшемдерін өлшеп көру кезінде нақтылауға болады (бірақ олар өлшеп көруге дейін де дайындалған болуы мүмкін). Өлшеп көру кезінде модельдің жұмыспен өңделген әрлеу бөлшектерінің орналасуы мен тапсырыс беруші фигурасының ерекшеліктерінің сәйкес келуі тексеріледі.

Бұйымды бормен сызу кезінде киім пішуші сызықтардың жаңа жағдайларын белгілейді, бөлшектерді біріктіру үшін бақылау белгілерін қояды, сондай-ақ қосымша ылғалды-жылулық өңдеуді және қосымша астарлар қоюды талап ететін учаскелерді белгілейді.

Алдыңғы жиек пен артқы бойының бүйір тігістері сызықтарының жағдайын нақтылап, бөлшектерді бақылау белгілеріне сәйкес қосады және ойықтың төменгі бөлігінің жағдайын белгілейді; иық тігістерінің сызықтарын тексеріп, бөлшектерді иық кескіндері бойынша қосады және мойын мен ойықтың жоғарғы бөлігінің сызықтарын белгілейді; жағаның пішімі мен мөлшерін нақтылап, оның мойынға сәйкес келуін, ал жең окатының ойыққа сәйкес келуін тексереді. Соңында декоративтік бөлшектердің негізгі бөлшектермен қосылу сызықтарын белгілей отырып, декоративтік бөлшектерді бормен сызып шығады.

Өлшеп көруге дайындалған бұйымның технологиялық ақауларын анықтау. Өлшеп көру кезінде киім пішушінің міндеттерінің бірі бұйымды дайындаудың ақауларын анықтау болып табылады.

Киім пішуші өлшеп көрілетін бұйымның бөлшектеріне бормен технологиялық өңдеу кезінде туындаған ақауды шартты белгілеу жасайды. Ақаулардың шартты белгілері 12.1-кестеде келтірілген.

12.1-кесте. Дайын бұйымды өлшеп көру кезінде технологиялық және құрылымдық ақауларды шартты белгілеулер		
Ақау	Шартты белгінің сипатталуы	Шартты белгі
Бекітпелердің, тігістердің болмауы немесе торланған ілгектерде астардың көрініп тұруы	Екі қиылысқан сызықтар	
Тігістің қисаюы	Қисайған жердің ұзын бойына толқынды	
Бөлшек қысқартылған	Бөлшектің шетінен жүргізілетін кесілген түзу сызық	
Бөлшек қажетті мөлшерге карағанда ұзын	Бөлшектен шетінен бастап артық ұзындыққа тең етіп жүргізілген түзу сызық	
Бөлшек енінің бірдей болмауы (клапанның, жапырақшаның), ілгектер арасындағы қашықтықтың бірдей болмауы, көмкерме енінің бірдей болмауы және т.б.	Түзу және толқынды сызықтар	
Жоғары көтеріңкі (қайырма, жаға)	Сызықтың тартылу бағытына нұсқар	

12.4.	Шартты белгінің сипатталуы	Шартты белгі
Астар тартыңқы	Тартылу сызығы бойынша қостарапты нұсқар	
Бұйымның беткі тарапынан астардың көрініп тұруы	Бөлшектің төменгі шеті бірнеше түзу қысқа тік сызықтармен сызылған	
Дақ, күйік немесе текстиль кемістігі	Диаметрі кемстік мөлшеріне тәуелді болатын шеңбер	
Қисықтықтар	Қысқа түзу көлбеу параллель сызықтар	
Ілгек текті тігіс	Штрихты сызық	
Сурет бөліктерінің сәйкес келмеуі	Одан тік сызықтар кететін көлденең түзу сызық	
Тігістің қалып кеткен жерлері	Үшбұрыш	
Оймакілтек жиектері мен шеттерінің алшақтығы немесе бір жиектің немесе оймакілтектің екіншісіне кіріп	Бөлшектердің алшақтығы ұшы жоғары қараған бұрышпен белгіленеді, бөлшектердің кіріп кетуі — ұшы төмен	
Жеткіліксіз үтіктелген қымтаулы тігістердің, қалтаның және басқа бөлшектердің ұштарындағы әлсіздік	Бірнеше эквидистантты доға тектес сызықтар	
Бөлшектің шеті, торабы немесе оның бір бөлігі нашар	Түзу сызыққа қарай жүргізілген нұсқар	

БҰЙЫМНЫҢ ОТЫРУ АҚАУЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Бұйымды адам денесіне өлшеу конструкциясының ақауларын анықтау және жою, сондай-ақ бұйымды өндеу үшін қажет екені жоғарыда айтылған болатын.

12.2-кестеде бірқатар ақаулар келтірілген, олардың пайда болу себептері түсіндірілген және оларды жою тәсілдері ұсынылған.

12.2-кесте. Киімнің отыру ақаулары, олардың пайда болу себептері және жою тәсілдері

Ақау көрсетілген сурет	Пайда болу себебі	Жою тәсілі
Иығы бар бұйымдардың ақаулары (мысалы: пенжек)		
12.1 сурет	Жағаны қондырып тігу сызығы қайырма бүгісінің сызығына сәйкес келмейді	Мойынға жағаны қондырып тігу сызығын қайырма бүгісінің сызығына сәйкес өзгертеді
12.2 сурет	Бұйымның алдыңғы –артқы теңгерімі бұзылған, мойынның ойындысының басы тым көтерілген	Артық матаны тігіске жіберіп, мойын басын астына түсіреді; иық тігісінің бағытын өзгертеді; қажет болса мойынды тереңдетеді
	Мойын ойындысы басының орны оның орташа сызығы бойынша дұрыс орнатылмаған	Мата қорын мойын ойындысына жіберіп және оны ойық бойынша кесіп, бұйымның алдыңғы бойының иық қиығын артқы бойының иық қиығына қарай ойыққа жылжытады
	Бүйір қиықтарын біріктірген кезде, бұйымның бүйір теңгерімі бұзылған (бұйымның алдыңғы бойы жоғары тұр)	Бүйір қиықтары бойынша жаңадан бақылау белгілерін қояды, бұл ретте бүйір тігісінің басындағы мата қорын жіберіп, алдыңғы бойынның бүйір қиықтарын қажет деңгейге төмен түсіреді; ойық сызығын айқындайды; төмен жағын теңейді
	Кеуде шығыңқылығын алу үшін бұйымның алдыңғы бойы анық емес	Бұйымның алдыңғы бойын қажетті мөлшерге дейін қосымша айқындайды
	Бұйымның алдыңғы бойының шеттері жиекке жеткіліксіз отырғызылған	Жиекті қатты тартып жасайды
12.3 сурет	Бұйымның алдыңғы –артқы теңгерімі бұзылған, мойынның ойындысының басы төмен түсірілген	Мата қорын жіберіп, мойынның жоғары шетін көтереді. Иық тігісінің бағытын өзгертеді.
	Бұйымның алдыңғы бойының мойын ойындысының жоғары жағы оның орта сызығына қарай дұрыс айқындалмаған.	Бұйымның алдыңғы бойының иық қиығын ойық бойынша мата қорын жіберіп және артық матаны мойын ойығы бойынша алып тастап, артқы бойының иық қиығына қарай мойын ойығына жылжытады.

	Бұйымның бүйір теңгерімі бұзылған (бұйымның алдыңғы бойы төмен тұр)	Бүйір қиықтары бойынша жаңадан бақылау белгілерін қояды, бұл ретте бүйір тігісінің басындағы мата қорын жіберіп, алдыңғы бойынның бүйір қиықтарын қажет деңгейге көтереді; ойық сызығын айқындайды; төмен жағын туралайды
	Кеуде шығыңқылығын алу үшін бұйымның алдыңғы бойы артық тарылтқан	Жиегін сөгіп, бұйымның алдыңғы бойының шеттерін төмен қондырып, қайта үтіктейді
	Қайырма және өңір бойындағы алдыңғы бойы жоғары қондырылған	Жиекті қатты тартпай салады
12.4 сурет	Жағаны мойын ойығына қондырып тігу сызығының ұзындығы мойын ойығының ұзындығынан қысқа	Мүмкіндігінше жағаны қондырып тігу сызығын ұзартады. Мүмкін болмаған жағдайда, мойын ойығының ұзындығын азайтады, ол үшін оның кескен жерлерін иық тігісіне қосып, бұйымның алдыңғы бойы мен артқы жағын көтереді. Бұл ретте жиегін тереңдетеді, бұйымның ұзындығын нақтылайды.
12.5 сурет	Бұйымның алдыңғы –артқы теңгерімі бұзылған, артқы жақтан мойын ойындысының басы мен түбі жоғары көтерілген	Артқы жақтан мойын ойындысын тереңдетеді және иық қиығының бағытын өзгертеді
	Арқа ойындысының биіктігі жеткіліксіз	Мата қорын ойық басынан жіберіп, ойықтың биіктігін ұлғайтады (бұл жағдайда жеңтүбінің биіктігін ұлғайту қажет)
	Иық қаптамасының биіктігі артық	Иық қаптамасының биіктігін азайтады
12.6 сурет	Артқы жақтан мойын ойындысы артық тереңдетілген	Мата қорын артқы жақтың мойын ойығы бойынша жібереді. Мата қоры болмаса, бүйір қиықтарын жылжытып, артқы жағын көтереді, оның жиегін тереңдетіп, иық тігісінің бағытын өзгертеді, бұйымның төмен жағын туралайды.
12.7 сурет	Жең жеңтүбінің алдыңғы бөлігі қысқартылған	Төменгі жарты ойығын тереңдете отырып, а—в телімінде жең жеңтүбінің биіктігін үлкейтеді және алдыңғы бөлік телімін өзгертусіз қалдырып, жеңтүптің жоғарғы бөлігін кесіп тастайды. Бұл ретте матаның артығын төменге түсіріп, жең ұзартылады

Ақау көрсетілген сурет	Пайда болу себебі	Жою тәсілі
12.8 сурет	Жең жеңтүбінің артқы бөлігі қысқартылған	Төменгі жарты ойығын тереңдете отырып, а—в телімінде жең жеңтүбінің биіктігін үлкейтеді және артқы бөлік телімін өзгертусіз қалдырып, жеңтүптің жоғарғы бөлігін кесіп тастайды
12.9 сурет	Жең жеңтүбінің биіктігі жей ойындысының тереңдігіне сәйкес келмейді, жеңтүп «қысқа»	Төменгі жарты ойығын тереңдетіп және жеңтүп сызығы бойынша жоғарғы жартыны кесе отырып, жең жеңтүбінің биіктігін үлкейтеді
12.10 сурет	Жең ойындысы тереңдігіне қатысты алғанда жең жеңтүбі биік	Жеңтүп биіктігін қажет мөлшерге кішірейтеді
12.11 сурет	Жең иық бөлігінде тар	Мата артығын иық бөлігінде жеңнің орта тігісі бойынша шығарады, қажет болғанда жең ойындысы жағынан да
Белдемшелердегі ақаулар		
12.12 сурет	Ортасынан бүйір кесінділеріне қарай алдыңғы еннің бүгілуі жеткіліксіз	Алдыңғы еннің үстіңгі кесіндісін ортасынан тереңдетіп, суретте көрсетілгендей ресімдейді
12.13 сурет	Ортасынан бүйір кесінділеріне қарай артқы ен үстіңгі кесіндісі бүгілуі жеткіліксіз	Алдыңғы еннің үстіңгі кесіндісін ортасынан тереңдетіп, суретте көрсетілгендей ресімдейді
12.14 сурет	Белдемшенің артқы ені үстіңгі кесіндісінің бүгілуі жеткіліксіз	Белдемшенің артқы ені жоғарғы кесіндісін тереңдетеді
	Артқы және бүйір қыстаулы тігістерінің айырығы үлкейген	Артқы және бүйір қымтаулы тігістерінің айырығын кішірейтеді
12.15 сурет	Бүйір қымтаулы тігісінің айырығы үлкейген	Бүйір қымтаулы тігісінің айырығын кішірейтеді, сәйкесінше артқы және алдыңғы қымтаулы тігіс айырығын осындай мөлшерге үлкейтеді
Шалбар ақаулары		
12.16 сурет	Шалбардың бүйір тігісі ұзын	Алдыңғы және артқы жартылар бүйір тігісі басында матаның артығын кесе


Окончание табл. 12.2

12.17 сурет	Артқы жартылардың орта тігісі қысқа	Орта тігістің жоғарғы бөлігінде үшкіл қайып тішіледі. Бұл ретте бат басында мата артығын кесіп және сәйкесінше оның төменгі бөлікте тереңдете отырып, алдыңғы жартыларды көтереді
12.18 сурет	Артқы жартылардың орта тігісі тым ұзын. Бант сызығы қысқа	Егер ақау елеусіз болса, үстіңгі шеті бойымен матаның артығын кесіп, орта тігіс ұзындығын кішірейтеді. Елеулі ақау болғанда бүйір тігісін сөгеді және орта тігіс бойынша мата артығын дәл осындай мөлшерге шығара отырып, артқы жартылар бүйір тігісі бойынша мата артығын алып алады
12.19 сурет	Шалбардың сан тұсы кең; сан телімінде бүйір тігісі артық дөңгеленген	Шалбардың алдыңғы және артқы жартысынан немесе тек артқы жартысынан ғана сан тұсында бүйір тігісі бойынша артық матаны алып тастайды
12.20 сурет	Шалбардың отыру биіктігі үлкейтілген	Алдыңғы және артқы жартылар жағынан белбеуді қайып тігу сызығымен матаның артығын алып, шалбардың отыру биіктігін азайтады. Бұл ретте артқы қалтаның әдеттегіден біршама жоғары орналасатынын есте сақтау керек. Қажет болғанда матаның артығын орта немесе бүйір тігісіне алады
12.21 сурет	Шалбардың артқы жартысының ұзындығы орта тігіс басында артық. Шалбардың артқы жартылары санның жоғарғы бөлігінде тарылған	Орта тігіс басында матаның артығын қиып тастайды (штрихті сызық). Шалбардың артқы жартыларын орта тігіспен мата артығын шығарып, сан тұсында кеңейтеді
12.22 сурет	Шалбардың артқы жартылары сандар тұсында тарылған (қадамдық тігіс басында)	Артқы жартылар қадамдық тігісімен мата артығы шығарылады. Егер ақау елеусіз болса, үшкіл қайып тігіледі
12.23 сурет	Шалбар жартылары қадамдық тігіс бойынша қате жалғанған — алдыңғы жартысы үстіге жылжып кеткен. Конструкциялау кезінде аяқ жайғасымы ескерілмеген — табанның басы тым артық сыртқа бағытталған	Алдыңғы жартының бант сызығы бойынша артық мата болмауынан түзетуді қажет мөлшерге қадамдық тігіспен артқы жартыны жоғарыға ауыстыра отырып жүргізеді, бұл ретте орта тігіс тереңдетіліп, басындағы мата артығы қиылады. Астында және тізе сызығында мата артығын сәйкесінше дәл осындай мөлшерге шығарады. Ескертпе. Табанының ұшы тым сыртқа шығыңқы дене бітіміне шалбарды пішкен кезде алдыңғы жартылар бүгілісін тегістеу сызығын бүйір тігісі жағына қажет мөлшерге жылжытады. Бүйір және қадамдық тігістерді дәл осындай мөлшерге жылжытады


Ақау көрсетілген сурет	Пайда болу себебі	Жою тәсілі
12.24 сурет	Шалбар жартылары қадамдық тігіс бойынша қате жалғанған — алдыңғы жарты төменге жылжыған. Конструкциялау кезінде аяқтың жайғасу ерекшелігі ескерілмеген — табан ұштары ішкі бұрылған	Алдыңғы жартыны қадамдық тігіс бойынша қажет мөлшерге жылжытып, бұл ретте бант сызығын тереңдетеді және қажет болғанда бант басында матаның артығын кеседі. Мата артығын төменде сәйкесінше дәл осындай мөлшерге шығарады және тізе сызығында бақылау нүктесінің қалпын өзгертеді.
	Бөксе тұсында шалбардың артқы жартылары тарылған	Орта және ішінара қадамдық тігіс бойынша артығын шығарып, бөксе тұсында шалбардың артқы жартыларын кеңейтеді
	Бүйір тігісі қысқа — дене бітімінің ерекшелігі ескерілмеген (сандары шығыңқы)	Алдыңғы және артқы жартылар астына мата артығын шығарып бүйір тігісті ұзартады. Қадамдық тігіс ұзындығын сақтау үшін орта тігіс пен бант сызығын тереңдетеді. Бант және орта тігіс басында белбеуді қайып тігу сызығымен дәл осындай мөлшерде мата артығын кеседі. Ескертпе. Аяқұ табаны ішке қараған дене бітіміне шалбар пішкен кезде алдыңғы жартылар бүгілісінің тегістелу сызығын қадамдық тігіс жағына қажет етілетін мөлшерге ауыстырады. Бүйір және қадамдық тігістерді дәл осындай мөлшерге ауыстырады. Сәйкесінше артқы жартыларда бүгілу сызығын, бүйір және қадамдық тігістер қадамдық тігіс жаққа ауыстырылады
12.25 сурет	Конструкциялау кезінде аяқ құрылымының икс тәріздес пішіні ескерілмеген	Алдыңғы жартылардың қадамдық тігісі бойынша тізе аумағында телімді кеңейтеді. Алдыңғы жартыларда мата артығы болмаған жағдайда тек артқы жартыларды түзетеді. Бұл ретте алдыңғы және артқы жартылар бүйір тігісінің басында артық матаны алады. Сәйкесінше төменге тегістейді.

Окончание табл. 12.2


		Ескертпе. Аяқ пішіні икс тәріздес дене бітіміне шалбар пішкен кезде алдыңғы және артқы жартылар бүгілулерін тегістеу сызығын қалыпты жайғасымнан табанның 1/4 ауытқуына тең мөлшерге бүйір тігісі жағына ауыстырады. Сәйкесінше бүйір және қадамдық тігістерді дәл осындай мөлшерге ауыстырады
12.26 сурет	Конструкциялау кезінде аяқ құрылысы, олардың О-тәріздес пішіні ескерілмеген	Шалбардың алдыңғы және артқы жартылары бүйір тігісі бойынша тізе аумағында телімді кеңейтеді. Бүйір тігісте мата артығының болмауы салдарынан артқы жартыларда ғана түзету жасалады, бұл ретте қадамдық тігіс бойынша мата артығы шығарылып, тізе аумағынан жоғары және төмен бүйір бойынша мата артығы кесіледі. Ескертпе. Аяғы О-тәріздес пішінге ие пішінге шалбар пішкен кезде табан жайғасымына ерекше назар аударады және сәйкесінше шалбарларды тегістеу сызықтарын жылжытады
12.27 сурет	Конструкциялау кезінде пішін құрылымының ерекшелігі ескерілмеген — бір сан екіншісіне қарағанда дөңес	Артқы жартының орта және қадамдық тігістерінен артық матаны шығарып және бүйірдегі мата артығын кесіп, біршама дөңес сан жағынан шалбар енін үлкейтеді. Сонымен қатар алдыңғы және артқы жартылар астына мата артығын шығарып, бүйір тігісі ұзындығын үлкейтеді, ал қадамдық тігіс ұзындығын сақтау үшін банттың және орта тігістің төменгі бөлігінде артық матаны қияды, сәйкесінше белбеуді қайып тігу сызығын теңестіреді
12.28 сурет	Оның астарымен жалғау кезінде алдыңғы жарты қиғашталған	Қиғаш кетуге жол бермей, бүгілу сызығымен үсті мен астарды тексеріп, теңестіреді
12.29 сурет	Тізе және балтыр аумағында артқы және алдыңғы жартылардың ылғалды-жылулық өңдеудің жеткіліксіздігі	Сәретте көрсетілгендей, артқы және алдыңғы жартыларды ылғалды-жылумен өңдеуді жүргізеді




12.1 сурет. Қайырманың бүгілу сызығы бірінші ілгектен біршама жоғары немесе төмен орналасады




12.2 сурет. Өршелер өңірлері астында бірікпейді




12.5 сурет. Жағадағы арқадағы көлденең кептеулер




12.6 сурет. Арқадағы жаға мойыннан қалып қойған




12.7 сурет. Жеңнің алдыңғы бөлігінде тік кептеу. 12.8. Жеңнің шынтақ бөлігінде көлденең кептеу



12.11 сурет. Реглан пішімді жеңдегі иық аумағындағы кептеу



12.12 сурет. Белдемшенің алды аяққа жабысыңқы 12.13 сурет. Белдемше арты аяққа жабысыңқы



12.14 сурет. Белдемшенің артқы еніндегі белбеу




Рис. 12.14

12.15 сурет. Сан аумағындағы бүйір тігіс бойынша олқылық




Рис. 12.16. Короткие поперечные заломы по боковому шву; смещены внутрь сгибы передних половинок

Надписи: 12.16 сурет. Бүйір тігіс бойынша қысқа көлденең кептеулер: алдыңғы жартылар ішке бүгілуі жылжыған








Рис. 12.17. Наклонные заломы в задних половинках, направленные к боковому шву


Надписи: 12.17 сурет. Бүйір тігіске бағытталған артқы жартылардағы еңіс кептеулер




2.18 сурет. Балтыр сызығынан жоғарыға бүйір тігістерімен еңіс кептеулер




12.19 сурет. Бүйір тігіс бойымен артқы жартылардағы тік бүрме




12.20 сурет. Төменгі бөлікте орта тігіс артық салбырап тұр




Напуск на задних половинках
Белбеуді қайып тігу сызығында
шалбартың артқы
жартысындағы салпыншақ




12.22 сурет. Бөксе астындағы
бұрме аумағындағы желпуіш
тәрізді кептеу



12.23 сурет. Алдыңғы жартылар бұгулері ішке
жылжыған






12.24 сурет. Алдыңғы жартылар бүгулері сыртқа жылжыған




12.25 сурет. Сан сызығынан табанға дейінгі бүйір тігісі бойымен кептеулер. Аолдыңғы және артқы жартылар бүгілулері ішке жылжыған. Ақау тар шалбарларда ерекше анық көрінген


12.26 сурет. Шалбар тізе аумағында бүйір тігіс бойымен аяққа жабысады. Алдыңғы және артқы жартылар бүгулері табан жайғасуына қарай ішке немесе сыртқа жылжиды



12.27 сурет. Бүйір тігістердің бірі қайшыланған



12.28 сурет. Қадамдық тігіс бойынша еңісті кептеулер



12.29 сурет. Балтырдан жоғары және төмен шалбарлардың артқы жартыларындағы көлденең және көлбеу кептеулер. Ақау көбінесе тар шалбарларда кездеседі

Пішім сапасын жақсарту, мата шығынын үнемдеу және жеке тапсырыстар бойынша бұйымды пішуге уақыт шығынын азайту мақсатында үлгішілер тігін зертханалары және үлгі үйлері әзірлейтін ерлер мен әйелдердің сырт киімі негіздері сызбаүлгісін пайдаланады. Сызбаүлгілерде еркін қонуға тиісті үстеумен негізгі конструкциялық телімдерді өлшеу орындары көрсетіледі, бұл үлгішінің тапсырыс беруші өлшеміне сой конструкцияның қандай да бір телімін өзгертуге мүмкіндік береді.

Бұйымның барлық бөлшектері түк, жүн, мата суреті, матадағы негіз жіптері бағытына және жол берілетін жалғаулар бөлшектерінде үлестік бағыттан жол берілетін ауытқуды ескерумен пішіледі.

Арқа және бел бұйымдары бөлшектерінде негіз жіптерінің бағыты 5 қосымшадағы П.5.1—П.5.9 суретте көрсетілген, ал П.5.1 және П.5.2 кестелерде түсіндірілген.

Түкті немесе түрлі реңктегі маталардан тігілген бұйымдар бөлшектерін бір бағытта пішеді. Түкті маталарда (вельвет, барқыт, мақпал және т.с.с.) түк астыдан үстіге бағытталуға тиіс; түкті маталарда — бәйке, күдері, драп және шұғада — түк үстіден төменге бағытталуға тиіс; бедерлі мақпалдағы түк бағыты төменнен жоғарыға да, жоғарыдан төменге де қарап тұруы мүмкін. Белгілі бір түрде бағытталған суреті бар матадан тігілген бұйымдардың барлық бөлшектері бір бағытта пішіледі. Ірі суретті маталардан тігілген бұйымдардың барлық бөлшектері бұйымның оң және сол жақтары сурет бойынша симметриялы болатындай пішеді. Бұл ретте көрінетін телімдерде суреттің тұтастығын сақтау керек.

Аса ірі жарқын бецнеленген суреті бар матадан тігілген бұйымдарда арқасы мен алдын олардың орталары негізгі сурет орталығымен сәйкес келетіндей пішеді; ірі бұршақты маталардан тігілген бұйымдарда арқа мен алдының ортасы бұршақтың орталығы арқылы өтуге тиіс; жолақты маталардан тігілген бұйымдарда ортасының сызығы орталық жолақтың ортасымен сәйкес келуге тиіс.

Жолақ немесе торкөз матадан тігілетін бөлшектерді пішу суретті кейін қиыстыру үшін әдіптермен жасалауға тиіс: өрешелерде — өңірлер шетімен; өңірастыларда — қайырмалардың сыртқы шетімен; арқада — орта кесінді бойынша; қақпақшаларда, жапсырма қалталарда, жапырақша қалталарла, жағада — жоғарғы және төменгі кесінділер бойынша; арқа мен өрешелер иінішінде — бүрмелер немесе тықымтаулы тігістерге дейін.

Әдіптер мөлшері раппорттың 1/2, 3/4 бөлігіне немесе суреттің толық раппортына тең болуға тиіс. Егер үлгіде бұйымдар жолағының шырша тәрізді орналасуы сөзделсе, онда бөлшектер сызбаүлгілерінде қадет етілетін еңістің бақылау сызығын салып, бөлшектерді матадағы жолақпен сәйкес келетіндей орналастыру керек. Бұл ретте бөлшектер мата суретінің үлгісі мен еніне қарау матада көлденең немесе тігінен орналасуы мүмкін.

Жолақты матадан жасалатын бұйымды пішу кезінде мына талаптарды сақтау керек: екі бөліктен тұратын арқада, оң және сол жақтағы жолақтар симметриялы орналасуға тиіс; жолақтың иініші бар арқада иініште және арқадағы жолақтар арқаның барлық ені бойына немесе оның орта бөлігіне сәйкес келуге тиіс; иінішті өрешеді иініштегі және өрешедегі жолақтар, егер өреше бүрмелі болса, өрешенің барлық ені бойында немесе бүрмелерге дейінгі алдыңғы бөлікте сәйкес келуге тиіс;

Қақпақшаларда, пата, жапсырма қалталада, ойып түсірілген әдіптерде (жапқышсыз қалталарда), жапырақша қалталарда, белдіктерде жолақтар негізгі бөлшектер жолақтарымен сәйкес келуге тиіс; жаға ұштарында жолақтар симметриялы орналасуға тиіс.

Егер бұйым ірі жарқын бейнеленген торкөзі бар суретті матадан пішілсе, онда пәлте, пенжек, блузка, белдемшелер мен шалбарлардың бүйір тігістеріндегі көлденең жолақтар сәйкес келуге тиіс; жағада жағаның ортасындағы жолақ арқадағы жолақпен сәйкес келуге тиіс; оң және сол өңірастында жолақтар симметриялы орналасуға тиіс.

Тігістер мен артық тұстарға әдіптер мәндері 2 қосымшада келтірілген (П.2.2 кестеде — иық бұйымдары үшін; П.2.3 кестеде — бел бұйымдары үшін).

2 қосымшада бөлшектердегі негіз жіптерінің бағыттарының классикалық нұсқалары келтірілген. Бағыт үлгі, мата суреті және материал құрылымына қарай өзгеруі мүмкін.

Иық және бел бұйымдарының сәндік-әрлеу және ұсақ бөлшектеріндегі негіз жіптерінің орналасуы және осы бұйымдарды пішудегі шектер 4 қосымшада келтірілген (П.4.3 кесте).

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

Үлгішінің тапсырыс берушімен жұмысының реті қандай?

Егер үлгіші бір өлшеумен жұмыс жасаса, тапсырыс қабылдау кезінде ең маңыздысы не болады деп ойлайсыз?

Тапсырыс төлқұжаты дегеніміз не және оған не кіреді?

Бұйымды өндеудің қандай сатыларын білесіз?

Бұйымды өлшеуге даярлық қандай ретпен жүреді? Өлшеу жүргізудің қандай тәртібін білесіз?

Бұйымның дене бітіміне қонуы қалай нақтыланады? Үлгіші қате қонуды қандай белгілермен айқындайды?

Үлгіші қону ақауларын қалай түзетеді? Үлгіші бұйым пішіні мен пропорцияларын қалай нақтылайды және сәндік-әрлеу бөлшектерін қалай орналасады?

Үлгіші өлшенетін бұйымның технологиялық ақауларын қалай белгілейді?

Қандай да бір тігін бұйымының ақауларын мысалға келтіріңіз, олардың туындау себептерін атаңыз және оларды жою жолдарын айтып беріңіз.

Бұйымды пішу кезінде нені ескеру керек?

Иық және бел бұйымдары бөлшектерінде жіптер бағыттарына мысалдар келтіріңіз. Түкті маталар, суретті маталар, жолақты және торкөз маталарды пішудің ерекшеліктері қандай?

Тігістерге әдіптер мен олардың артық мөлшерінің қандай түрлерін білесіз?

КИІМДІ ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

Кезекті маусым келер алдында сән газеттері, журналдары, радио және телевизия үлгілеуші ұйымдар айналысып жатқан сән бағыттарымен таныстырады. Ақпаратты алған адамдар жаңа бұйымдар әзірлеумен бірге гардеробын құрайтын киім-кешекті жаңартуға жиі жүгінеді. Бұл ретте бір заттарды жөндеуден өткізеді, басқаларын қандай да бір әрлеуді қолданумен түрін өзгертеді.

Ателье, шеберханаларда және басқа да тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарында тігумен бірге мынадай жұмыс түрлері орындалады:

бұйымды жамау (жөндеу);

бұйымды үтіктеу;

жекелеген бөлшектерді ішінара қайта пішумен бұйымды жаңарту;

бұйымды толық қайта пішумен жаңарту;

бұйымды өңін айналдырып тігу;

өнеркәсіптік кәсіпорындарда әзірленген бұйымдарды дене бітімімен қиыстыру (ұзындығын, енін өзгерту, сұлбасын түзету).

Жамау — бұйымның қажалған (тозған) жекелеген жерлерін жөндеу. Пәлтеда және костюмдерде, мысалы, мұндай телімдер: жеңдердің асты, өңірлер шеттері, ілгектер, түйме тігетін жерлер, көмкерме әдіп орны, қала жапқыштары мен астарлары, үстіңгі жаға, жеңдердің шынтақ телімдері; шалбарларда — қалталардың асты, шеттері мен астары, ілгектерінің шеттері; астарда — жеңдер астары, астардағы қалтаның орналасатын орындары, астардың асты, шалбарлар астары.

Жөндеу ұсақ, орташа және ірі болуы мүмкін.

Ұсақ жөндеуге жататындар: түймесін ауыстыру; түймелер, ілгектер, ілмектер тігу; киімдігіш зәрілеу және тігу, ілмектерді тепшу, қалталардың шеттерін бекіту; сөгілген тігістерді қайып тігу; торлау, білдірмей торлап тігу, жамау салу; бұйымды үтіктеу.

Орташа жөндеу бұйымның немесе оның негізгі бөлшектерінің мөлшерін немесе үлгісін ішінара өзгертумен сипатталады; бұйым асты мен жеңдердің астын ұзындығын өзгертумен өңдеу осы жөндеу түріне жатады; өңірлер мен жаға пішінін жөндеу және өзгерту; жекелеген бөлшектерді айырбастау (жең бүкпесі, жапсырма қалталар және т.с.с.). Ірі жөндеу бұйымның негізгі тігістерін сөгу және бұйым ені мен пішінін өзгерту, бұйым, жең ойындысындағы жеңдер қалпы теңгерімінен тұрады; жөндеудің осы түріне сондай-ақ өңір ілгегін өзгерту — жылжыған ілгекті орталықтағымен айырбастау жатады (яғни екі өңірлі бұйымды бір өңірліге өзгерту).

Киімді жаңарту — ескіргеннен заманауи киім әзірлеу.

Киім-кешекті бұйымды ішінара немесе толық қайта пішумен жаңартады.

Жақсы матадан әзірленген бұйым басқа бұйымдарда өз өмірін жалғастыра алады. Тапсырыс берушілер кейде шалбардан белдемше, пәлтедан желетке, күртке; ересектер киімінен баланикін жасауды сұрайды. Ескі киімді пішу кезінде тозған телімдерге жоламаған дұрыс.

Ескірген бұйым бөлшектерінен заманауи сән бағытындағы бұйымды пішу көбіне мүмкін болмай жатады. Мұндай жағдайда толықтыру үшін материал таңдалып алынады. Ол үшін фактурасы немесе түстік гаммасына қарай жаңа үлгіге сәйкес келетін жаңа материалды таңдап алуға болады, немесе сәннен шығып қалған басқа бұйымды пайдаланады.

Түрлі материалдардан жаңа бұйым жасай отырып, егер пішіні бұйым мақсатына, тапсырыс берушінің дене бітіміне, шашының, көзінің түсіне сәйкес келіп жатса, жақсы көрінетінін есте сақтау керек.

Пәлтедан балалар пәлтесін, балалар күрткесін, қысқа жартылай пәлте, жағасыз және қайырмасыз желетке тігу ұсынылады; ілмегін қылтаға дейін немесе орталық немесе жылжып кеткен қайырма бүгілген сызыққа дейін жасау керек немесе ілмектің қажеті жоқ.


Желетке ұзындығын белдемше ұзындығымен байланыстырған дұрыс. Белдемшені ерлер шалбарынан жасауға болады. белдемшені күрт тігісті етіп пішеді, себебі басқа пішінді істеу мүмкін емес; бұл ретте тігістерді түрліше орналастыруға болады. Бір жағдайда белдемшені бүйір тігістерден, бірақ алдынан бір тігіс және артынан екеуін орналастырып, бүйірлік қымтаулы тігіспен жасайды. Шалбардың артқы жартысының ең кең бөлшектерінен белдемшенің бүйірлік бөліктерін пішеді, ал алдыңғы тар жартылардан — белдемшенің алдыңғы және артқы бөліктерін. Басқа жағдайда белдемшенің алдыңғы және артқы ендерін тігістерді ортаға орналастырумен екі бөліктен пішуге болады, бұл ретте шалбардың артқы кең жартыларынан белдемшенің алдыңғы ені пішіледі.

Ерлер және әйелдер шалбарларынан балалар шалбарын немесе балалар белдемшесі мен сарафаны пішеді (13.1 сурет).

Киім-кешекті жаңарту кезінде әрлеудің алуын түрлері кеңінен қолданылады.

Сәнәк әрлеу барлық жас топтарындағы бұйымдарды безендірудің ажырамас бөлігіне айналды. Балалар киімі қашан да түрлі әрлеуге ие, бірақ ол жастар киімінде көбірек дәрежеде қолданыла бастады.

Сырт киімді әрлеудің ең көп таралған түрі металл фурнитура (сыдырма ілгектер, хольнитендер, баутесіктер, шыртылдақтар және т.б.), кесте, аппликация. Кестелеу екі түрге бөлінеді: халықтық нақышта және алтын әрі күміс жіппен. Кестелеу әдісі, сурет тақырыбы бұйым үлгісімен шартталған. Жеңіл маталардан тігілген бұйымдарда сәндік әрлеу ретінде конструкциялық шешімдер де, жапсырма бөлшектер де пайдаланылуы мүмкін (қымтаулы тігістер, бедерлер, бүрмелер, перделеу, желбіршектер, желбіреуіштер, т.б. алуын түрлері). Гүлдер, әшекейлер, жылтырлар да әрлей алады.



13.1 сурет. Ересектердің ескірген шалбарының бөлшектерін балалар үшүн жаңа киі тигуге қолдану мысалдары

Соңғы кездері бұйым бөлшектерін теріден, күдеріден жасап, ал бөлшектер сұлбаларын терімен әрлеу бастады. Әрлеу материалдары тозған жерлер мен бөлшектерді айырбастау және жасыру үшін пайдаланылады, бұл жаңа пішінді ээге пропорциялы бұйым алуға әрі оны жаңадан қабылдауға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сәннен шығып қалған бұйымға қосымша жаңа материал тозған жерлерді жасыруға ғана емес, оның мөлшерін өзгертуге, бұйымға заманауи түр беруге де мүмкіндік береді. Жаңа материал жең бүкпесі, жағалар, иініштер, хлястиктер және т.б. үшін қолданылады. Киімді жөндеу және жаңарту кезінде тігістерге әдіпті барынша азайтуды көздеуге жол беріледі. Бүйір және иық тігістері, жеңдерді қондыру тігістері ені 0,7 см болуы мүмкін, көмкерме әдіп, өңірасты, астыңғы жаға бөліктерін қайып тігу тігістері — 0,5 см. Бұйым астын енін 5...6 см көмкерме әдіппен және жеңдер астын ені 3,5...4,5 см көмкерме әдіппен өндеуге жол беріледі. Бұйым астындағы көмкерме әдіптің ең төмен ені 3,5.4,5 см, жеңдер асты — 3,5 см.

Бөлшектердің тозған телімдерін кесінділер жеткілікті берік болатындай қияды.

Алты бөлікті төменгі жағаны тігістердің көлденең және қиғаш орналасуымен пішуге жол беріледі; жоғарғы жағаны екі бөліктен; жеңнің астыңғы жартысын екі бөліктен; бұйым астының көмкерме әдібін төрт бөліктен; жеңдер асты мен шалбар астының көмкерме әдібін екі бөліктен. Жібек матадан тігілген астарда жеңнің төменгі жартысының үстіне және астына, жеңнің үстіңгі жартысының астына үлестік жалғамалар салуға, астынан кем дегенде 10 см аралықта жеңдер астарына көлденең жалғамалар салуға жол беріледі.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Киімді жөндеуге және жаңартуға қандай жұмыс түрлері жатады?
2. Жөндеу дегеніміз не және бұйымның қандай жерлері жөнделеді?
3. Ұсақ жөндеуде қандай жұмыстар орындалады?
4. Орташа жөндеуде қандай жұмыстар орындалады?
5. Ірі жөндеуде қандай жұмыстар орындалады?
6. Киімді жаңарту дегеніміз не?

7. Киімді жаңартудың қандай түрлері туралы айтып бере аласыз?
8. Киімді жаңартуда әрлеуді қолдану туралы айтып беріңіз.

ТІГІН БҰЙЫМДАРЫНА ҚАТЫСТЫ КОНСТРУКТОРЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА

14.1. МАҚСАТЫ МЕН ҚҰРАМЫ

Жаңа үлгіге қатысты конструкторлық құжаттаманы бұйымды өндірісте шығару үшін жасайды. Сапалы түрде жасалған конструкторлық құжаттама берілген үлгіге сәйкес қосымша қиындықтарсыз дайын бұйымды алуға мүмкіндік береді. Конструкторлық құжаттама мыналардан тұрады:

- үлгіге қатысты техникалық сипаттама;
- сызба үлгісінің жиынтығы (негізгі, өндірістік және қосымша сызба үлгілер);
- сызба үлгінің жайылмасы.

Қажет болған жағдайда қосымша құжаттама дайындалады.

14.2 ҮЛГІГЕ ҚАТЫСТЫ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Үлгіге қатысты техникалық сипаттама мыналардан тұрады:

- үлгі эскизі, үлгінің сыртқы көрінісінің сипаттамасы;
- үлгіге қатысты конфекциялық карта;
- бұйымның дайын күйіндегі өлшеу кестесі.

Үлгі эскизі үлгінің суреттемесін түсіндіреді. Қажет болған жағдайда ақ қағазға үлгіні сәндеуге қатысты бөлшектерді толығымен суреттейді.

Үлгінің сыртқы көрінісін сипаттау мына ретпен жазба түрінде іске асырылады:

- үлгінің атауы, егер үлгі екі немесе одан да көп бұйымдардан тұратын болса, оның құрамы, үлгінің тағайындамасы, материал түрі; үлгінің сұлбасы мен пішімі;
- алдыңғы бөлігін сипаттау (бұйымның алдыңғы бойы), мүшелеудің, қымтаулы тігістің, қалтаның, сәндеу элементтерінің және т.б. болуы; артқы бөліктің сипаттамасы (бұйымның алдыңғы бойына ұқсас);

қолдардың сипаттамасы, оның конструкциясы, ұзындығы, қымталған тігістердің, сәндеу бөлшектерінің болуы, етекті өңдеу; жаға мен мойынның сипаттамасы;

- түймеліктің жалпы сипаттамасы, орналасқан жері, түрі, саны және ілмек пен түйме тесігінің түрі,
- астардың сипаттамасы, конструкциясы, сәндеу бөлшектері, бұйыммен байланыстыру әдісі;
- егер қажет болса, конструкция бөлшектерін бір-біріне қосқан кезде материалдың суретінің бір-бірімен тура келуі немесе келмеуіне орай қосымша талаптарды мазмұндау;
- бұйымның әшекейінің сипаттамасы, сонымен қатар фурнитураның, әшекей қатарлардың болуы және түрі (әшекей инелерінің номері мен түсі);
- ұсынылатын өлшем мен бой ұзындығының көрсетілуі.

Егер үлгі бірнеше бұйымнан тұратын болса, онда әр бұйым сипатталады.

Конфекциялық картада ұсынылатын жоғарғы бөліктің материалы, астар, қолданбалы материал, олардың құрамы көрсетілуі мүмкін және материалдар үлгісі берілген. Сонымен қатар аталған үлгіге арналған фурнитура көрсетілуі керек, оның саны, бұйымды жасауға арналған иненің құрамы мен номері көрсетілуі тиіс. Жоғарғы бөлік пен астардың өте сирек кездесетін материалдарында, сонымен қатар қолданбалы материалдар үшін дымқыл-жылу өңдеу режимін қолданады.

Бұйымды дайын күйінде өлшеу кестесінде (өлшем кестесі) бұйымның өлшеу орындарын, үлгі жасалатын өлшем мен бой ұзындығына қатысты өлшем мәндерін сантиметр арқылы көрсетеді.


Бұйымды жекелеген дене бітіміне арнап жасаған кезде тігінханада техникалық сипаттама қоса жасалады (техникалық құжаттама), бірақ ол басқа түрде болады (толық техникалық құжаттама туралы 12-тарауда айтылды).

14.3. СЫЗБАҮЛГІНІ ДАЙЫНДАУ

Егер бұйымның конструкциялық сызбасын конструкцияның негізгі бөлшектерінің контуры арқылы үлгілік ерекшеліктерін ескере отырып қаса, онда технологиялық өңдеу жұмыстарын материалдың өзінде іске асыру арқылы бұйымды сызба үлгісінің пішуге болады.

Мұны бөлшектердің қарапайым дұрыс геометриялық конструкциясы арқылы (мысалы, «жартылай күн», «күн» үлгісіндегі белдемше) немесе тәжірибесі аса мол пішуші арқылы жүзеге асыруға болады. Көбінесе бұйымның конструкциясының сызбасында бөлшектердің контурлары қиылысады немесе бір-бірінің үстіне орналасқан болады, бұйымды пішу үшін сызба үлгінің конструкциялық бөлшектерін алдын-ала жасап алу керек болады (кейде оларды шаблондар деп атайды).

Сызба үлгіні жасауға кіріспес бұрын кез-келген бұйымның конструкция сызбасында бұйымдар байланысу шегінде конфигурациядағыдай және аумақтардың бірігу сызықтары бойымен бірігетіндігін тексереді. Бөлшектердің бірігу сызықтарының бойлық ұзындықтарын дәлдігі 1 мм-ге дейін болатын металл сызғыш арқылы өлшейді.



Сурет 14.1. Конструкция сызбасын құрастырғаннан кейінгі конструкциялық сызықтардың бірігуін тексеру

Бөлшектердің бірігу сызықтарының бойымен дұрыс біріккендігін тексеру сызбадан көшіріліп аса нақтылықпен кесіп алынған артқы бөліктің бөлшектері мен кеспе (егер ол бар болса) арқылы іске асырылады.

Иық сызығы бойынша артқы бөлік пен бұйымның алдыңғы бөлігін қосқаннан соң, мойын сызығы мен жең ойындысының сызық бойымен біріккендігін тексереді (14.1, а сурет).

Бұйымның артқы және алдыңғы бөлігін, етек және кесінділерді олардың бірігу сызығы бойынша етек сызығынан 4...6 см аралықта біріктіріп, олардың сызықтарының біріккендігін тексереді (14.1, б сурет).

Бұйымның артқы бөлігі немесе төменгі бөлігі тұтас пішілген болса, мойын сызықтары мен етек сызықтарының біріккендігін тексереді (14.1, в сурет).

Артқы бөлікті, төменгі бөлікті, кесінділерді сызық бойымен жең ойындысына 2.4 см аралықта қосқаннан соң, осы тігістердің біріккендігін тексереді (14.1, г сурет).

Бөлшектерді байланыстыру сызықтарының сәйкестігін (артқы бөліктің және алдыңғы бөліктің шеткі сызықтары, артқы бөлік және кесінділер, алдыңғы бөлік пен кесінділердің қосындысы, қос тігісті қолдардың алдыңғы сызбалы сызықтары, шалбарлардың қадамдық және шеткі сызықтары секілді және т.б.) бір сызықты екінші сызықтың (көбінесе оның көшірмесін) үстіне қою арқылы тексереді, бұл кезде қосылатын сызықтардың конфигурациясына орай олар толық (14.1, д сурет) немесе бөлшекті түрде (14.1, е сурет) бір-біріне тура келуі мүмкін.

Осыған ұқсас түрде алдыңғы бөліктің, артқы бөліктің, егер қол бірнеше бөліктен тұратын болса қолдардың барлық бөліктерін тексеріп шығады.

Қажет болған жағдайда конструкциялық сызықтар жөнделеді.

Сызба үлгінің екі түрін қарастыруға болады — негізгі және туынды.

Негізгі сызба үлгі тағайындамаға байланысты түпнұсқалық сызба үлгі және эталонды сызба үлгі және жұмысшы сызба үлгісі деп бөліп қарастырылады.

Түпнұсқалық-сызба үлгі негізгі бір негізгі бір өлшемге қатысты (базистік) нақты жасалған үлгінің нақты моделіне сәйкес келеді. Оларды бөлшектер конструкциясын сызбадан көшіріп алу арқылы және әр бөлшекке технологиялық әдіптерді қоса отырып алады. Технологиялық әдіпке мыналар жатады:

- тігіс конструкциясына байланысты болатын тігіс әдібі;
- модельде жиек болса, жиектің әдіптелуі;
- егер бөлшек қалың көп қабатты айналдыратын болса, айналдыруға қатысты әдіптелу;
- сетінегіштікке қатысты әдіптеу (жылдам сетінейтін материалдар үшін);
- дымқыл-жылулық өңдеу кезінде қысқаруға қатысты әдіптеу, егер оны конструкция өлшемінде ескермеген болса;
- өлшемі бөлшекті кесу мен материалдың түріне байланысты болатын қайыруға қатысты әдіптеу;
- егер бұйымды жасау процесінде бөлшектер кесіндісін анықтау керек болса, кесуге қатысты әдіптеу;
- қажет болған жағдайда бұйымды қысқартуға қатысты әдіптеу.

Эталон-сызба үлгісі негізгі сызба үлгіден берілген модельдің бойлық ұзындығы мен өлшемдеріне қатысты грациялау арқылы алады. Оларды эталон-сызба үлгісін жасау үшін және жұмысшы сызба үлгілерді тексеру үшін қолданады.

Жұмысшы сызба үлгілер эталон-сызба үлгісі арқылы жасалады, олар тікелей өндіріске арналған: сызба үлгінің жайылымы және оны материал бетіне суреттеу, материалдар үшін трафареттер жасау, жиектердің сапасын анықтау.

Негізгі сызба үлгісіне негізгі материалдардан (немесе, басқаша айтсақ, жоғарғы бөлік материалы) жасалатын конструкция бөлшектерінің мынадай сызба үлгілері жатады: аркалық, бұйымның алдыңғы бойы, қолдар (немесе оның бөлігі), шалбардың алдыңғы және артқы бөлшектері, белдемшенің алдыңғы және артқы ені (немесе тақияның) және т.б.

Бұйымды жеке тапсырыс бойынша базалық конструкцияның сызба үлгісін пайдалану арқылы жасаса, бұл сызба үлгілер технологиялық әдіптеулерсіз жасалады. Модельдің түрлілігі мен тапсырыс берушінің дене бітіміне қарай нақтылау жұмыстарынан кейін немесе бұйымды жайған кезде, немесе нақты адамға арналған модель сызба үлгісін дайындаған кезде әдіптеуді қосады.

3 қосымшада (П.3.2 және П.3.3. кестеде) жоғарғы бөлік киімдерін бұйымды жеке тапсырыс бойынша пішкен кезде қысқарту мен тігіске қатысты әдіптеудің мағынасы көрсетілген. Базалық конструкцияның сызба үлгілеріндегі әдіптеу технологиясын жартылай өнімді пішулер үшін сызба үлгісін дайындаған кезде қолданады.

Туынды сызба үлгісі — бұл негізгі сызба үлгі базасы бойынша алынатын сызба үлгі. Оған жоғарғы бөлік материалынан жасалатын (өңір қайырмасы, жоғарғы жаға, қалта, гульфик және шалбар шеті, белдемше мен шалбардың белі, шалбар мен белдемшенің шеткі түймелігі және т.б.), астар мен аралық материалынан жасалатын барлық бөлшектердің сызба үлгілері жатады.

Бұйымды дайындау кезіндегі технологиялық процесте сызбаның тағы бір түрі керек болады — қосымша шаблондар.

Қосымша сызба үлгілер немесе шаблондар қалталардың орналасуын белгілеу үшін, түрлі майда бөлшектердің орнын (тізелік, қақпақша және т.б.), ілмектердің, түймені тігу орнын, дымқыл-жылулық өңдеуден кейін бөлшектерді анықтау кезінде сызықтармен кесу орнын белгілеу үшін қолданылады.

3 қосымшада технологиялық әдіптеу, негізгі, туынды және бірнеше түрлі қосымша сызба үлгілердің құрастырылу сызбасы, ер адамның костюмі негізінде туынды сызбы үлгісін жасау үшін керек болатын сипатталар берілген.

Ер адамның киімінде майда бөлшектер аз қолданылады және әйелдер киіміне қарағанда нақты модель негізінде жасалады.

Әсіресе бұл ер адамның классикалық костюміне қатысты. Бұрындары, әсіресе өнеркәсіптік өндірісте ер адамдар костюмінің жоғарғы пенжектің қалтасы, шалбар мен пенжектің шеттері, шалбардың артқы

бөлігі секілді майда бөлшектерінің формасы мен өлшемінің түрлілігі не қатысты бөлшектердің типизациясы іске асырылды. Сонымен қатар, уақыт өте келе осы бөлшектерге қатысты бірегейлендіру іске асырылды, оның нәтижесінде өлшемі мен формасы бойынша бір тағайындамадағы бөлшектер топтастырылды. 3 қосымшада ер адамдар костюмінің бірегейлендірілген бөлшектері көрсетілген.

Механизация мен автоматизация деңгейі аса жоғары өнеркәсіптік өндірістерде бұйымдарды жасауда тек майда бөлшектерді емес, сондай-ақ бұйымның негізгі бөлшектерін де — алдыңғы бойы, арқалық, қолдарын да бірегейлендіреді.

Сызба үлгіні жұқа картон қағаздан жасайды (қалыңдығы 0,2...1,62 мм). Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60.65% болған кезде картонның ылғалдылық пайызы 8 %-дан аспауы керек.

Әр сызба үлгісінде көрсетіледі:

- оның атауы (негізгі немесе эталон);
 - бұйымның атауы;
 - модел номері;
 - сызба үлгінің тағайындамасы (жоғарғы бөлік, астар, аралық);
 - бөлшектің атауы (алдыңғы бойлық, арқылық және т.б.) немесе олардың коды;
 - өлшемі мен бойы (немесе өлшем және бой); бөлшектер саны.
- әр сызба үлгіге жүргізеді:

матаның үлестік бағытының сызығы (негіз инесінің бағыты); рұқсат етілген үлестік бағыттан ауытқу сызығы;

- рұқсат етілген жалғау сызықтары.

Топтаманың бір сызба үлгісіне сызба үлгінің спецификациясын жазады (көбіне арқалықтың жоғарғы жақ сызба үлгісіне).

Спецификация — топтамаға кіретін барлық сызба үлгілердің атауы, олардың саны және жиек бөлшектерінің саны көрсетілген кесте.

Бұйымның бөлшектерінің дұрыс біріккендігін қамтамасыз ету үшін дайындау кезінде сызба үлгінің кесінділеріне бақылау белгілерін қояды (кертілме). Байланыс сызықтары қаншалықты қиын болса, кертілмені де соншалықты көп етіп қояды.

Негізгі -сызба үлгіде және эталон-сызба үлгісінде негізгі конструкция аумағын өлшеу сызықтарын сызады. Жұмысшы сызба үлгілерді эталон-сызба үлгілер бойынша айына бір рет, эталон-сызба үлгілерін — кварталына бір рет тексерістен өткізіп отырады.

14.4. СЫЗБАҮЛГІ ЖАЙЫЛМАСЫ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚҰЖАТТАМА

Конструкциялық құжаттамада сызба үлгінің жайылмасы ұсынылған өлшем мен бой бойынша тәжірибелік жайылма сызбасымен немесе материал шығынын көрсету арқылы өндірістегі келесі шығарылым үшін өнеркәсіптік жайылма сызбасымен көрсетілген.

Қажет болған жағдайда кәсіпорын қосымша мәліметтерді ұсынады: дайындау технологиясының ерекшеліктерінің қысқаша сипаттамасы, жиынтық түйіндер сызбасын өңдеу әдісінің иллюстрациясы, бұйымды дайындаудың монтаждық сызбасы, бұйым бөлшектерінің сызба үлгісінің аумағы.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Бұйымға қатысты конструкциялық құжаттаманы не үшін жасайды және ол қандай құжаттардан тұрады?
2. Модельге қатысты техникалық сипаттама туралы не білесіз?
3. Сызба үлгі не үшін жасалады?
4. Сызба үлгінің қандай түрлері бар?
5. Технологиялық әдіптеуге әдіптеудің қандай түрлері жатады?

6. Туынды сызба үлгілерге қандай сызба үлгілер жатқызылады және олар не үшін ең үлкен сызба үлгі тобы деп есептеледі?
7. Жеке тапсырыс бойынша бұйымды дайындағандағы базалық конструкция сызба үлгісінің қандай ерекшеліктері бар?
8. Сызба үлгіде не көрсетілуі керек?
9. Сызба үлгі жайылымы мен қосымша құжаттама туралы не білесіз?

СЫЗБАҮЛГІЛЕР ГРАДАЦИЯСЫ


Үлгілеуші ұйымдар мен жекелеген суретші-үлгілеушілер белгілі бір жас ерекшелік топтары мен өлшемдер мен бойлардың белгілі бір тобы үшін өз үлгілерін дайындайды. Конструктор бұйым конструкциясын және сәйкесінше бір өлшем мен бойға сызбаүлгілер жиынтығын дайындайды. Аталмыш үлгі үшін суретші-үлгілеуші ұсынған барлық мөлшерлер мен бойларға арналған бұйымдар үшін сызбаүлгілер жиынтығын сызбаүлгілер градациясы көмегімен алуға болады.

Сызбаүлгілер градациясының үш тәсілі белгілі: топтасу тәсілі, сәулелік және пропорционалды-есептік.

Сызбаүлгілер градациясының 1 тәсілі. Бұл тәсіл кезінде бөлшектер сызбаүлгілерінің екі жиынтығын әзірлейді (көбінесе орта және шеткі өлшемдер үшін) және бір аттас бөлшектер сызбаүлгілерін юер немесе екі желі бойынша қиыстырады. Осыдан кейін бір аттас конструкциялық нүктелерді біріктіріп, алынған кесінділерді аралық өлшемдер санына бөледі. Осылайша аралық өлшемдердің конструкциялық нүктелерін, сондай-ақ өлшемнен өлшемге өсімді алады. Тиісті нүктелерді қосып, аралық мөлшерлер сызбаүлгілері сұлбасын алады (15.1 сурет, а). бұл тәсілді көбінесе күрделі үлгілер киімдері бөлшектерінің сызбаүлгілері үшін пайдаланады.

Сызбаүлгілер градациясының 2 тәсілі. Екінші тәсіл фокус деп аталатын конструкцияның белгілі бір нүктесінен (кейде конструкциядан тыс нүктелерде де) негізгі конструкциялық нүктелер арқылы сәуле-сызықтар жүргізуде болып отыр (15.1 сурет, б). Осы сәулелерде бастапқы бөлшек сұлбасынан өсімдерді қалдырады және жаңа нүктелер бойынша қажет мөлшердегі бөлшектер сұлбаларын сызады. Көбінесе сәулелік тәсілді бас киім бөлшектері сызбаүлгісі градациясы кезінде қолданады, себебі бұл тәсіл пішіні жағынан дұрыс геометриялық пішіндерге жақын келетін бұйымдар бөлшектері үшін біршама нақты.

Сызбаүлгілер градациясының 3 тәсілі. Үшінші тәсіл тігін өнеркәсібінде кең таралған. Ол мынада болып отыр. Әрбір бөлшек үшін оның конструкциясына қарай негізгі вертикаль және горизонталь сызықтар таңдалады. Бөлшектің барлық конструкциялық нүктелері белгілі бір өлшем-өсімдерге негізгі нүктелерге параллель жылжытылады (15.1 сурет, в). Өсім көлемі мөлшерлік белгілер өзгеруіне байланысты. Өсімдер көлемдері есептік кестелерді жасау жолымен



15.1 сурет. Сызбаүлгілер градациясы

кейін конструкциялар сызбаларын жасау және оларды қиыстыру көмегімен есептеу деректерін тексерумен алынған. Типтік пішіндердің өлшемдік белгілері өлшем мен бойдың тұрақты (әрбір белгі үшін) өлшемге үлкеюі немесе кемуімен өзгереді. Бұйым ені мен негізгі конструкциялық телімдерді (бірінші, екінші, үшінші төс жартылай орамы, қарынның шығуы, төс, арқа және иық еңісі енін ескерумен бел мен сан жартылай орамдары) айқындайтын өлшем белгілерінің бойлық өзгермелілігі еркін қонуға үстеулермен зор емес. Сондықтан да кейбір бұйым түрлері үшін (көбіне арнайы киімдер) бойлар бойынша сызбаүлгі градациясының еңбекті көп қажет ететін процесінен бас тарту

мүмкіндігі пайда болады, бұл кәсіпорынардағы сызбаульглер санын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда сызбаульглер градациясы бойлар бойынша бел мен бұйым асты және жең сызықтарының жылжуына келтірілген.

Бағансалғыштары бар ЭЕМ пайдалану сызбаульглер градациясын жеңілдетеді.

ОТТТЗ конструкциялау әдістемесі ОТӨҒЗИ конструкциялау әдістемесіне негізделгендіктен, сызбаульглер градациясын ОТӨҒЗИ ұсыныстарына сәйкес орындайды.

4 қосымшада сызбаульглер градациясының типтік сызбалары және әйелдер, ерлер мен балалар киім негізгі бөлшектерінің конструкциялық нүктелерінің жылжуы туралы деректері бар кестелер келтірілген.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

Сызбаульглер градациясының мақсаты қандай?

Сызбаульглер градациясының қандай тәсілдерін білесіз? Олардың айырмашылығы қандай?

Қандай тәсіл пропорционалды-есептік деп аталады? Оның жақсы жақтары мен кемшіліктері неде?

Сызбаульглер градациясы процесін жетілдірудің қандай перспективаларын білесіз?

ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР

16.1. АДАМ ДЕНЕСІ. ЖАЛПЫ ҰҒЫМДАР

Адамның дене бітімі — адам денесінің сыртқы кескіні.

Типтік дене бітімі — белгілі бір халық тобының дене бітіміне жарайтын жаппай өндірілетін киімдер жасалатын стандартпен белгіленген негізгі өлшемдік сипаттамалары бар дене мүсіні.

Өлшемдік белгісі — антропометриялық нүктелер арасындағы дене учаскесінің өлшемі.

Жетекші өлшемдік белгілер — өлшемдік типологияны әзірлеу негізіне алынған және де содан тұтынушылар дайын киім іріктеп алатын адам денесінің негізгі ең маңызды өлшемдері. Олар әртүрлі жазықтықтарда орналасады да, өз арасында ең кіші және бір жазықтықта немесе қатар жазықтықтарда орналасқан тәуелді белгілермен ең үлкен байланыс дәрежесі болады. Жетекші белгілері:

ер адамдарға — бойы, кеуде мен бел айналымдары;

әйел адамдарға — бойы, кеуде мен бөксе айналымдары;

балаларға — бойы, кеуде мен бел айналымдары.

Тәуелді өлшемдік белгілер — типтік дене бітіміне егжей-тегжейлі өлшемдік сипаттама беретін өлшемдік белгілер, жетекші белгілерге байланысты есептеліп, олармен тығыз байланыста болады.

Өлшемдік типология — халықты сұралған типтер санында жаппай өндірілетін киімдермен көбінесе қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін ер адам, әйел адам, балалардың типтік дене бітімдерінің сәйкестендірілген жүйесі.

Дене пропорциясы — дененің жеке бөліктері арасында, бірінші кезекте, аяқ-қолы мен денесі арасындағы белгілі бір арақатынас.

Дене мүсіні — мойын мен бел тұсындағы омыртқа иілімімен, дене мен иық биіктігіне қатысты қолдың күйімен сипатталатын табиғи тік қалпындағы адам денесінің кескіндемесі.

Антропометриялық нүктелер — қаңқаның аса анық және оңай бекітілетін дене жаралары: кедір-бұдырлар, төмпешіктер, сүйек өсінділері, денедегі жұмсақ тіндердің шекарасы.

Антропометриялық жазықтықтар — бұл дене бітімінің өлшемдерін алатын жазықтықтар.

16.2. КИИМ. ЖАЛПЫ ҰҒЫМДАР

Киім — қоршаған әлеуметтік және табиғи ортаның өзара байланысы, адамның өмір сүруіне және тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін оның денесін жабатын (жартылай немесе толық) бұйым немесе бұйымдар жиынтығы.

Киім сұрыпталымы — анық белгілері (шикізат, өлшем, мақсатына қарай және т.б.) бойынша өзіндік топтарға біріктірілген бұйымдар.

Тұрмыстық киім — әртүрлі тұрмыстық және қоғамдық жағдайларда күнделікті киюге арналған киім.

Сыртқы киім (көйлектер, белдемшелер, пенжектер, шалбарлар, пәлтелер және т.б.) — әлеуметтік-әдептік және эстетикалық қызмет атқаратын және организмнің жылу изоляциясы ретінде қызмет атқаратын кеудетартқы бұйымдардың немесе ішкі киімнің сыртынан киілетін киім.

Кеудетартқы бұйымдар (кеудеше, сымбат, корсет және т.б.) — тікелей денеге киілетін жеке дене бөліктерін қалыптастыруға және ұстап тұруға арналған бұйымдар.

Бүтін киім — басынан киілетін алдыңғы жағында немесе арқасында үстінен астына дейін қиылған тілігі жоқ киім.

Ішкі киім (ішкіімдер, ішкөйлектер, ішкі жейделер және белдемшелер т.б.) — дене терісінің қалыпты жұмыс жасауын және жылу алмасудың реттелуін қамтамасыз ететін гигиеналық мақсатта қызмет атқаратын кеудетартқы бұйымдарға немесе тура денеге киілетін киім.

Жеке тапсырыстар бойынша киімдер — жеке пішімге сәйкес тапсырыс беруші денебітімінің өлшемдері бойынша жасалатын киім.

Жаппай өндірілген киім — стандарттық типтік дене бітіміне жаппай өнеркәсіптік өндіру шарттарында әзірленетін киім.

Иықты киім — иық белдеуіне тірелетін киім.

Бел киімі — жамбастың шұқыршығына сүйенетін жартылай немесе толықтай аяғын және тұлғаның етек жағын жабатын киім.

Өндірістік киім — өндірістік ортаның зиян әсерлерінен қорғау мақсатында қызмет атқаратын ауыл шаруашылығы мен өндірістегі әртүрлі жұмыс түрлерін орындауға арналған киім (халат, комбинезон және т.б.).

Алды ашық киім — алдыңғы жағы немесе арқасы үстінен астына дейін кесілген қарсы ілгегі бар немесе жоқ киім.

Арнаулы жұмыс киімі — жұмысшыны қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерлерінен қорғауға арналған киім.

Спорттық киім — спортпен шұғылдануға арналған киім.

Нысанды киім — иесінің өндірістік немесе мекемелік тиістілігі туралы ақпарат беретін біртұтас стилі, пішімі, түсінің бір немесе бірнеше түрінен тұратын киім (әскери қызметкер, оқушылар және тағы басқалар).

16.3. КИІМНІҢ БӨЛШЕКТЕРІ. ЖАЛПЫ ҰҒЫМДАР

Тігін бұйымының бөлшегі — тігін бұйымының бүтін немесе құрамдас бөлігі.

Алдыңғы жағы — тұтас пішілген немесе бөліктерден тұратын тігін иықты бұйымдардың алдыңғы бөлшегі.

Алдыңғы бойы — астына дейін жететін қиылған тілігі бар иықты тігін бұйымдарының алдыңғы бөлшегі.

Арқасы — тұтас пішілген немесе бөліктерден тұратын тігін иықты бұйымдардың артқы бөлшегі.

Бүйір жағы — тігін иықты бұйымның бүйірі; жекеше бөлшек немесе алдыңғы немесе арқа жағының бөлігі болып табылатын бөлшегі (қиылмаған бүйірі).

Жеңі — қолды жабатын тігін иықты бұйымдардың түйіні немесе бөлшегі.

Ескерту. Жеңнің әртүрлі ұзындығы болуы мүмкін: біртегісті, екітігісті немесе үштігісті, қондырма жең, арқасы, алдыңғы жағы, иінісі бар тұтас пішілген жең. Ол сыртқы, ішкі, артқы және (немесе) алдыңғы бөліктерден тұруы мүмкін.

Жағасы — алкым ойындысын безендіруге арналған тігін иықты бұйымдардың түйіні немесе бөлшегі.

Ескерту. Жаға екі бөліктен құралуы мүмкін: сыртқы және ішкі жаға.

Шалбардың бір жағы — тұлғаның астыңғы жағы мен аяғын жабатын тігін бел бұйымдарының сол және оң бөлшектері.

Белдемшенің ені — жарты тұлғаны және аяқты жабатын тігін бел бұйымдарының алдыңғы және (немесе) артқы бөлшектері.

Иық қондырмасы — тігін бұйымының иық жағына пішін беруге арналған қондырма.

Үстіңгі бөлшегі — бұйымның негізгі материалдан тұтас немесе бөліктерден тұратын бөлшегі.

Астар бөлшегі — бұйымның ішкі жағына бекітілген және бұйымды ішкі бет жағынан безендіруге арналған бұйымның бөлігі (бүтін немесе бөліктерден тұратын бөлігі, астарлық кездемеден жасалады).

Іштік бөлшек — үстіңгі бөлшек пен астар бөлшектер арасында орналасқан жылыту немесе тұрақты пішім беру мақсатында қызмет атқаратын арнайы материалдан жасалатын бұйым бөлігі (бүтін немесе бөліктерден тұратын).

16.4. КИІМДІ МОДЕЛДЕУ, ЖОБАЛАУ, ҚҰРАСТЫРУ. ЖАЛПЫ ҰҒЫМДАР.

Киімнің базалық конструкциясы — ылғалды жылумен өңдеу және термиялық қосарланушылықтың технологиялық әдібі мен еркіндік қосымшасы, материал пакетінің қалыңдығы есебімен киімнің белгілі түрі мен сұлбасының негізгі бөлшектерінің кескіні; бірдей белгілері бар үлгілік конструкцияны өңдеу мақсатында қызмет атқарады.

Бұйым теңгерімі — қонымдылық өлшемі, дене бітімі (алдыңғы-артқы теңгерім) мен орталық және бүйір бөліктеріндегі (бүйір теңгерімі) бұйымның алдыңғы және артқы бөліктерінің теңдігімен сипатталады.

Иықты бұйымдар теңгерімі — қонымдылық өлшемі, мойынның көлденең және тік бағыттардағы алдыңғы және арқа жағының жоғарғы нүктелерінің күйімен сипатталады.

Бел бұйымдарының теңгерімі — қонымдылық өлшемі, белден бастап бөксеге дейінгі бел бұйымдарының артқы және алдыңғы бөліктерінің орта сызық ұзындығы арасындағы айырмасымен сипатталады; адамның дене бітімінде бұйымның тепе-теңдік күйін қамтамасыз етеді.

Композиция — модельдің көркемдік шешім бірлігін көрсететін бұйымның бөлшектер мен элементтері, пішімдері мен пропорцияларының үйлесімділігі мен орналасуы.

Киімді конструкциялау — моделін жасау, құрылмасын құру, киім бөлшектерінің жайма сызбаларын есептеу және құру, дайындауға техникалық құжаттама әзірлеу.

Киім құрылымы — киімнің өзара байланысқан бөлшектерінің жиынтығы, белгілі бір пішім алу мақсатында оларды біріктіру тәсілдері.

Құрылым сызықтары — киім құрылма сызбасының салу сызығы.

Құрылма бөлшегінің сызбаүлгісі — материалды пішу үшін пайдаланылатын технологиялық әдіппен тігін бұйымының құрылма бөлшегі.

Киім құрылымының әдістемесі — белгілі принципі бойынша өңделген киім бөлшектерінің жайма сызбаларын практикалық салу әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

(Киімдегі) сән — белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір қоғамдық ортадағы киімнің стилдік белгілері мен мына немесе басқа талғамдарының өктемдігі.

Киімді моделдеу — үлгісін жасап, модельдің эскиз жобасы өңдеу.

Киім құрылымының негізі — ер, әйел және балаларға түрлі сұрыпталымдағы киім құрылмасын салу үшін бастапқы база; бұйымның негізгі бөлшектерінің графикалық кескіні бар негізгі құрылмалы кесінділерін салу жүйесіне енеді.

Киімді жобалау — киім бөлшектерінің жайма сызбалары мен есептеулерін, мата, технология және құрал-жабдық қасиеттерінің сипаттамасын, эксперименттік үлгісі мен алғышқы партиясының сызбаүлгілерін салу және грациялауды енгізетін киім құрылмасының жобасын өңдеу, модель пішімін салу.

Киім пропорциясы — киім бөліктері мен бөлшектерінің өз арасында және бұйымның тұтас ұзындығы, ені мен көлемімен ара қатынасы.

Құрылым процесі — киім құрылымын жасау мақсатында жұмыстың ретті тәртібі.

Бұйым қонымдылығы — киім өлшемдері адам денесінің пішіміне сәйкес келуін сипаттайтын адам дене бітімінде киімнің қалпы.

Киім құрылымының жүйесі — жалпы негізгі принципке бағынатын амалдарының жиынтығы; киім құрылымының теориялық негізі болып табылады.

Киім стилі — идеялық қоғамдық-тарихи мазмұнмен біріктірілген көркемді мәнерлілік құралдары мен амалдарын, бейнелі жүйесінің тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы.

Модельдің технологиялылығы — технология моделінің пішімі оның дайыдалуына сәйкестігі.

Бөлшектердің типтендірілуі — көп мөлшерлі түрлі бөлшектерді типтердің ұтымды санына қосу.

Техникалық тапсырма — өңделіп жатқан бұйымға, өңдеу сатысы мен конструкторлық құжаттама құрамына ұсынылатын техникалық-экономикалық және арнайы талаптар, бұйым сапасының негізгі бағыты мен көрсеткіштерін белгілейтін құжат. Құрылымдық кесінді формуласы — математикалық және шартты белгілер көмегімен өлшемдік белгілер, материал ерекшеліктері, дайындау технологиясы мен модельдік айрықшалығының өзара байланысының жазба формасы.

Қалып немесе көмекші сызбаүлгі — дайындау процесінде тігін бұйымының бөлшектерін қосу сызықтарын нақтылауға арналған аспап.

Бөлшектерді сәйкестендіру — бір қызметтік бағыттағы бөлшектердің өлшемдер, типтер, пішімдерін тиімді біркелікке келтіру.

16.5. ҚОСЫМШАЛАР, ҚЫМТАУЛЫ ТІГІСТЕР

Рұқсат — бұйымдар жасаған кезде талап етілетін өлшемнен техникалық нормалармен рұқсат етілген ауытқулар.

Құрылмалы қосымшалар — киімнің бағытына, сәндік бағыты мен силуэтіне байланысты физиологиялық-генетикалық талаптар, пакетінің қалыңдығы мен кеңдік қонымдылығы есебімен өлшемдік белгісін арттыратын немесе кемітетін құрылмалы кесіндінің құрамдас бөлігі; дайын бұйымның өлшеміне әсер етеді.

Еркіндік қосымшасы — динамика, сән, силуэт, киім бағытына байланысты ауа арақабаттарын, физиологиялық-генетикалық талаптарын есепке алатын қосымша.

Динамикаға қосымша — қозғалыс үстіндегі дене өзгерістерін есепке алатын қосымша.

Материал пакетінің қалыңдығына қосымша — жобаланған киім астында жатқан ішкі пакет және сыртқы, яғни, дұрыс айтқанда жобаланған киім пакет материалдарының барлық қабатының қалыңдығын есепке алатын қосымша..

Ылғалды жылумен өңдеу кезінде апшуға отырғызу — ылғалды жылумен өңдеу кезінде материал апшуына байланысты құрылымдық кесінділерінің өзгеруін есеп алатын қондырма.

Технологиялық қондырма — бөлшектерді қосу әдісін, ылғалды жылумен өңдеу қажеттілігі мен материал ерекшеліктерін есепке алатын құрылымдық кесіндінің құралама бөлігі; дайын бұйымдардың өлшемдеріне әсер етпейді.

Физиологиялық-гигиеналық қосымша — демалу еркіндігін, қан айналымын, ас қорытуын, термиялық реттеу мүмкіндігін, газ алмасуын қамтамасыз ететін және организмнің микроклиматын және оның жайлы жағдайларын жасау үшін қызмет атқаратын қосымша.

Киім құрылымы негізінің сызбасы — дененің үстіңгі және төменгі бөлігіне арналған киімнің негізгі бөлшектерінің жиынтық кескіні; құрылмалы кескіндері бар қажетті қосымшалар мен өлшемдік белгілерінің өзара байланысын анықтайды, қозғалыс үстінде өлшемдік белгілерінің динамикалық өзгеріс әсерлерін, материалдар ерекшеліктерін, технологияларын, сәндерін есепке алмайды.

Базалық киім құралымының сызбасы — ылғалды жылумен өңдеу және термиялық қосарланушылықтың техникалық қондырмалары мен материал пакетінің қалыңдығы, қозғалыс еркіндігіне қосымша тігу есебімен типтік дене бітіміне арналған белгілі бір түрдегі және силуэттегі киімнің басты бөлшектерінің кескіні. Базалық құрылым сызбасы негізінде бірдей белгілері бар модельдік құрылымдар жасалады.

АНТРОПОМЕТРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ (қысқаша түрде берілген)

Антропометриялық зерттеулер бағдарламасын сәйкес келетін өлшемдік белгілерді өлшеу схемалары П.1.1 суретте көрсетілген.

Еден үсті нүктесінің биіктігін антропометрмен өлшейді. Антропометрді тік қалыпта ұстап құру қажет. Нүктелерді өлшеген кезде өлшенушінің басы көз-құлақ көлденеңіндегі қалыпта тұруы қажет.

Төбе нүктесінің биіктігі — бойы 1 (Р). Еденнен төбе нүктесіне дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.

Бұғана нүктесінің биіктігі 3 ($B_{кт}$). Еденнен бұғана нүктесіне дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.

Мойын түбі нүктесінің биіктігі 4 ($B_{тош}$). Еденнен мойын түбі нүктесіне дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.

Иық нүктесінің биіктігі 5 ($B_{ит}$). Еденнен иық нүктесіне дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.

Емізік нүктесінің биіктігі 6 ($B_{ет}$). Әйелдер мен қыздар үшін еденнен кеуде безінің ең алдына шыққан бөлігін немесе ер адамдар мен ұлдар үшін емізік нүктесіне дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.

Бел сызығының биіктігі 7 ($B_{лт}$). Еденнен бел сызығына дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.

Тізе нүктесінің биіктігі 9 ($B_{к}$). Еденнен тізе нүктесіне дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.

Мойын нүктесінің биіктігі 10 ($B_{шт}$). Еденнен мойын нүктесіне дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.


Қолтық асты мұқырының артқы бұрышының биіктігі 11 ($B_{зу}$). Еденнен қолтық асты мұқырының артқы бұрышына дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.

Бөксе асты қатпарының биіктігі 12 ($B_{пс}$). Еденнен бөксе асты қатпарына дейінгі ара қашықтықты тігінен өлшейді.

Айналымдар, бойлық, көлденең және идоғал өлшемдік белгілер мата сөрешік сантиметрлік таспамен өлшенеді. Өлшеген кезде таспа тығыз, алайда жұмсақ тіндерді деформаламайтындай тиіп тұруы қажет.

Мойын айналымы 13 ($O_{ш}$). Таспаның астыңғы шеті артқы жағынан мойын нүктесінен өтіп, бүйірі мен алдыңғы жағынан бұғана нүктесінің төменгі шетін тигізіп, мойын түбінен жүргізеді. Таспа жарма ойығының үстінен түйістіріледі.

Кеуде айналымы бірінші 14 ($O_{г}$). Арқасынан таспа қолтық асты мұқырының артқы бұрышын жоғарғы шетіне тигізе жауырынына және қолтық асты мұқырына көлденең жүргізіледі. Алдыңғы жағынан таспа әйелдер мен қыздарда кеуде



Сур. П.1.1

бездерінің түбінен, ал ерлер мен ұлдарда орта кеуде нүктесінің деңгейінде жүргізіліп, кеуденің оң жағында түйістіріледі.

Кеуде айналымы екінші 15 ($O_{гп}$). Арқасынан таспа қиғаш қима жазықтығында қолтық асты мұқыры және жоғарғы шетін қолтық асты мұқырының артқы бұрышына тигізе жауырыны бойынша көлденең жүргізіледі. Алдыңғы жағынан таспа әйелдер мен қыздарда кеуде бездерінің ең шыққан нүктесі арқылы, ал ерлер мен ұлдарда еміздік нүктелер бойынша жүргізіліп, кеуденің оң жағында түйістіріледі.

Кеуде айналымы үшінші 16 ($O_{гш}$). Таспа кеуде безінің ең шыққан нүктесі арқылы әйелдер мен қыздар тұлғасы, ал еміздік нүктелер арқылы ерлер тұлғасының айналасынан көлденең өтеді. Таспа кеуденің оң жағында түйістіріледі.

Кеуде айналымы төртінші 17 ($O_{гив}$). Әйел адамдарда ғана өлшенеді. Таспа тікелей кеуде бездерінің түбінен дене айналысынан көлденең өтеді де кеуденің оң жағынан түйістіріледі.

Бел айналымы 18 ($O_т$). Таспа бел сызығының деңгейінде тұлға айналысынан көлденең өтеді.

Қарын шығыңқылығы есебімен бөксе айналымы 19 ($O_б$). Таспа қарын шығыңқылығын есепке ала қарынға тігінен қоя отырып, алдынан иілгіш пластина арқылы, ал артқы жағынан жамбас нүктелері арқылы дене айналымынан көлденең өтеді де дененің оң жағынан түйістіріледі.

Қарын шығыңқылығын есеп алмағандағы бөксе айналымы 20 ($O_ы$). Таспа жамбас нүктелері арқылы дене айналасынан көлденең өтеді де дененің оң жағынан түйістіріледі.

Бөксе айналымы 21 ($O_{бел}$). Таспа жамбас қатпарына үстіңгі шетін тигізе бөксе айналасынан өтеді.

Тізе айналымы 22 ($O_к$). Таспа тізе нүктесінің деңгейінде аяқтың айналасынан көлденең өтеді.

Балтырының айналымы 23 ($Oи$). Таспа аяқ-балтыр бұлшық етінің тұсындағы аяқтың ең үлкен айналымының деңгейіндегі аяқ айналасынан көлденең өтеді.

Тобық айналымы 24 ($O_ш$). Таспа тікелей ішкі жіліншік үсті арқылы аяқ айналасынан көлденең өтеді.

Бүйір жағындағы бел сызығынан еденге дейінгі арақашықтық 25 ($D_{сб}$). Бөксеңің бүйір жазықтығы арқылы бел сызығының биіктік нүктесінен бастап бөксеңің ең шыққан нүктесі және ары қарай тігінен еденге дейінгі арақашықтығын өлшейді.

Алдыңғы жағындағы бел сызығынан еденге дейінгі арақашықтық 26 ($D_{сп}$). Қарынның ең шыққан нүктесі арқылы бел сызығының биіктік нүктесінен бастап қарынның ең шыққан нүктесі және ары қарай тігінен еденге дейінгі арақашықтығын өлшейді.

Ішкі бетіндегі аяқтың ұзындығы 27 ($D_и$). Сәл аяқты ашқан кезде ішкі бетіндегі аяқтың бұтынан бастап еденге дейінгі арақашықтығын өлшейді.

Иық айналымы 28 ($O_и$). Иық осыне перпендикуляр өлшенеді. Таспаның үстіңгі шеті қолтық асты мұқырының артқы бұрышына тиеді. Таспа қолдың сыртқы бетіне түйістіріледі.

Білек айналымы 29 ($O_{зап}$). Шынтақ сүйегінің басы арқылы білек буынынан білек осыне перпендикуляр өлшенеді. Таспа қолдың сыртқы бетіне түйістіріледі.

Қол ұшының айналымы 30 ($O_{кис}$). Бірінші саусақтың білек-саусақ сүйектерінің буыны арқылы білек осыне перпендикуляр өлшенеді. Бірінші саусақ екіншісіне қарсы қойылған және одан 30 — 35° бұрышқа қойылған. Таспа қолдың сыртқы бетіне түйістіріледі.

Иық сырғытқысының ені 31 ($Ш_и$). Иық сырғытқысының ортасынан иық нүктесіне дейінгі мойын түбінің нүктесінен өлшенеді.

Кеуде биіктігі 35 ($B_г$). Мойын түбінің нүктесі арқылы өтетін мойын нүктесінен бастап әйелдер мен қыздарда кеуде бездерінің көбінесе шыққан нүктесіне дейін, ал ерлер мен ұлдарда еміздік нүктеге дейін өлшейді.

Алдыңғы жағындағы бел ұзындығы 36 ($D_{тп}$). Измеряют от шейной точки через точку основания шеи, наиболее выступающую точку грудной железы у женщин и девочек и сосковую точку у мужчин и мальчиков и далее параллельно средней линии до линии талии. Размерные признаки 35 и 36 измеряют одновременно.

Иық буынының жоғарғы нүктесіндегі доғалы 38 ($D_и$). Иық буынының ең жоғары нүктесі арқылы өтетін қолтық асты мұқырының артқы бұрышының деңгейінен бастап қолтық асты мұқырының алдыңғы бұрышы астындағы артқы бұрышына дейінгі тік жазықтарды өлшейді.

Мойын нүктесінен бастап жауырынның шыққан жері есебімен бірінші және екінші кеуде айналымының сызығына дейінгі арақашықтық (ойықтың биіктігі артынан) 39 ($B_{прз}$). Мойын нүктесінен бастап иілгіш пластинаның үстіңгі шетіне дейін өлшейді. Пластина үстіңгі шетімен бірінші және екінші кеуде айналымының сызығын жауырынында бекітетін таңбаның үстіңгі шетіне тиіп тұруы қажет. (суретте көрсетілмеген).

Жауырынның шыққан жерлері есебімен белге дейінгі арқаның ұзындығы 40 ($D_{тс}$). Бел нүктесінен бастап жауырынның ең шыққан нүктесіне салынған ені 2 см дейінгі жіңішке пластинасы арқылы омыртқаға көлденең мойын нүктесіне дейінгі арақашықтықты өлшейді.

Иықтың биікті қиғаш 41 ($B_{ик}$). Омыртқа мен белдің кесілген сызықтарының нүктесінен бастап иық нүктесіне дейінгі қысқа арақашықтықты өлшейді. 40 және 41 өлшемдік белгілер бір уақытта өлшенеді.

Қиғаш иық биіктігі алдынан 60 ($B_{\text{пкл}}$). Ерлер мен ұлдарға иық нүктесінен бастап алдыңғы орта сызығы бар бел сызығының кесілген нүктесіне дейінгі қысқа арақашықтық ретінде ғана өлшенеді. (суретте көрсетілмеген).

Бел сызығынан бастап мойы тұсының нүктесіне дейінгі арақашықтығы артынан 43 ($D^{\wedge}$). Таспа артқы бел сызығынан бастап мойын тұсындағы омыртқаға паралельді нүктесіне дейін өтеді.

Алдыңғы мойын тұсындағы нүктеден бел сызығына дейінгі арақашықтығы 61 ($D^{\wedge}$). Кеуде безінің ең шыққан нүктесі арқылы әйелдер мен қыздарда мойын тұсы нүктесінен, ал ерлер мен ұлдарда еміздік нүкте арқылы және әрі қарай орта сызыққа паралельді бел сызығына дейін өлшейді.

Кеуде ені 45 ($Ш_1$). Әйелдер мен қыздарда қолтық асты мұқырының алдыңғы бұрыштарын жоғары келтірілген тік сызықтар арасындағы кеуде бездерінің тұсында, ал ерлер мен ұлдарда қолтық сты шұқырларының алдыңғы бұрышының арасын өлшейді. Таспа бірінші кеуде айналымының тікелей сызығына көлденең жатады.

Еміздік нүктелер арасындағы арақашықтық 46 ($Ц_r$). Әйелдер мен қыздарға кеуде бездерінің ең шаққын нүктелері, ал ерлер мен ұлдарға еміздік нүктелер арасындағы нүктесінің арақашықтығын өлшейді.

Арқасының ені 47 ($Ш_c$). тікелей бірінші және екінші кеуде айналымының сызықтарына қолтық асты мұқырының артқы бұрыштары арасындағы жауырындарының үстінен өлшейді. Таспа көлденең жатады.

Бас айналымы 48 ($O_{\text{гол}}$). Желке бұдырларының ең шыққан нүктесі мен маңдай бұдырларының орталары арқылы өлшенеді. Сондағы таспа алдынан түйістіріледі.

Бел сызығынан бастап отыру жазықтығына дейінгі арақашықтық 49 (D_c). Бел сызығынан көлденең отыру жазықтығына дейінгі арақашықтықты бүйір жағынан өлшейді. Өлшенетін адам жазық қатты орындықта отырады.

Шынтаққа дейінгі қол ұзындығы 62 ($D_{p. \text{лок}}$). Иық нүктесінен сәуле нүктесіне дейінгі арақашықтықты өлшейді.

Білек айналымының сызығына дейінгі қол ұзындығы 68 ($D_{p. \text{зап}}$). Иық нүктесінен бастап білек айналымының сызықтарына дейінгі арақашықтығын өлшейді.

Шаптық тұстағы доғал ұзындығы 77 ($D_{\text{поб}}$). Әйелдер мен қыздарда алдыңғы бел сызығынан артқы бел сызығына дейінгі тік жазықтықта өлшенеді. Таспа жамбастың ең шыққан нүктесіне салынған ені 2 см жіңішке пластина арқылы өтуі қажет.

Диаметрлер үлкен қалың циркульмен немесе ұзартылған сызықтары бар антропометрдің үстіңгі штангасымен өлшенеді.

Иық диаметрі 53 ($d_{\text{НА}}$). Иық нүктелері арасындағы алдыңғы жақтағы арақашықтығын өлшейді.

Мойынның көлденең диаметрі 54 (d_m). Мойын түбі нүктесі арасындағы арақашықтықты өлшейді.

Қолдың алдыңғы-артқы диаметрі 57 ($d_{\text{пзр}}$). Қолтық асты мұқырының артқы бұрыштағы деңгейіне көлденең өлшенеді.

Кеуде айналымының алдыңғы-артқы диаметрі екінші 58 ($d_{\text{пзг}}$). Антропометрдің үстіңгі қарнағының бір сызығын әйел мен қыздарға кеуде бездерінің көбінесе шыққан нүктесіне, ерлер мен ұлдарға еміздік нүктесіне, ал басқасын – бірінші және екінші кеуде айналымының деңгейіндегі екі жауырынына салады.

Белдің алдыңғы-артқы диаметрі 111 ($d_{\text{пзг}}$). Көлденең жазықтықта өлшейді. Антропометрдің үстіңгі қарнағының бір сызығын бел айналымы деңгейіндегі дененің алдыңғы қабырғасына, ал екіншісін – арқаның бойлық бұлшық етіне салады.

Бір белгінің шамасын екіншісінің шамасынан алу арқылы кейбір өлшеулер алынады.

Қолының тік диаметрі 69 ($d^{\wedge}$). 11Өлшемдік белгісінің шамасынан 5 өлшемдік белгісінің шамасын алу арқылы анықталады.

Иығының биіктігі 72 ($B_{\text{п}}$). 5Өлшемдік белгісінің шамасынан 10 өлшемдік белгісінің шамасынан алу арқылы анықталады. (П.1.1-суретте көрсетілмеген).

Басының биіктігі 73 ($B_{\text{гол}}$). 10Өлшемдік белгісінің шамасын 1.өлшемдік белгісінің шамасынан алу арқылы анықталады.

Тереңдік екі өзара перпендикуляр сызықтармен өлшенеді.

Корпустың жай-күйі 74 ($П_k$). Мойын нүктесінен бастап екі жауырынының ең шыққан нүктелеріне тиетін тік жазықтықтарға дейінгі арақашықтығын көлденең өлшейді.

Бел тереңдігі бірінші 78 (Γ_{T1}). Ең шыққан жауырын нүктелеріне тиетін тік жазықтықтардан бастап бел сызығының деңгейінде бойлық бұлшық еттеріне көлденең тіркелген сызықтыққа дейін арақашықтығын көлденең өлшейді.

Белдің тереңдігі екінші 79 (Γ_{T11}). Жамбас нүктелеріне тиетін тік жазықтықтардан бастап бел сызығының деңгейінде арқаның бойлық бұлшық еттеріне көлденең тіркелген сызықтыққа дейін арақашықтығын көлденең өлшейді.

ТИПТІК ДЕНЕ БІТІМІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Таблица П.2.1. Классификация мужских типовых фигур														
Полнотная группа	Размерный признак	Значения размерных признаков												
Первая	Обхват груди		88	92	96	100	104	108						
	Обхват бедер		70	74	78	82	86	90						
	Рост		164	164	164	164	164	164						
			170	170	170	170	170	170						
		170	176	176	176	176	176							
			182	182	182	182	182							
			188	188	188	188	188							
Вторая	Обхват груди	┌ 84 ┐	88	92	96	100	104	108	112	116	120	124		
	Обхват бедер	└ 72 ┘	76	80	84	88	92	96	100	104	108	112		
	Рост	┌ 158 ┐	158	158	158	158	158	158	158	158	158	158		
		└ 164 ┘	164	164	164	164	164	164	164	164	164	164		
		┌ 170 ┐	170	170	170	170	170	170	170	170	170	170		
			176	176	176	176	176	176	176	176	176	176		
			182	182	182	182	182	182	182	182	182	182		
			188	188	188	188	188	188	188	188	188			
Третья	Обхват груди	┌ 84 ┐	88	92	96	100	104	106	112	116	120	124	128	
	Обхват бедер	└ 78 ┘	82	86	90	94	98	102	106	110	114	118	122	
	Рост	┌ 158 ┐	158	158	158	158	158	158	158	164	170	176	176	
		└ 164 ┘	164	164	164	164	164	164	164					
		┌ 170 ┐	170	170	170	170	170	170	170					
			176	176	176	176	176	176	176					
				182	182	182	182	182	182					
			188	188	188	188	188	188						

Төртінші	Төс орамы		98	100	104	108	112	116	120	124	
	Сан орамы		98	100	104	108	112	116	120	124	
	Бой		164	164	164	164	164	164	170	176	
			170	170	170	170	170	170			
			176	176	176	176	176	176			
			182	182	182	182	182	182			
Бесінші	Төс орамы			100	104	108	112	116	120	124	
	Сан орамы			106	110	114	118	122	126	130	
	Бой			164	164	164	164	164	170	170	
				170	170	170	170	170			170
				176	176	176	176	176			176

Ескерту. 1. Жиекке бұйым үлгісі мен конструкциясы дайыналуға тиіс типтік дене бітімдері өлшемдік белгілерінің мәндері салынған.

2. Үзік сызықты жиекке РФ жекелеген аудандары мен республикаларында пайыздық бөліну шкаалары белгіленген типтік дене бітімдері үшін өлшемдік белгілер салынған.

П.2.2 кесте. Әйелдердің типтік дене бітімі жіктелуі

Толықтық тобы	Жас ерекшелік тобы	Өлшемдік белгі	Өлшемдік белгілер мәндері						
			84	88	92	96	100	104	
Бірінші	Кіші, орта, ересек	Төс орамы III							
		Сан орамы	88	92	96	100	104	106	
		Бой		152	152	146	152	152	
			152	158	158	152	158	158	
			158	164	164	158	164	164	
				170	170	164	170	170	

Продолжение табл. П.2.2

Толықтық тобы	Жас ерекшелік тобы	Өлшемдік белгі	Өлшемдік белгілер мәндері											
		Төс орамы III								108	112	116	120	
		Сан орамы								112	116	120	124	
		Бой								152	158	158	158	
										158	164	164	164	
Екінші	Кіші, орта, ересек	Төс орамы III	84	88	92	96	100	104						
		Сан орамы	92	96	100	104	106	112						
		Бой	146	146	146	146	152	152						
			152	152	152	152	158	158						
			158	158	158	158	164	164						
	Орта, ересек	Төс орамы III								108	112	116	120	
		Сан орамы								116	120	124	128	
		Бой								1152	152	152	1521	
										158	158	158	158	
										164	164	164	164	
										170	170	170	170	

		Төс орамы III								124	128	132	136
		Сан орамы								132	136	140	144
		Бой								1152	152	152	1521
										158	158	158	158
Үшінші	Кіші, орта, ересек	Төс орамы III	84	88	92	96	100	104					
		Сан орамы	96	100	104	108	112	116					
		Бой	152	152	152	152	152	152					
	Орта, ересек	Төс орамы III								108	112	116	120
		Сан орамы								120	124	128	132
		Бой								152	152	152	152
										158	158	158	158
	Кіші, орта, ересек	Төс орамы III	84	88	92	96	100	104					
		Сан орамы	100	104	108	112	116	120					
		Бой	152	152	152	152	158	158					
Төртінші	Кіші, орта, ересек		158	158	158	158	164	164					
		Төс орамы III								108	112	116	120
		Сан орамы								124	126	132	136
